Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі

# БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ГУМАНИТАРЛЫҚ АКАДЕМИЯСЫНЫҢ ХАБАРШЫСЫ

Ғылыми журнал

# ВЕСТНИК ЗАПАДНО-КАЗАХСТАНСКОЙ ГУМАНИТАРНОЙ АКАДЕМИИ

1(26) 2014

Орал
Уральск

ББК 74.58

Г 93

Қазақстан Республикасының мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі 19.12.2000ж. №1667-Ж куәлік

Мекеме: Батыс Қазақстан гуманитарлық академиясы

Журнал 2001 жылдың сәуір айынан бастап тоқсанға бір рет шығады

**Жауапты редактор**: М.Б.Сабыр - ф.ғ.д., профессор.

**Редакция алқасы:** Жұмақаева Б.С. – х.ғ.к., профессор; Шынтемірова Б.Ғ. – т.ғ.д., профессор; Ерназаров Ж.Т. – т.ғ.к.,профессор; Құрманалин С.Б.– т.ғ.к., доцент; Абдрахманова Р.Л. – т.ғ.к., доцент; Ажығалиев М.Қ. – ф.ғ.к., доцент; Серғазиев Х.К. – ақпараттық есептеу орталығының меңгерушісі

ISBN 9965-553-26-2

БҚГА хабаршысының бұл санына Батыс Қазақстан гуманитарлық академиясы студенттерінің ғылыми ізденіс жұмыстарына қатысты материалдары топтастырылды

# МАЗМҰНЫ

## ФИЛОЛОГИЯ

**Саунешова А.** *Қазақ тіліндегі жылқы малына қатысты тұрақты сөз тіркестерінің этнолингвистикалық сипаты.........5*

**Габдулова Д.** *Қазақ және түрік тіліндегі амандасу сөз бірліктерінің формалары.............................................................8*

**Каймулдинова Ж.** *Қыпшақтану ғылыми пәнінің басты арналары...........................................................................12*

**Жұбан Б.Ж.** *Қайрат Жұмағалиевтың «Нұрлы өмір» өлеңіндегі лирикалық кейіпкер..................................................................18*

**Оразаева Б.** *Профессор М.Тілеужанов – фольклортанушы, этнограф-жидашы...................................................................24*

**Хамидуллина А.** *М.Қашқари мұрасының зерттелуі................29*

## ТАРИХ

**Нигметова А.** *Орта ғасырлардағы Қытай өнерінің дамуы.......35*

**Халиуллина Ә.Б.** *Алаштың қайраткері - Әлихан Бөкейханов..40*

**Коловертнова В.** *Демографическая ситуация в странах Центральной Азии………......................................................44*

## ПЕДАГОГИКА

**Долбня А.** *Межличностные отношения в ученической группе – основа социальной адаптации старшеклассников.............50*

**Бактыгалиева А.М.** *Толық емес отбасындағы жасөспірімдердің мінез-құлық ерекшеліктері...........................54*

**Аяпбергенова Ж.** *Аутист балаларға жүргізілетін түзету дамыту жұмыстары...............................................................60*

**Әбілқайырова А.** *Солақайлықтың физиологиялық-психологиялық ерекшеліктері...............................................................69*

**Долганов А.** *Стереотипы в ракурсе возрастного развития человека ...........................................................................73*

**Биназарова А.Ж.** *Жастардың өміріндегі келешекті болжаудың психологиялық мәні*..................................................................79
**Абуова Ш.К.** *Дарынды балаларды дамыту мен оқытуды жаңарту мәселелері* ...............................................................87
**Долганов А., Гордеева А.** *Отношение молодежи города уральска к работе психолога*.....................................................92
**Кенжина Н.** *Төлем карталарының қызметтеріне сипаттама БҚО «Цеснабанк» АҚ филиалының мәліметтері негізінде*.........................................................................................95
**Шеверов С.А., Шуругина О.В., Панфилов П.Н.** С*кандинавская ходьба, как средство воспитания ЗОЖ на уроках физической культуры в школе*…..............................:.....................................101
**Ізбасарова Ә.Б.** *Мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық әрекеттерін дидактикалық ойындар арқылы тәрбиелеу жолдары*.......................................................................................113
**Шәки Г.М.** *Бастауыш сынып оқушыларында болатын фобияның түрлері және оны жою жолдары*...........................120
**Махуова Г.** *Бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық қабілеттерін дамытудың жолдары*.......................................125
**Тукешова А.М.** *Мектепке дейінгі балалардың тілін дамытудың дамыта оқыту технологиясымен байланыстыра жүргізудің алғышарттары*.................................................................131

ФИЛОЛОГИЯ

# ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ЖЫЛҚЫ МАЛЫНА ҚАТЫСТЫ ТҰРАҚТЫ СӨЗ ТІРКЕСТЕРІНІҢ ЭТНОЛИНГВИСТИКАЛЫҚ СИПАТЫ

БҚГИУ "Қазақ тілі мен әдебиеті" мамандығының
4-курс студенті Саунешова А.
Ғылыми жетекшісі: п.ғ.к., доцент Әжіғалиев М.Қ.

Тіл – қай ұлтта, қай елде болса да қастерлі, құдіретті. Ол әрбір адамға ана сүтімен бірге еніп, қалыптасады. Тіл байлығы - әрбір елдің ұлттық мақтанышы. Тіл адам мен адамды, ұлтпен ұлтты жақындастырып,табыстыратын қарым-қатынас құралы. Біреулер қисынды әрі мәнерлі сөйлесе, біреулер түсінікті әрі орынды, енді біреулер бейнелі сөйлеуге тырысады. Қазақ тілінде бейнелі әрі әсерлі сөйлеу үшін мақал-мәтелдер,тұрақты тіркестер мен нақыл сөздер жиі қолданылады.

Қазақ жері - жылқының жаратылған жері, яғни туған бесігі. Қазақ халқының арғы ата-бабалары ежелден алғашқылардың бірі болып жылқыны қолға үйреткен, мініске жаратқан, етін тағам, сүтінен қымыз ашытқан, терісінен киім тігіп, ең аяғы сүйегінің өзін баспанасына құрылыс жабдықтары есебінде жұмсаған. Адамзат өмірінде жылқының алар орны ерекше. Жылқыны зерттеу қазақ ұлтының өзін-өзі тануына, мәдени келбетін тұлғалауға, болашаққа бағыт-бағдарын бағамдауға жол көрсетеді.Бұл зерттеулердің басында М.Қашқари ("Түбі бір түркі тілі"), Ә.Қайдар ("Халық даналығы"), ("Этнолингвистика"), Ж.Манкеева ("Қазақ тілінің заттық мәдениет лексикасы"), Р.Шойбеков ("Қазақ тілінің қолөнер лексикасы"), О.Нақысбеков ("Шу бойындағы қазақтардың тіліндегі ерекшеліктері"), Т.Өмірзақов ("Мал түгіне байланысты қалыптасқан этнографизмдер"), А.А.Амангелді ("І.Есенберлиннің “Көшпенділер” романындағы жылқыатауларының этнолингвистикалық мәні"), Ж.Д.Байтелиева ("Қазақ тіліндегі жылқы малына қатысты фразеологиялық тіркестердің этномәдени уәждемесі"), Ж.А.Коканова ("Жылқы түгінің атаулары"), ("Қазақ тіліндегі

төрт түліктің түк және тері атауларының тілдік сипаты және этномәдени мазмұны"), А.У.Тоқтабай ("Қазақ халқының дәстүрлі мәдениетіндегі жылқы феномені") секілді ғалымдар қазақ халқының жылқы малына қатысты ғылыми еңбектер жазған.

Жылқы малына қатысты зерттеуші Ж.Д.Байтелиева өзінің ғылыми еңбегінде, жылқы малына қатысты тұрақты тіркестерін талдауға алғам. Қазақ даласында жылқы малына қатысты тұрақты тіркестің мағыналық жағынан көп екені аңғаруға болады. Жылқы малының адам баласына, татулық, достық махаббатын сыйлауды көрсетеді. Сол мағынаға *жаңа туған құлындай* фразеологзмі жақсы көру, жаңа туған құлынға баланы теңеу. Жылқы дүниеге құлын әкелгенде адам баласын өздерінің балаларына жаңа туған құлындай деп еркелеткен. Бұл тұрақты тіркестердің батырлар жырында да кездеседі. Мысалы: Жаңа туған құлындай, Жылтылдаған жұлындай (Батырлар жыры) [1; 30]. Ал мына тұрақты тіркесінде құрдастары, достары мен ата-аналар арасындағы татулықты көрсетеді. *Тай-құлындай тебісу* фразеологизмі қазақ халқының құрбы-құрдастары, дос жарандарының арасындағы татулық белгісі. Мысалы: Тай-құлындай тебіскен, Бірге туып, бірге өскен (Батырлар жыры) [1; 32].

*Тарпаң тайдай қылтылдау* фразеологизмі мінезі тұрақсыз, құбылмалы адамды сипаттайды. Мысалы: *Өкпешілін қайтерсің! Тарпаң тайдай қылтылдап. Пәтуасын қайтерсің?! Тазы ит қуған қояндай, Қаққанша қабақ бұлтылдап* (Д.Бабатайұлы). Осы ат тұқымына бақылау жасау негізінде пайда болып, жылқының мінез-құлқындағы белгілер тұрақсыз, сенімсіз, жауапсыз адамның мінезіне ауыстырылған. Ал, қазақ халқының тұрмыс жағдайын, екі жақты адам арасындағы татулықты, сыйластықты білдіру мағынасында қолданылады. Ал, *ат мінгізіп, тон кигізді(шапан жапты)* фразеологизмі қазақ халқының қадірлі, сыйлы қонақтарға, құда-жекжаттарға жасайтын кәделерінің бірінің негізінде жасалған. Мәселен, құда түсу рәсімін құдалардың бір-біріне деген құрметі ретінде киіт кигізу, екі жақты құда құдағайлардың бір-біріне сыйластығы.

Бұл дәстүр бүгінгі күнге дейін сақталған [1;35 ].*Аттың жалы, түйенің (нардың, атанның) қомы (қомында)*фразеологизмі ауызекі тілде асығыс-үсігіс жасалған іс-әрекет кезіндегі қимылдың образдылығын көрсетуде қолданылады. Қазақ халқының басынан кешкен жаушыларының шабуыл жасауы, қас дұшпандарының азап шектірген оқиғалары осы жағдайда сөз етіледі. Ал, *адамжылқы мінезді* тіркесінде адамның бойындағы жағымды жақтарын сипаттайды. Мұнда адамның өзінің күшін тез, шапшаң әрекетке қабілетті адамды сөз етеді. Жылқыға тән бұл қасиетті көшпелілер жақсы зерделеп, ұғына отырып, оны ең абзал қасиет ретінде адамның бойына ауыстырады [2; 15].

*Ат кекілін (құйрығын) кесісті* фразеологизмі «кетісті, араздасты, мүлде безді» мағынасын білдіреді. Қазақтардың ежелгі ат кекілін кесісіп, бәрінің көзінше (жұрт алдында) достық, туысқандық, бейбітшілік қарым-қатынастарды бұзу салты негізінде құрылған. Қазақ батырлар арасындағы дау-дамай болған жағдайда, екі ара шешкен мәселеде келісім болса «ат тізесін қостым» десе, ал келіспей қойса «ат құйрығын кестім» деп кеткен.Мысалы: *Екеуін де бай жуанға жығып берген, бетіне дақ салған кедейлерге үлкен өкпелі бұлар, түңіле сөйледі. Сонда да олардан ат кекілін кесіп кете алатын түрі жоқ* (Ғ.Мұстафин) [2; 20].

*Аттың тағасындай*фразеологизмі ауызекі тілдеберік, мықты, төзімді адамдардың мінездерін суреттейді. Қазақ халқының бұрыннан келе жатқан сөздік мағына. Бұрынғы кезде тағаны есіктің маңдайшасына іліп, көз теймеу үшін және шаңырақ берік болу үшін ілінеді. Мысалы: Жүніс қажының қыстауы Кеңтүбектің бойындағы аттың тағасындай дөңгелек шұңқыр сайдың дәп ортасында – Аралтөбеде (Х. Есенжанов) [3; 40].

*Ат жалын тартып мінді* фразеологизмі баланың 7-12 жас аралығында ер жігіттік мінезіне және жасына байланысты пайда болған. Бұрын қазақ арасында бұл жастағы бала өздігінен атқа міне алған. Фразеологизм бүгінде ауыспалы мағынада «адам болды, ер жетті, азамат болды» деген мағынада қолданылады.Ал, *құлын-тайдай айқасу* деп бауырмал, тату-тәтті

құрбылар мен құрдастарының арасындағы бір-біріне татулығын көрсетеді. Қазақ даласында тұрған әр адамат баласы өзінің құрбы-құрдастарына, ата-аналарына, достарына, туысқандарына өте баурмашыл екенін аңғаруға болады. Мысалы: Құлын-тайдай айқасып, ойын салып, Кептерше сүйеніскен демалыс бар (Абай) [2; 22].

Қорыта айтқанда, қазақ тілінің сөздік қорындағы жылқы малына қатысты фразеологизмінің өзіндік орны мен үлес салмағы бар екендігін көрсетеді. Қазақ тіліндегі жылқы малына қатысты фразеологиялық құрылымы мен мазмұны жағынан алуан түрлі, олардың басым бөлігі халықтың тарихын, наным-сенімін, көзқарасын және т.б. бейнелей отырып, оның өткен өміріне тамырын терең жаяды.

Пайдаланған әдебиеттер:

1.Қоңыров Т. Тұрақты теңеулер сөздігі. -Алматы: Арыс, 2007. -480б. 2.Байтелиева Ж.Д.Қазақ тіліндегі жылқы малына қатысты фразеологиялық тіркестердің этномәдени уәждемесі: филол. ғыл. докт. ... дис. -Алматы, 2007. -Б.3-30. 3.Кеңесбаев І. Фразеологиялық сөздік. -Алматы: Ғылым, 1977.

## ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ТҮРІК ТІЛІНДЕГІ АМАНДАСУ СӨЗ БІРЛІКТЕРІНІҢ ФОРМАЛАРЫ

БҚИГУ студенті Габдулова Д
Ғылыми жетекші: ф.ғ.к., доцент Бекмашева А.Н.

Адам баласы белгілі бір қоғамда бірлесіп өмір сүріп, бірлесіп еңбек етеді. Қандай да болмасын қоғамның көпшілік қабылдаған әдет-ғұрып, қарым-қатынас жасау дәстүрі болады. Адамдардың бір-бірімен араласуы сол қағидаға негізделеді. Одан ауытқу өзара қалыптасқан қарым-қатынасқа қаяу түсіру мүмкін. Сондықтан әркім белгілі қоғамның бір мүшесі ретінде,

көпшілікке аян дәстүрлі қағидалар мен әдет-ғұрыптарды құрметтеп отыруға тиіс. Міне, адамдардың өзара қарым-қатынасына қатысты орныққан әдеп ережелерінің жиынтығы ғылымда «этикет» деген арнайы терминмен айтылады. Осы әдеп ережелері жиынтығының вербалды (тіл арқылы жүзеге асатын) жағы «сөз этикеті» деген арнайы атпен ерекшеленіп атала бастады.

Этикет адамдар арасында қарым-қатынаста айқын көрінеді. Қарым-қатынас жасаушылар өзінің статусымен әріптесінің статусын салыстырады. Жасаушылардың статусына жынысы, жасы, қоғамдағы орны, туыстық байланысы т.б. жатады. Әр этностың (ұлт, халық, ұлыс) қоғамдық өмірде өзіне тән қарым-қатынас жүйесі мен түрлері болады. Қазақ және түрік тілдеріндегі сөйлеу әрекетіне және осы процесстегі ұлттық-мәдени ерекшеліктерге талдау жасағанда екі тілдегі амандасу формаларын салыстыра қараудың да рөлі ерекше.

Күнделікті өмірдегі этикет амандық сұрасудан басталады. «Сәлем – сөздің анасы» деп ұғатын қазақ баласы оған үлкен мән берген. Қазақ тілі мазмұндағы алуан түрлі сөз формаларының молдығымен ерекшеленеді. Бірақ олардың жұмсалу реті мен қолданылу аясы белгілі бір нормалық заңдылықтарға бағынады.

Мәселен: «Армысыз!», «Сәлем бердік!», «Кеш жарық!», «Ассалаумағалейкум!» т.б. сөздердің талғампаздықты қажет етеді. Ол әрине кіммен сәлемдесуіңе (қатар-құрбы, жасы үлкен кісі, ұстаз бен шәкірт т.б.) байланысты. Бұл сәлемдесу үлгілерінің мағыналық, стильдік реңкі өз орайында орнын тапқанда ғана мәнді. Осылардың ішіндегі «Сәлеметсіз бе!»– сөзі үлкен-кішіге де, таныс бейтанысқа да, ұстаз бен шәкіртке де еркін қолданылатын ресми мағыналы мән иеленіп кетті. Ал ер-азаматтардың өзара кездескендегі немесе жасы кіші ер адамның үлкенмен амандасуындағы «Ассалаумағалейкум» – деп қол ұсынып, саулық сұрасуы да ұлттық этикеттің ерекше бір қырын танытады. Сондай-ақ амандасу этикетіне байланысты аз да болса региондық (өңірлік) өзгешеліктер байқалып қалады. Мәселен, Оңтүстік қазағы үшін тосындау естілетін «Сәлем бердік» сөзі мен Батыс Қазақстан қазағы үшін қалыпты амандасу үлгісі.

Мұндай ерекшеліктердің мәні мен себеп-салдарын ашу үшін салихалы салыстырулар қажет.

Жасы үлкен адамға қарап «Сәлем!» деп амандасу әдепсіздік саналады. Мұндай жағдайда амандасудың қарапайым этикеті бұзылады. Әрине, сәлемдесудің өзінен әрбір адамның болмысындағы көргенділік, сыпайылық, ізеттілік сенімді адамдық қасиеттері көрініп тұрады. Өйткені, сәлемдесу, жөн сұрасу – адамдар арасындағы сан салалы қарым-қатынасты қалыптастыратын алғашқы орны.

Сондықтан сәлем берушімен қатар сәлем алушының жауабы да осы маңызды мәнге ие. Бұл тұрғыда да халқымыздың өз дәстүр-салтындағы үлгілердің құны жоғары. Ізетпен берілген сәлемге, ілтипатпен жауап беру әрбір тәрбиелі адамның міндеті. Онан үлкеннің өресі мен кішінің ізеті танылмақ.

Мәселен, қазақ тілінде таныс-бейтаныcқа, үлкен-кішіге, ресми және бейресми жағдайда қолданыла беретін *«Сәлеметсің бе?»*, *«Сәлеметсіз бе?»*қолданысы бар. Бұл қолданыстың түрік тіліндегі формасы *«Merhaba».Merhaba (мерһаба)* араб тілінен аударғанда *жақсы, мейірімді, қайырымды* деген мағына білдіреді. Тікелей аударсақ «*Жақсысыз ба?*» деген мағынада қолданыс табады.

Адамдар арасындағы күнделікті қарым-қатынаста сан мың мәрте қайталанатын амандасу, қоштасу, рахмет айту т.б. этикеттік таңбалардың өзіндік мазмұны болады. Амандасу – қарым-қатынасқа түсетін тұлғалар арасындағы байланыстың үзілмейтінін көрсетеді.

Қол алысып амандасу – қазақ халқының көне заманнан келе жатқан салты. Әуелде мұндай белгі «қолымда каруым жоқ» деген мағына аңғарткан. Әдетте амандасушылар оң қолын ұсынады. Мұның да өзіндік себебі: оң қол – қару ұстайтын қол; жұмысқа бейім қол; қолғап шешіп амандасу да «қолымда қаруым жоқ» дегенді білдіреді. Ер адамдар қалпағын көтеріп амандасады, үйге кіргенде бас киімін қолына алып кіреді (орыс халқында). Мұндай белгінің түп төркіні-әуелде басындағы дулығасын шешіп қолына алу – бір-біріне сенім артқандықты білдіреді. Қазіргі кезде мұндай этикеттік таңбалардың бастапқы

мотивациясы көмескіленген, олар тек сыпайылықты білдіретін белгі ретінде ұғынылады.

Қол алысып амандасу, қалпағын (орамалын) алып амандасу әйелдерге тән емес. Бұлай болуы тарихи тұрғыдан түсінікті де. Өйткені әйелдер қару ұстап соғысқан жоқ, дулыға кимеген т.б. сөйлеудің, сөз саптаудың жалпыға ортақ өз тәртібі мен ережелері бар да, тыңдаудың өз тәртібі мен ережелері бар.[1.80-82]

Түрік тілінде *«Merhaba»* формасымен қатар *«Nasılsın?»* (насылсын) формасы да жиі қолданылады. *Nasıl* түрік тілінен тікелей аударғанда *Қалай? Қандай?* деген мағынаны береді. Бұл қолданыс көбіне жақын, бір-бірін жақсы танитын адамдар арасында қолданады. Қазақ тіліндегі *«Қал қалай?»* қолданысымен сәйкес келеді.

Мұсылман қауымы арасында кең тараған амандасу рәсімі *(Әссәләму әлейкум)* қазақ тілінде де, түрік тілінде де жиі қолданылады. Ер адамның сәлем бергенде айтатын бұл сөзі араб тілінен сөзбе-сөз аударғанда *«Сізге тыныштық (бейбітшілік) болсын»* деген ұғым береді. Түрік тілінде де, қазақ тілінде де амандасудың бұл түрі тек жасы үлкен ер адамдар арасында, кей кезде жасы үлкен адамдармен амандасқанда жастар арасында қолданылады. 1924 жылға дейін Түркияда кеңінен қолданылған амандасудың бұл түрі өзтүрікшіл ағым әсерінен сирек қолданыла бастады. Қазіргі Түркияда амандасудың бұл түрін тек діни сенімдегі адамдар ғана қолданады. Зиялы қауым *«Мерһаба?», «Насылсыныз?»* деп амандасады.«Ассәляму алейкум» қолданысына және оның фонетикалық өзгеріске түскен нұсқаларына қазақ тілінде де, түрік тілінде де «Уағалейкум ассалам» деп жауап береді. «Уағалейкум ассалам» араб тілінен сөзбе-сөз аударғанда «Сізге де тыныштық болсын!» деген мағына береді.[2.95-96]

Сансыз соғыс пен шапқыншылықтан күйзелген халық үшін бейбітшілік пен тыныштық асыл арман ғана емес өте қасиетті ұғым болған. Сондықтан да кездескен сәтте адамдар бір-біріне тыныштық тілей амандасып, екіншісі де сол мазмұндас жауап қайтаратын болған. Амандасудың бұл формасы мұсылман халқы арасында қолданылатын амандасу әрекетінің негізгі элементі.

Кез келген тілдің этно-мәдени белгілерін әдеби туындыдағы күнделікті қарым-қатынас пен сөйлесу процессіндегі тілдік бірліктерден іздеу қажет. Адамдардың бір-бірімен қарым-қатынасында үнемі қайталанып отыратын, тұрақты, жиі жұмсалатын іс-әрекеттер болады. Сондай іс-әрекеттердің бірі - сөз этикеті(амандасу, қоштасу, рахмет айту т. б. ).

Сонымен, сөз этикеті дегеніміз, қорыта айтқанда, адамдар арасында байланыс орнату үшін жұмсалатын, сол байланысты жалғастыра беру мақсатында қолданылатын ұлттық ерекшелігі бар стеоретипке айналған сөздер мен тұрақты сөз орамдары болып табылады.Түрік тілі сияқты қазақ тілінде де белгілі бір қарым-қатынас жағдайында арнайы, тұрақты, орнықты және дайын күйде жұмсалатын тілдік бірліктер бар екені даусыз.Сөйлеу этикетін әдеппен қолданып, мүмкіндігін аша білсек, ізгілікке нұсқап, изеттілікке бастайтын жақсы жақтарын жетілдіре берсек, адамдар арасындағы ынтымақтыққа ұйытқы болады. Жас ұрпақты адамгершілікке баулып, коллективизм рухында тәрбиелеуге септігі тиеді деп ойлаймыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:


1. Қобланова А.Қазақ сөзэтикеті. - Алматы, 2001
2. Щека Ю.В. Русско-турецкий разговорник.- Москва,1992


## ҚЫПШАҚТАНУ ҒЫЛЫМИ ПӘНІНІҢ БАСТЫ АРНАЛАРЫ


БҚИГУ «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының 4-курс студенті Каймулдинова Ж.

Ғылыми жетекші: ф.ғ.д., профессор Сабыр М.Б.


Қазақ тілі білімі мен тарихында қыпшақтардың тарихын зерттеу мәселесі тәуелсіздік жылдарында ерекше қолға алынды. Байырғы қыпшақтардың бүгінгі мұрагері қазақтар екені даусыз. Қолда бар деректерге қарағанда түркітану ғылымынан

қыпшақтану ғылымының даралана бастағанын байқаймыз. Демек қыпшақтану ғылыми пән ретінде дербес сала болып қалыптаса бастады. Қыпшақ — қазақ халқының, басқа да бірқатар түркі халықтарының негізін құраған ежелгі тайпа, орта ғасырларда Орта Азия мен Шығыс Еуропаны мекендеген аса ірі ұлыстардың бірі. Қыпшақтану — орта ғасыр қыпшақтары мен қазіргі қыпшақ тілдес халықтар туралы зерттеулердің ғылымдағы жиынтық атауы. Қыпшақтану біріншіден тарихқа сүйенеді. Жазба деректерде қыпшақтар бірінші рет б.з.б. 3 ғ-дың аяғында қытай тарихшысы Сыма Цянның еңбегінде “цюеше (кюеше)” атымен беріліп, саяси бірлестік ретінде айтылады. Онан кейін қыпшақ сөзі VIII ғасырда Білге қағанға қойылған көне түркі ескерткішінде кездеседі. Соңғы жылдары қыпшақтанушы ғалымдар Қыпшақтануға өзара туысқан 3 этносты (қыпшақ, қимақ (кимек), құман) біріктіріп зерттеуде. Көне түркі тілдерінің бір эпитафиялық (мола басына қойылған) ескерткішінде “қыбчақ” сөзі ұйғыр қағандығын (744 — 840) ұйымдастырушылардың бірі ретінде жазылып қалған [1, 12].

Екіншіден, қыпшақтану орта ғасыр жазба ескерткіштеріне арқа сүйейді. Орта ғасырдағы қыпшақ тілінде жазылған жәдігерліктердің тілдік ерекшеліктері туралы айтқанда, көне қыпшақ тілінің лексикалық қоры негізінен көне түркі, орта түркі лексикасынан бастау алып, өздері өмір сүрген аймақтағы этникалық топтардан кірме сөздерді қабылдап, дамып отырғаны ешбір дау тудырмайды. Қалай дегенде де, көне қыпшақ тілінің элементтері қазіргі қыпшақ тобына жататын қазақ, ноғай, қарақалпақ, құмық, карашай-балқар, татар, башқұрт тілдерімен етене жақын екені түркітану ғылымында тұрақталған тұжырым.

Көне түркі тайпаларының бірі – қыпшақтар жайлы алғашқы дерек VIII ғасырдың орта тұсында орнатылған Елтеміш Білге Қағанға арналған ескерткіш мәтінінде (Мойун Чур) сақталғанмен, IX-X ғасырлардағы қыпшақтар туралы ақпарат беретін жазба мұраларының кездеспеуі қыпшақтар тарихын XI ғасырдан бастауға мәзбүр етіп отыр. 744 жылы жазылған Мойун Чур ескерткіштерінде көрсетілгендей түрік-қыпшақтар тоғыз-оғыздарды елу жыл басқарса, олардың алғаш

билікке келген кезі 695 жылдарға сәйкес келеді, яғни VII ғасырдың соңында-ақ қыпшақтар көне түркі тайпаларының ішіндегі дербес те беделді ірі тайпалардың бірі болғанын көреміз. Ескерткіш тіліндегі түрк-қыпшақ этнонимдерінің оқылуында да пікір қайшылығы болды. Г.Рамстедт *түрік, қыпшақ* этнонимдерін қос сөз түрінде оқу түркі грамматикасына қайшы келмейтінін айтса, С.Г.Кляшторный: «Надписи не знают случаев слияния или отождествления в унитарном написании двух этнонимов...», - деп, *түрктер* мен *қыпшақтар* деп дербес этнонимдер түрінде оқуды дұрыс санайды [2, 38].

XI ғасырдан бастап Қыпшақ тайпаларының саяси бірлестігі (Дешті Қыпшақ) қуатты мемлекетке айналып, ортақ тіл ретінде қыпшақ тілі қызмет еткені тарихтан белгілі. Бұл жерде есте ұстайтын мәселе – «қыпшақ тілі» деген терминнің өзі монолитті жалғыз тілді білдірмейді. Дешті Қыпшаққа біріккен бірнеше тектес ру-тайпалар тілінің біршама жүйеге түскен ортақ жазба тіл ретінде қолданыста болған қыпшақ тілінің өз ішінде де диалектілік, говорлық ерекшеліктердің қамтылуы лингвоэтникалық заңдылық. Көне қыпшақ тілінің диалектілік ерекшеліктері қазіргі қыпшақ тілдерінің өзара ыдырау кезеңінде әрбір тілдің өзіндік сипатын білдіретін белгілер ретінде қалыптасты. А.Зайончковский «Араб-қыпшақ сөздігі» жайлы мақаласында XIII ғасырда *түрк, қыпшақ* этнонимдері қатар қолданылғанын, кейде бірінің орнына бірі келе беретінін айтады. VIII ғасыр ескерткіші Мойун Чур жазбасында да *түрк-қыпшақ* этнонимдерінің қатар қолданыста болуы, олардың синонимдік жұп құрап, бірінің орнына бірі айтыла беруі VII ғасырларда-ақ қалыптасқанын айғақтайды. С.М.Ақынжановтың көрсетуі бойынша, «бұл қыпшақ этнонимінің араб-парсы әдебиетінде түңғыш көрінуі». Ғылымда XI-XV ғасыр аралығындағы қыпшақ тайпалары тілінің деректерінен мәлімет беретін мол жазба ескерткіштер қоры жинақталып отыр, олардың ішінде ескі қыпшақ тілінің табиғатын терең танытатын грамматикалық, лексика-грамматикалық, лексикографиялық-грамматикалық еңбектер де бар. Орта ғасыр түркі ескерткіштерін жинау, жариялау, оқу, аудару, тілін зерттеу көш басында Г.Ю.Клапорт,

В.В.Радлов, П.М.Мелиоранский, А.Н.Самойлович тәрізді ұлы тұлғалар тұрса, кеңестік дәуірде, одан кейінгі кезеңде орта ғасыр ескерткіштерінің лингвистикалық тұрғыдан жан-жақты зерттелуі Э.Н.Наджип, А.К.Боровков, Э.Фазылов, А.М.Щербак, Ә.Құрышжанов. Б.Сағындықұлы, А.Ибатов, Ә.Керімов, Т.И.Грунин, А.Н.Гарковец сынды т.б. зерттеушілердің есімдерімен байланысты. Аталған мәселе бойынша еңбек етіп жүрген кейінгі буын өкілдерінен С.Құдасов, М.Сабыр, С.Дүйсеннің т.б. зерттеулерін атауға болады [2, 39-40].

Орта ғасыр ескерткіштерін қазіргі қазақ тілімен сабақтастыра қарастырған М.Сабыр Орта Азия, Алтын Орда және Мысыр жерінде жазылған мұраларды жеке-жеке тілдік деңгейде топтастырудың негізсіздігін көрсете отырып, өз пікірін: «Бұл кезеңдегі мұралардың тілінде оғыз, қыпшақ, ұйғыр элементтері мидай араласып жатыр және олар диалектілік белгілер ғана. Олардың лексикасындағы ортақтықтар 60-70 пайыз болса, айырмашылықтар көлемі 20, 30 пайыздан аспайды», - деп білдіреді.

Ескерткіш тілін арнайы зерттеген Ә.Құрышжанов шығарма тілі жалпы түркілік лексикадан айрықша ажыратылмайтынын, қазіргі қыпшақ тілдеріне қатысын білдіретін аналогтық тұлғалар көне түркі ескерткіштер тілінде де, қазіргі түркі тілдерінде де молынан сақталғанын көрсете отырып, «язык словаря почти сливается с общим лексическим богатсом всех (средних и новых) кыпчакских языков» деп тұжырымдайды.

Қыпшақ тіліндегі көне жазбалардың бай қоры әртүрлі мемлекеттердің кітапханаларында сақталған. Атап айтсақ, Украинада, Ресейде, Арменияда, Италияда, Голландияда, Австрияда, Польшада, Румынияда және Францияда. Қыпшақ тілінің халықаралық қатынас тілі болғандығын дәлелдеген Гарковец Александр Николаевич «Қыпшақтардың мәдени мұрасын, фольклорын зерттей келе бұл халықтың соншалықты дарынды екендігін, рухани және мәдени құндылықтарының орасан зор екендігін терең түсіндім. Фольклоры қандай бай десеңізші!?», - дейді Александр Гарковец. Ол аттай 20 жыл бойы

қыпшақтардың фольклорын алыс-жақын шетелдердің кітапханаларынан тірнектеп жинады, оларды аударды, ой елегінен өткізіп, ғылыми еңбектер жазды. Александр Гарковецтің ғылымға қосқан еңбегі Армян-Қыпшақ тарихи ескерткіштері. Ертедегі жаугершілік заманда монғол шапқыншылығынан қашқан қыпшақтар мен армяндар Қырымға және қазіргі Украина аумағына жер ауып барған. Олар Подолиядағы Каменц қаласында және Галициядағы Львов қаласында өмір сүріп, армян қарпімен жазылған қыпшақ тіліндегі тарихи ескерткіштерді қалдырып кеткен. Сол кездегі армяндар қыпшақ тілін өте жетік білген. Сол армяндарды қыпшақ тілін жоғары деңгейде меңгеруге «Жібек Жолынан» басқа не себеп болғаны белгісіз. Қыпшақ тіліндегі бұл тарихи және діни ескерткіштер күні бүгінге дейін тексерілмеген, зерттелмеген, бағаланбаған күйі жатыр. Бұл жазба ескерткіштер XII-XIII ғасырларға тиесілі. Қыпшақ тілінің халықаралық қатынас тілі болғандығын ғылыми жүзінде дәлелдеген Гарковец Александр Николаевичтің орасан зор еңбегін бағалауға тиістіміз [4, 7].

Қазіргі қыпшақ тілдері қыпшақтанудың басты арнасы. Кезінде қыпшақ бірлестігінің құрамында болған, қазір қыпшақ тобына жататын тілдерде сөйлейтін халықтардың тілі көне қыпшақ тілінің басты ерекшеліктерін сақтап қалғанымен, олардың этникалық құрылымын, этнос ретінде қалыптасу жолын тек көне қыпшақ тайпасымен байланыстыруға болмайтыны белгілі. Қыпшақ бірлестігі құрамындағы бірнеше түркі тайпаларының тілдері өзара тоғысып көне қыпшақ тілінің ортақ әдеби жазба тілін қалыптастырса, онымен қатар халықтың ауызекі сөйлеу тілі де қолданыста болғанына қыпшақ ескерткіштері тіліндегі диалектілік ерекшеліктері дәлел бола алады. Бұл қыпшақ тобындағы тілдердің негізгі стереотиптері қыпшақ бірлестігіне дейін-ақ қалыптасуы мүмкіндігін көрсетеді.

Қыпшақ тобына жататын тілдер тілдік ерекшеліктеріне, географиялық орнына, сол тілде сөйлеуші этностардың тарихи қалыптасу жолына байланысты түрліше жіктеліп келді.

А.Ремюза қыпшақ тілдерін ноғай тобы, қырғыз тобы деп екіге бөлсе, В.В.Радлов Батыс Сібір, Еділ бойы татарларының, қырғыз, қазақ, қарақалпақ, башқұрт тілдерін түркі тілдерінің батыс тобына, Қырым татарларының говорларын оңтүстік топқа жатқызады. Ф.Корш қырғыз, қарашай, қазақ, ноғай, татар, башқұрт тілдерін түркі тілдерінің солтүстік тобына бөледі.

А.Н.Самойлович қыпшақ тілін тағлы тобына, тау тобы немесе қыпшақ солтүстік-батыс тобына қырғыз, құмық, қарашай, балқар, қарайым, татар, башқұрт тілдерін, қазақ, ноғай тілдерін жатқызады.

В.А.Богородицкий қыпшақ тілдерін географиялық орнына қарай жіктеп, қазақ, қарақалпақ, қырғыз тілдерін түркі тілдерінің Орта Азия тобына; Еділ, орал бойындағы татар, башқұрт тілдерін Еділ, Орал бойындағы түркілер тілі тобына жатқызады.

М.Р.Рясанен қазақ, қарақалпақ, ноғай, қырғыз, құмық, қарашай-балқар, қарайым, татар, башқұрт, көне куман тілдерін түркі тілдерінің солтүстік-батыс тобына жатқызса, Р.Г. Ахметьянов түркі тілдеріне жасалған Н.А.Баскаковтың генеологиялық классификациясының маңыздылығын көрсете отырып, қыпшақ тобындағы тілдердің жаңа жіктемесін ұсынады.

С.Е.Маловтың түркі тілдерінің қалыптасу кезеңдеріне қатысты жасалған тарихи жіктемесінде құман, қыпшақ, половец тілдері жаңа түркі тілдеріне; башқұрт, қазақ, қарақалпақ, қырғыз, құмық, ноғай, татар тілдері ең жаңа тілдерге жатқызылады [2, 55-58].

Ежелгі қыпшақ тілінің негізгі сөздік қоры мен сөздік құрамы сақ пен ғұннан бастау алып, көптеген көне түркі тайпаларының сөздік құрамын бойына сіңіре отырып, Орта ғасырлардағы жазба дәстүрді басшылыққа алып, жеке тілдерге ыдырау дәуіріндегі экстралингвистикалық және интра-лингвистикалық құбылыстарды бастарынан өткерсе де қазіргі қыпшақ тобына жататын тілдермен фонетикалық жүйесі, лексикалық құрамы, морфологиялық құрылымы, синтаксистік қабатының лингвистикалық сабақтастығы молынан сақталған [1, 7] .

Қорыта айтқанда, қыпшақ тобындағы тілдерде сөйлеуші этностардың барлығының да көне қыпшақ тіліне белгілі бір дәрежеде қатысы бар, кейбір тілдер о бастан қыпшақтық негізде қалыптасса, енді бір тобының қыпшақтық сипаты кейін басымдыққа ие болған тілдер. Қыпшақ тілдерінде сөйлейтін барлық этностар тілінде оғыз, қарлұқ, бұлғар тілдерінің элементтерінің сақталып отыруы түркі халықтарының тілінің қалыптасуы күрделі де қайшылықты лингвоэтникалық, лингвоэволюциялық даму жолынан өткенін көрсетіп қана қоймайды, түркілік тектілден бастау алатын тарихи тамырының тереңдігін де айғақтайды.

Әдебиеттер тізімі:

1. Күркебаев К. Қазақ тілі көне қыпшақ тілінен шыққан ба? 2012.
2. Ескеева М. Көне түркі және қазіргі қыпшақ тілдерінің моносилабтық негіздері. Алматы, 2007.
3. Сабыр М. Көне қыпшақ жазба тілінің ескерткіштері. 2008. -38-58б.
4. Серікқали С. Әлемге үстемдік еткен қыпшақ тілі. //Қазақстан-Заман. 2009. №5. -13б.

## ҚАЙРАТ ЖҰМАҒЛИЕВТЫҢ «НҰРЛЫ ӨМІР» ӨЛЕҢІНДЕГІ ЛИРИКАЛЫҚ КЕЙІПКЕР

БҚИГУ «Қазақ тілі мен әдебиеті»
мамандығының 4 курс студенті Жұбан Б.Ж.
Ғылыми жетекші: ф.ғ.д., профессор А.М.Мұсаев

Әдебиет – жан дүниені, он екі мүшені, алпыс екі тамырды түгелдей жайлап, еш уақытта да көзге көрінбейтін сезім қылдары арқылы ақыл иесі – адамды өз ырқына жетелей алатын қасиетті дүние. Әдебиетте – еліміздің тарихы, оның ғасырлар қойнауында қалған сөз сандығы, солар арқылы халықтың арманы, қиялы болашақтан күтер үміті бар.

Көркем әдебиеттің сыр-сипаты өзгеше жанрының бірі – лирика. Өйткені кейіпкердің көңіл күйі, жан дүниесі көркем туындыда осы жанр арқылы ашылады. Кейіпкердің сезім тебіренісі, мұңы, қуанышы, қасіреті де лирикалық туындыда сырын ашады.

Қазақ лирикасының көш басында Ә.Тәжібаев, Қ.Бекхожин, Х.Ерғалиев, С.Мәуленов, Ә.Сәрсенбаев, М.Әлімбаев, Ғ.Қайырбеков, Ж.Молдағалиев сынды алдыңғы буын дәстүрін М.Мақатаев, С.Жиенбаев, Т.Молдағалиев, Ф.Оңғарсынова, Қ.Мырза Әлі, Қ.Жұмағалиев сияқты өзгеше бір үнмен ұлттық лирикаға жаңалық әкелген орта буын өкілдері жалғастырды. [1,47-48-б]

Ф.Оңғарсынова лирикасын зерттеуші ғалым З.Мүтиев «Фариза Оңғарсынова лирикасы» деген еңбегінде: «Лирика дегеніміз өлеңмен өрілген туынды – поэзияның туысы, басқаша айтқанда, лирика – сөз өнерінің жалпақ жұртқа мәлім бір түрі. Ендеше, лирика – поэзиялық шығармалардың шырайы бола алуы анық. Лирика – ақын шығармашылығының негізі, түпқазығы, лирика – әдебиеттің үш тегінің бірі және ежелгі жанр санатында бірегейі екендігі әлімсақтан белгілі» - [2,30-б], деген тұжырым жасайды.

«Поэзия – өнердің асыл тегі», - деп бағалаған В.Белинский шығармалар жинағында: «Лирикалық шығарма – қас қаққанша ғайып болатын ақын рухы шабытының жемісі. Егер ақынның рухы жаңа шабытқа аумай тұрып қағазға түспесе, қайырылмастай жоғалып кетпек. Бірақ лирикалық шығарманы оқып шығу үшін, бірнеше минуттан артық уақыт керек болмайтын болса, мұндай шығарма – шабыттың жемісі, нағыз лирикалық шығарма болады және біздің бүкіл жан дүниемізді тебірентіп, ұзақ уақыт әсер етеді» [3,73-б], - деп баға береді.

Кемеңгер сыншы Н.Г. Чернышевскийдің: «Ақындар - туындыларын оқи отырып, біз пасықтық пен жамандық атаулының баршасынан жиренуге, жақсылық пен әдемілік атаулының баршасының кереметтілігін сүюге үйренеміз» [4,66-67-б], - деген пікірі лириканың бағасын арттыра түседі.

Қайрат Жұмағалиев – әдебиеттің лирикалық жанрында ерекше үні мен қолтаңбасын белгілеген, қазақтың қара өлеңін тағдырына серік еткен лирик ақын. Ақын ойлары терең, көзі қиядан көргіш, қиялы ұшқыр да, тілі орамды.

Халық жазушысы Қалижан Бекхожин Қайрат Жұмағалиевтің «Көңілімнің сарасы» атты бір томдық кітабына жазған «Ұшқыр ақынның өргелең өрістері» атты алғы сөзінде: «Кейінгі кезеңдерде жұртшылыққа танылған бір топ ақындардың қатарында өз әуенімен, өз жырының гүлімен ерекше көрінген ақындардың бірі – Қайрат Жұмағалиев. Бұл ақынның тұңғыш жыр лебіздері де, кейінгі ұшқыр да әсем әуендері де маған әбден таныс» [5,3-б], - деп шығармашылығы жайында ойын білдірген екен.

Ақын лирикасы философиялық, саяси-әлеуметтік, табиғат, көңіл-күй, махаббат т.б сан алуан тақырып түрлерін қамтиды.

«Қайраттың өлеңдерінен табиғаттың аумалы-төкпелі бояуынан бастап, бүгінгі берекелі бейбіт тіршілік пен сонау қысталаң шақтағы уақыт кереғарлығын көруге болады. Қайрат отбасы, ошақ қасы тақырыбында тұсалып қалмаған шығармаларының идеялық-мазмұндық ауқымы кең ақын» [6,4-б], - деп Ибрагим Исаевтың «Өлеңнің тігіп отауын» атты мақаласында айтылғандай, ақын жырларынан өзіндік қолтаңбасы, көркемдік ерекшелігі айрықшаланып тұрады. Яғни, көркемдік нақыш пен бояудың жыр жолдарында үндесім табуы дүниені рухани тұрғыдан игеруге әсер етеді.

Академик Р.Нұрғали XX ғасырдың алпысыншы жылдарындағы қазақ поэзиясының дамуына үлес қосқан ақындардың ішінде Қайрат ақын жайында былай деп ой түйеді: «Саналы ғұмырын сыршыл да нәзік, күрделі де терең жанр – поэзияға арнаған ақынның өзіне тән мәнері бар. XX ғасырдың алпысыншы жылдарындағы поэзиямызға тән негізгі бағыт – адам атты күрделі болмыстың жан әлемі, қоғамдағы адамның орны, замана сыры мен сипаты, уақыттың өткіншілігі, сырға тұнған табиғат әлемі, достық пен махаббат сияқты қастерлі сезімдер иірімі болса, осы тақырыптар Қайраттай сезімтал да

әсерленгіш ақынның назарынан да, қаламынан да тыс қалған жоқ». [7,37-б].

Ақынның «Жарық дүние» жинағындағы «Нұрлы өмір» өлеңінде әдемі күй шертіледі. Ақын қаламымен өмірге құштарлығын дәл өз болмысында бейнелейді. Ғажайып өмірдің қуаныш-сүйінішін, қалтарыс-қиясын ақын ойлы көзімен, сезімтал жүрегімен жырлайды. Арайлап атқан таң да, мұнарта батқан күн де, шаттық көңіл де – бәрі-бәрі ақын поэзиясының тыныстаған ауасы, сабырлы толғанысы.

Өмірді өз бояуымен тану, оның сәнін бұзбай дәл осылай суреттеу ірі ақындардың ғана қолынан келмек. Оның жаны нәзік, сезімтал, сол әсемдікті тану, сүю үшін жаралған. Сондықтан да Қайрат ақынның сыршыл лирикасы, өлеңдерінің шынайы көркемдік ерекшелігі, өмір шындығын қорыта, түйе білетін ойшылдығы оның қазақ өлеңінің шеберлері қатарына қойды.

Көркемдік – өнер шығармаларының өзіндік ерекшелігі, эстетикалық сұлулығы – дүниені, болмысты, сипаттап сөйлетудегі суретшілік, бейнелілік, өрнектілік. Көркемдік келісім жоқ жерде, өнер шығармасы өмір сүрмейді. Көркемдік – өнер туындысының сапалық көрсеткіші. Көркемділіктің бастау бұлағы, қайнар көзі – ақынның өмірдегі әдемілікті көре білуі, шебер бейнелеуі, қиялының ұшқырлығы. Көріктеуіш құралдар – өлеңнің өңін кіргізетін ең ұтымды тәсіл.

З.Ахметов: «Эпитет ұғымға, нәрсеге бейнелілік, нақтылық сипат береді. Мысалы, кеш деген сөз жалпы ұғымды, тәуліктің бір кезі, уақыт мезгілін білдіреді. Ал қысқы кеш, не қоңыр кеш десек, ол көзге елестетерліктей нақтылы бейне. Көптеген эпитеттерде ұлттық бояу-бедер болады» [8,28 - б] - деген екен.

*Сүйемін сені, Нұрлы өмір!*
*Сүйемін сені, Нұрлы өмір!*
*Осынша сені сүймесем,*
*Шалқымас еді бұл көңіл.*

*Кемерден асып төгілмей,*
*Іргем қаусап сөгілмей,*

*Келемін жарық әлемде!*
*Нұрлы өмір де хақ –*
*Өлімдей!*-деген ақынның *«Сүйемін сені нұрлы өмір»* - атты өлең жолынан өмірдің нұрлы да шуақты, бақытты да қызықты сәттер мен күндерден тұратындығын, өмірдің әрбір арайлаған таңының өзі қымбат екенін осы айшықты сөз арқылы суреттеп жеткізгенін аңғарамыз.

Сонымен қатар, ақын өлеңіндегі *«Сүйемін сені»* деген сөздердің қайталануынан анафораны, *«с»* әрпінің қайталануынан аллитерациялық құбылысты кездестіреміз. Антонимнің орайлы қолданылуынан айтайын деген ой ашық та нақты болып, көбіне бағалық сипатқа ие болады. Қайрат ақынның өлең жолындағы *«өмір-өлім»* антоним сөздері айтар ойына нық түйін, тұжырым, дәйек болып тұр. Өлең сөздерінің ішіндегі антоним ақынның ойын айқындап, ұғымын дәлдеп, өлең әсерін күшейтіп, оқырман мен автор ойын ортақтастыра түседі.

Кейіптеу арқылы автор жансызға жан беріп, тілсізге тіл бітіреді. Кейіптеу дегеніміз - өмірдегі жансыз нәрселерді дәл жанды нәрселердей етіп суреттейтін көріктеуіш құралдың бірі.

*Есіртпей босқа тек мені,*
*Сынады тірлік мектебі.*
*Нұрлы өмір сүйген мені де,* -
*Көзімнің анық жеткені,*-

*Арманын беріп енші ғып,*
*Жебеушім болып елші-үміт,*
*Жыр жаздым*
*Тәңір жар болып,*
*Нұрлы өмір жасап кеңшілік,* - деген өлең жолдарында ақын ғажайып, нұрлы өмірге жан беріп суреттеу арқылы ойды биік философияға жетелеген.

Ақын лирикасында бояу мен мазмұнға бай сан алуан түрлі образдар жүйесі бар. Айшықты образдарды: ***нұрлы өмір, жарық әлем, шаттық көңіл, асқақ арман, нәзік жыр, өмірге құштарлықты*** т.б айнымас серігіне айналдырған. Қызығы мен

қуанышы мол күйбең тірлікке қызу араласып, нұрын шашқан әр таңды, жарық күнді күліп қарсы алып, өмірге келудің өзі бір бақыт екенін ақын тебірене жырлап, ақындық ойды асқан зор шеберлікпен жинақы жеткізген.

*Еңбегім елге елене*
*Жүрсем –*
*Сын әсте жеңе ме?!*
*Бұл –*
*Мені нұрлы өмірдің*
*Сүйгені емей немене?!* - деп мұңды сазбен жырлаған ақын ізінше жадырап, күндей жарқ етіп, әуендетіп, шалқи жөнелді. Осының бәрі – бір ғана лирикалы өлеңнің өн бойындағы сезім мен саз. Лирикадағы әрбір саз ақынның сол сәтте жалт еткен ой-қиялының жүйріктігі, жарқ етіп тұтас көрінген ішкі сырлы дүниесі.

Өмір - жарық сәуле. Ашық аспан мен сұлу табиғат аясында тыныстап, қара жерді басып, тіршілік кешіп жүрген әр пенденің өмірге құштарлығы қашанда күшті болмақ. Бұл өлеңді оқығанда әр адам өмірде өз атын өшірмей, мән-мағыналы етіп өткізуге, асқақ арман мен биік мақсатқа ұмтылуға құлаш сермиді. Орамды да ойлы, әсерлі де бейнелі сөздерімен төгіліп, оқырманына тамаша көңіл-күй сыйлаған осындай өлеңдер құнарлы да бай поэтикалық тілімізді терең меңгере алған ақынның шеберлігі. Ақын Қайрат Жұмағалиев қаламынан туған мұндай өлеңдер көп. Ақын лирикасының басты ерекшелігінің бірі – нәзік сезім, ойлы толғаныс. Адам өміріндегі шынайы шындық пен табиғаттың таңғажайып сырлары, нұрлы өмірдің бейнесі ақын өлеңінде айқын көрініп, дүниетанымдық негізінде баяндалып көрініс табады.

Қайрат Жұмағалиев – бойына туған жерінің нәрі, қасиеті сіңген ақын. Шалқар шабытымен ұшқыр да тапқыр дарынымен поэзиямызда ерекше еленерліктей бірнеше келелі өлең кітабын қосқан Қайрат Жұмағалиевтың өнімді шығармашылығы қазақ әдебиетінде лайықты орын алар төл рухани мұра байлығының бірегейі.

Пайдаланылған әдебиеттер:


1. Қуаныш Т.Т. Жайықтың жыр жампозы: монография – Орал: «Ағартушы», 2012. – 230 бет.
2. Мүтиев З. Фариза Оңғарсынова лирикасы. – Орал, 2002. – 188б.
3. Белинский В.Г. Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1987. – 352б.
4. Чернньшевский Н.Г. Том III. – Москва, 627 б.
5. Жұмағалиев Қ. Көңілімнің сарасы: Өлеңдер, балладалар, поэмалар.
   – Алматы: Жазушы, 1982. – 376 б.
6. Исаев И. Өлеңнің тігіп отауын. // Қазақ әдебиеті. 1987. № 9. – 4б.
7. Нұрғали Р. Қазақтың Қайрат ақыны... // Астана. – 2008. №5. 36-37б.
8. Ахметов З. Әдебиеттану терминдер сөздігі. – Алматы, 1998.- 384 б.


## ПРОФЕССОР М. ТІЛЕУЖАНОВ – ФОЛЬКЛОРТАНУШЫ, ЭТНОГРАФ-ЖИДАШЫ


БҚИГУ «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының 4-курс студенті Оразаева Б.
Ғылыми жетекші: аға оқытушы Қуаныш Т.Т.


Адамзат баласы шыр етіп дүниеге келген сәтінен бастап қоғамның негізгі ажырамас бөлігіне айналады. Қоғамда өзіндік орнын ала отырып, халқының баға жетпес әдебиеті мен мәдениетінен сыр шертер бай мұраларымен танысары хақ. Осы орайда өткеннің елесі ғана емес, ел тұрмысында бүгінгі күні де өмір сүріп, халық өмірінің айнасы болып табылатын синкретті сөз өнері фольклордың алар орны ерекше. Орыстың ұлы жазушысы М.Горькийдің «Сөз өнерінің бастауы – фольклорда» деген қағидасына сүйене отырып, ғасырлар бойы еліміздің мәдениеті мен рухани келбетін өркендетудің негізгі формасы

болып келген фольклордың біз үшін атқарар рөлінің қаншалықты маңызды екенін байқаймыз.

«Жалпы фольклор дегеніміз не?», - деген сұраққа жауап іздейтін болсақ, неміс ғалымы Н.Ф.Кнафльдің анықтауынша, бұл атау халық даналығы деген ұғымды білдіреді. Осы пікірді ағылшын ғалымы У.Дж.Томс та дамыта түсіп, фольклорды ел арасында туған өлең-жыр, ертегі, аңыз, түрлі наным-сенімдерді жинақтайтын термин ретінде ұсынған [1,9]. Фольклор материалдарына кең де жүйелі салыстырулар, зерттеулер жасамай, ондағы үндес, қайталама деректерді тексермей, олардың заңдылықтары мен ерекшеліктерін есепке алмай ауыз әдебиетіміздің өзіне тән табиғатын түсіну қиын. Қазақ ауыз әдебиетін жинау мен зерттеуде алғашқылардың бірі болып еңбек еткендер: С.Сейфуллин, С.Мұқанов, М.Әуезов, Қ.Жұмалиев, Е.Ысмайылов, Б.Кенжебаев, Н.Смирнова, М.Ғабдуллин т.б. Зерттеуші-ғалымдар ертегі, мақал-мәтел, тұрмыс-салт жырлары, эпостық және ғашықтық дастандар, аңыз әңгімелер, ақындық айтыстар нұсқаларын жинауда өзіндік сүбелі үлестерін қосты. Соның нәтижесінде қазақ ауыз әдебиеті мектептерде, жоғары оқу орындарында оқытылатын арнайы пәнге, фольклорлық шығармалар зерттеу обьектілеріне айналды. Осылайша, қарыштап алға дамыған қазақ фольклористикасында елеулі еңбегімен ескеруге келетін жерлес зерттеушілеріміздің бірі профессор Мәтжан Мақсымұлы Тілеужанов. Кеңестік үкіметтің он жылдығымен тұстас басталған Мәтжан Мақсымұлы Тілеужанов өмірі өзінің өмірбаяндық дерек көзінде: «Жалпақ елді тұралатқан ауыр тұрмыс әкеден өлідей, шешеден тірідей айырылған біздер үшін екі еселенген тағдырдың соққысы болды», - деп жазады [2,8]. Бұл ел өміріндегі ең ауыр кезеңдердің бірі болатын. 1927 жылдың 15 желтоқсан күні Ақтөбе облысы Ойыл ауданы №2 ауылдық елді-мекенінде дүниеге келген ғалымның балалық шағы қазіргі Батыс Қазақстан облысы Қаратөбе ауданында өтті. Жастайынан ата-анасынан ерте айырылғандықтан, ағасы Әлмұқамбет ағасы екеуі Қаратөбедегі қарт әжесінің қолына келіп тәрбиеленеді. Ағасы Ұлы Отан соғысына алынып, кейіннен соғыстан оралмайды.

1946 жылы Қаратөбедегі Мұхит Мерәлі атындағы мектептен онжылдықты тәмамдап, Орал қаласындағы педагогикалық институттың филология факультетіне оқуға түсіп, 1950 жылы үздік бітіреді. 1953-1956 жылдары Қазақ ССР Ғылым Академиясының Әдебиет пен өнер институтында аспирантуралық дайындықтан өтіп, 1957 жылы Қазақстан Республикасы Ғылым Академиясында «ХХ ғасыр басындағы қазақ әдебиетіндегі Абайдың сатиралық дәстүрі» тақырыбында кандидаттық диссертация қорғайды.

«Халық тағылымы», «Ел әдебиеті», «Сырым Датұлы және оның шешендік сөздері», «Термелер», «Сатира мен юморды мектепте оқытудың кейбір мәселелері», «Ғабит Мүсірепов әңгімелеріндегі юморды оқыту жөніндегі методикалық ұсыныс», «Қазақтың халық педагогикасының кейбір мәселелері», «Махамбет Өтемісов творчествосы туралы қосымша материалдар» , «Астарлы әзіл», «Халық тағылымы» сынды құнды еңбектері әлі күнге дейін өзіндік мәні жоғалта қоймады. Ғылыми еңбектерінің әрқайсының бүгінгі жас ұрпаққа берер тәлім-тәрбиесі мол. 1994 жылы жарияланған «Халық тағылымы» кітабында ғалым қазақ тілінде ұмтыла жаздаған тағылым, қағида ұғымдарын жиі пайдалана отырып, олардың мән-мағынасын жастардың санасына сіңіру мен ғылым тіліне айналдыруды мақсат тұтады.

«Ел ішінде сау келсең,
Тағылым айтпас ер ме едің?
Жол көрсетіп сонда өлсең,
Арманым бар дер ме едім?», - деп көркем сөзбен өрілген Абай жырымен үндес заңғар жазушы М.Әуезовтың бала «ата-ананың тағылымынан өседі», - деген пікірінен-ақ тағылым сөзі мағынасының кең екендігін түсінеміз. Ғалымның пікірі бойынша ұлттың өзіндік болмыс-бітімін (ақсақалдық мектеп, әжейлер, қыз-келіншектер тағылымы, шешендер, билер тағылымы) тағылымдарын насихаттау арқылы ұрпақ жадына сіңіру қажет делінеді.

Қазақ тағылымының негізгі принциптерінің алғашқысы – көрегендік. Ақиқаттан айнымау, аманатқа борышты болмау, не

нәрсе болса да көз жеткізу көрегенділік болып табылады. Ұрпақ тәрбиесінде Ян Амос Коменский, И.Песталоцидің, И.Гербарттың, Д.Ушинский, А.Макаренко тәжірбиелеріне сүйене отырып, бағыт-бағдар аламыз. Сан ғасырлық тарихи мәні бар өмірлік тәжірбиелерімізді әсте ұмытуға болмайды. Өкінішке орай ақсақалдардың ұлағатты сөздері халық жадында мақал-мәтел, ақыл-нақыл сөздерге айналып сақталғанымен, олардың өмір тәжірбиелері кезінде айтылып қалды да, жазылып қалмады. Халық тірегі, халықтың көзі болып саналатын ақсақал тәлім-тәрбие саласында әманда үлгі-өнеге көрсетерлік жан болуы тиіс. Рас, әкені – әуелі ақсақал дәрежесіне көтеретін өзінің туған баласы. Ол тыңдамаса, сыйламаса, әке қадірі сол босағада-ақ жойыла бастайды, ақсақалдықтан айырылады. Қазақ ауылдарында пір тұтқан әулиелердей саналар ақсақал ұғымы бүгінгі ұрпақ санасында оларсыз ешқандай мәселенің шешілмейтіндігі, жастардың ауыл ақсақалдарының алдынан өтпей, сыйлап, құрметтеу жалғасқан дәстүрдің бірі іспетті көрінеді. «Ата тұрып, ұл сөйлегеннен без, ана тұрып, қыз сөйлегеннен без» деген ұлағатты сөз – тәрбие заңдылығының ерекше бір көрінісі.

Қырмызы қазақ қыздарына тән сұлулық, ұяңдық, ибалық, рухани байлық, әдептілік, ар тазалығы – зор тағылым иесі. Бүгінгі саналы ұрпақ сәби – қыз – келін – ана – әже – кейуана тарихын білуі тиіс. Сол арқылы кешегі ауыз әдебиетімізде тараған «Қамбар» жырындағы Назым, XII ғасырда туған Қарлығаны еске ала отырып, тағылым алады.

Қыз-келіншек, әйел-ана, әже-кейуана тағылымы біз үшін өшпес із қалдырды. Ол – жайдары да жалпақ қазақ тілінің ана тілі деп аталуы. Бұл – қазақ әйеліне біткен ерекше қасиет бұндай жағдай ешбір елде жоқтығы қазақ әйелін ерекшелеп тұратын тағылымды жоққа шығаруға, мүлдем ұмытуға болмайды.

Мәтжан Мақсымұлының жігіттер туралы айтары А.Байтұрсыновтың «Балам дейтін жұрт болмаса, жұртым дейтін бала шықпайды», «әкені билеп ұл кетті, шешені билеп қыз кетті», - деген Дулат, Шортанбай сынды ақындардың ойларымен тұспа-тұс келетіндігі аңғарылады. Қазақ халқының ұлан

тәрбиелеудегі тәлім-тәрбиесіне жоғары талап қояды.

Бала туғаннан қырқынан шыққанша – нәресте, үш-төрт айда қара құлақ боп қалыпты, 5-6 айда сәби, емшектен айырылғанда – бөпе, 1-3 жастың арасында – мазасыз, 5-7 жас арасында естияр, 8-10 жаста кішкентай жігіт, 11-12 жаста жігіт болып қалған кезі, 13-15 жас отау иесі, немесе бозбала одан әрі кемелденумен жігіт кезеңі (17-18) қатар жүреді [3, 20], осыларды қазақ балаларының өсу кезеңдері деп саралай отырып, қоғамдық сананың қалыптасуы дегенді жігіттеріміздің бойынан іздесек, сол үрдістің мерзімін шатыстырып алмауды ескертеді. Ұрпақ тәрбиесінде осы келеңсіздектерді тоқтату үшін ғалым саналы ғұмырында қазақы тәрбие тағылым қалыптастыруды алдына мақсат тұтты. Профессор Мәтжан Мақсымұлы қазақ фольклористикасы мен шектеліп қана қоймай этнографиясына да тың жаңалықтар қосты. 1954 жылдан Республиканың Батыс өңіріндегі фольклорлық мұраны жинаумен айналысты. Жинаған материалдар негізінде фольклорлық этнографиялық кабинет ұйымдастырылды. Халқымыздың ежелгі тұрмыстық заттары, қолөнер бұйымдары, зергерлік жауһарларын жинауда ғалымды екінші қырынан тануға мүмкіндік аламыз. Ол 300-ден астам экспонаттарды жинап, көрмеге лайықтаған этнограф-жидашы. Этнографиялық экспонаттар Египетте Каир қаласында Марокконың 5 қаласында 1989 жылы көрсетілді. Профессор Мәтжан Мақсымұлы Тілеужановтың ғылыми еңбектерінің барлығын саралайтын болсақ, ғалымды қазақ фольклорын зерделеуде қомақты үлес қосқан зерттеушілердің бірі деп толыққанды айта аламыз. Қорыта келгенде, этнограф-жидашы Мәтжан Мақсымұлы Тілеужанов шығармашылығына тереңнен бойлай отырып, тағылымы мол ой түйеміз.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қоңыратбаев Ә. Қазақ фолькорының тарихы. –Алматы: Ана тілі. 1991. – 9 б.
2. Рысбеков Т. Этнограф ғалым. // Жайық ұстазы. 2008. -8б.

3. Тілеужанов М. Қазақ тағылымы. -Орал, 1994. -20 б.

## М. ҚАШҚАРИ МҰРАСЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ

БҚГИУ «Қазақ тілі мен әдебиеті»
мамандығының 4-курс студенті Хамидуллина А.
Ғылыми жетекшісі: ф.ғ.к., доцент
Абдульманов А.А.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев бастамасымен «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында тарихи, мәдени мұраларды зерттеу арқылы халқымыздың сонау тереңде жатқан бай тарихына әлем назарын аударуды мақсат етіп қойдық. Рухани мұралар негізінде жұртымыздың тарих, таным ерекшеліктерін әлемдік деңгейге көтеру, жас ұрпаққа өресі озық бабаларды үлгі ету мүмкіндігі туып отыр. XI ғасырдың құнды жәдігерлерінің бірі – Махмұт Қашқаридың «Диуани лұғат ат-түркі» сөздігі. Бұл еңбек түркі жұртының дүниетанымын, әдебиетін, тарихы мен этнологиялық ерекшеліктерін танытады. Қашқари түркі жұртын жарқын жүзділік, көркем сұлулық, сүйкімділік, әдептілік, жүректілік, үлкендерді, қарияларды құрметтеу, сөзінде тұру, мәрттік, кішіктік, тағы сондай сансыз көп мақтаулы қасиеттерге ие деп суреттеген. Зерттеуші Қашқардан бастап, бір тұсы Жетісу, Мәуереннахр, Хорезм, ал екінші тұсы Римге дейін аралап мол мәлімет жинады. Осы мәліметтерді көңіліне түйіп, бір негізде жүйеге салды. Осындай тәртіппен 6800 түркі сөзін, мысал ретінде екі және төрт жолдық 242 шумақ бәйіт пен 262 мақал-мәтелін, 29 тайпаның этноним, топонимдерін, туыстық атаулары мен киім-кешек, тағам аттарын, салт-дәстүр ерекшеліктерін атап көрсетіп, ұсақ рулардың таңбаларына дейін сипаттап «лексикографиялық», «энциклопедиялық», «терминологиялық» мұра жасады.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Тарих толқынында» кітабында: «Бұл еңбек тіл білімі тарихында орасан зор үлес қосып қана қойған жоқ, сонымен қатар түркі тілдес халықтардың

тұрмысының мол мағлұмат беретін баға жетпес ескерткішке айналды. Ол сондай-ақ, орта ғасырдағы табиғи жаратылыс жөніндегі ғылыми көзқарастан хабардар етеді», - деп «Диуани лұғат ат-түрік» сөздігінің құндылығын баса көрсеткен.

Қашқари түркітану тарихында тұңғыш рет тарихи-салыстырмалы әдісті қолданды. Автордың айтуынша, түрік, түркмен, оғыз, шігіл, йағма, қырғыздарың сөздерін және сөздерінің қасиет, құпияларын анықтап, оларды пайдаланған. Аталмыш зерттеуді осы тілдердегі әр кішігірім айырмашылықтарды парықтап білу мақсатында жүргізген [1; 31].

Әлем ғалымдары М.Қашқаридың «Диуани лұғат ат-түрік» сөздігін энциклопедиялық мұра деп бағалайды. Бұл пікірімізді А.Н.Кононов: "Мұнда XI ғасырдағы түріктердің өмірі туралы, олардың материалдық мәдениетінің бұйымдары, тұрмыс жайлары, этнонимдері мен топонимдері, ру-тайпалары туралы, туыстық және жекжаттық терминдері жайлы, түркі қызмет адамдарының титулдары мен аттары, тағам-сусындарының аттары туралы, өсімдіктер мен дәнді-дақылдар туралы, астрономиялық терминдер, халықтық күнтізбе айлардың және аптадағы күндердің аттары туралы, қалалар туралы, әскери қару-жарақ және музыкалық аспаптар, әкімшілік терминдер, діни және этникалық терминология, мифтік қаһармандық аттары туралы, балалардың ермектері және ойындары туралы және тағы басқалар туралы көп жағдайда бірден-бір дәйектеме болып табылады", - деп айғақтайды. Осы орайда М.Қашқари мұрасы бүгінгі таңда көптеген зерттеу бағыттарының нысаны болып жүр. Соның ішінде тіл білімінің түркітану, тарихи грамматика, лексикология және терминология т.б. сала мамандары арнайы зерттеулер жазуда. М.Қашқари мұрасы: К.Рифат, К.Брокельманн, Г.Бергштрессер, Әбу Ибраһим Исхақ, Ф.Хоммел, В.В.Бартольд, С.Е.Малов, Б.Чобанзаде, П.К.Жузе, Дж.Велидов, А.Фитрат, А.З.Валиди Тоган, А.Геррманн, И.И.Умняков, В.И.Беляев, И.Н.Леманов, А.Бомбачи, С.Ахаллы, А.Н.Кононов, Х.Хасанов, Р.Дэнкофф, Дж.Келли т.б. ғалымдардың зерттеу тақырыбы болды. Бұл тақырып қазақстандық ғалымдардың да ерекше

назарын аударып, мәселе түрлі салада арнайы қарастырылды.Атап айтқанда, философия, тарих, этнография және тіл білімі саласында сүбелі еңбектер жазылды. М.Қашқари мұрасы Х.Досмұхамедов, Б.Н.Садуов, Б.Ирмуханов, Н.Келімбетов, А.Егеубай, Ж.Б.Сәдірмекова, Ә.Е.Әбуов, Р.С.Мұхитдинов, М.С.Бейсенова, М.Ашимова, Ш.Елеукенов, Қ.М.Әлжанов, С.Е.Нұрмұратов т.б. сынды ғалымдардың ғылыми еңбектеріне арқау болған. «Диуани лұғат ат-түрік» сөздігінің қазақ тіл білімі тұрғысынан зерделенуі сөздіктегі лексикалық қордың, дыбыстық, құрылымдық ерекшеліктердің қазақ тілімен ұқсастығын айқындай түсті. Қазіргі қазақ сөзінің түп-төркіні «Диуани лұғат ат-түрік» сөздігінде көрініс тапқан. Осындай пікірді «Диуани лұғат ат-түрік» сөздігінің ерекшеліктері жайында Ж.А.Манкеева мен М.Б.Сабыр сияқты өзге де ғалымдардың зерттеу еңбектерінен кезіктіре аламыз. Бұл турасында түрколог М.Б.Сабыр «Орта түркі тілі лексикасы мен қазақ тілі лексикасының сабақтастығы» атты еңбегінде: «Қазіргі қазақ тілінің байырғы сөздік қоры ұлт тарихымен, жалпы түркілік тарихпен сабақтаса қалыптасты. Қазақ жұрты жеке ұлт болып қалыптасқанға дейін түркі халықтарының ортақ арналарымен жүріп өтті. Қазақ лексикасы жалпы түркілік қабаттан өрістейді. Оның негізі, сөздік құрамы, фономорфологиялық құрылысы ежелгі түркі тілінен бастау алады» - деген пікір айтса [2, 87], ал ғалым Ж.А.Манкеева «Мәдени лексиканың ұлттық сипатында»: «Қазіргі қазақ тіліндегі жалпы түркілік қабат түбір және тарихи сөздерден тұрады. Олардың ата түркі дәуіріндегі жалпытүркілік ежелгі түрін салыстырмалы-тарихи негізде жаңғырту арқылы байырғы қалпына келтіруге болады» - деп келтіреді [3, 24].

М.Қашқари сөздігіндегі лексикалық бірліктердің қазақ тіліне жақыншылығын, үндестігін Ш.Елеукенов, М.С.Бейсенова, М.Ашимова сияқты ғалымдар арнайы зерттеген. Мәселен, зерттеуші Ш. Елеукенов сөздік пен қазақ тілінің арасындағы сабақтастықты былай аңғарады: «М.Қашқаридің«Інген інгараса ботұ бозлар» деген мақалды өзбек аудармасында «Інген –

ұрғашы түйе; ...урғочи туя инграса, эркак туя бузлайды (товуш беради)» деп келтіріпті. Қазақ тіліндегі басылымда: «Інген – іңген; Іңген аңыраса, бота боздар» болып шыққан. Қазақ сонау қадымнан бүгінге дейін қос өркешті ұрғашы түйені бұрынғы аталарымызша "іңген" деумен келеді. Түпнұсқада "ботұ" болып тұрса, оны өзбек ағайындарша "түйенің баласы" демей-ақ, "бота" дегеніміз біз үшін табиғи нәрсе... [4, 262]. Ғалым әрі қарай өз тұжырымын: «Осы мысалдардың басында "ым" деген сөз аталады. Оның да өзіндік ұғымы бар. Кітаптағы түсіндірмеге қарағанда, кәдімгі қазақ ұғымындағы "ым" осы. Бұл сөзді Махмұт Қашқари әскери термин ретінде түсіндіреді, жорық кезінде қолбасылар бірін-бірі танымай қалмау үшін өзара келісілген белгімен жасайды, соны "ым" деп атайды. Сол "ым" қазақ ұғымында әлі бар», - деп сабақтайды [4, 263]. Ал М.С.Бейсенованың «М.Қашқаридың «Диуани лұғат әт-түрк» сөздігіндегі төрт түлік мал атаулары» зерттеуі де осы сәйкестікті анықтауға бағытталған. Автор: «Диуани» тіліндегі мал атауларына байланысты терминдер мен сөздер көне түркі тілдері мен қазіргі түркі тілдеріне бірдей ортақ болып келеді, сондықтан оларды өзара салыстырмалы-тарихи әдіс бойынша талдап қарағанда,барлығының түп-тамыры о бастағы бір негізден тарағандығы байқалып тұрады», - деп тұжырымын төмендегі мысалдармен дәйектейді: [5,12]

М.Қашқаридың еңбегінде кездесетін торум сөзі де "бота" деп аударылады екен. Қазіргі қазақ тіліндегі тоқты-торым деген қос сөздің бір сыңары алты айлық қозының атауы болса, екінші сыңары түйе баласының бір жастан кейінгісін білдіреді [5, 18].

Көптеген түркі тілдеріндегі қозы қой малының "жас төлі" деген мағына береді де, ол алты айға дейінгі жасты көрсетеді. М.Қашқаридың көрсетуі бойынша, егер қозы ерте көктемде туса, балдыр қозы деп атайды, өсіп жетілуіне қарай оны (семіз болса) бақлан (бағлан) қозы деп те атай береді. Ал, мезгілінен кешігіп, күзде туылған төлді, соның ішінде қозыны көрпе дейді. Сол кездегі түріктер жазда туған баланы көрпе оғул деп атайды екен. Әзірбайжандар туғанына он күн болған қозыны көрпе деп атайды. Қазақта - көпей, кебе - ерте туған, көрпеш, көрпелдес

(көрпелдеш) - кеш туған қозы [5, 25]. Сол сияқты М.Ашимова да «М.Қашқари сөздігіндегі мағыналық және тұлғалық жағынан сәйкес келетін және айырмашылықтары бар ортақ этнолинвистикалық атаулар» зерттеуінде атау сөздерді тағам мен шарапқа қатысты, туыстық қатынасқа қатысты, атақ-лауазымға қатысты, қару-жараққа қатысты, өсімдікке қатысты топтайды. [7, 6-8]

**Атақ-лауазымға қатысты атаулар**

| М.Қашқари сөздігі | Қазақ тілі |
|---|---|
| Хан – түріктердің ең үлкен басқарушысы | Хан – түріктер, монғол халықтарының патшаларының атағы |
| Күң - күң | Күң – бас бостандығы жоқ, сатылатын әйел |

**Қару-жараққа қатысты атаулар**

| М.Қашқари сөздігі | Қазақ тілі |
|---|---|
| Қын – қылыш не пышақтың қыны | Қын – қанжар не пышақ салатын қапшық |
| Сап – қылыш не пышақтың сабы | Сап – қасық, пышақ, қылыш, балға т.б. құралдарының қолмен ұсталатын жері |
| Қалқан//қалқаң - қалқан | Қалқан – қолға ұстап қолданылатын жарақ түрі |
| Тура – (бекініс) жаудан қорғану үшін қолданылатын қару-жарақ, жабдықтар | Тура – қылыштың бір түрі |

**Өсімдікке қатысты атаулар**

| М.Қашқари сөздігі | Қазақ тілі |
|---|---|
| От – мал жейтін шөп, өсімдік | От – малға азық боларлық шөп |
| Шешек – гүл, шешек, бәйшешек | Шешек – түрлі- түсті жұпар иісті гүл |
| Қақ – шабдалы қағы | Қақ – кептірілген әр түрлі жемістер |
| Алма - алма | Алма – ел арасына кең тараған жеміс ағашының басына шығатын шар тәріздес жеміс |
| Қабақ - асқабақ | Қабақ – асқабақ, жеуге |

| | |
|---|---|
| | жарамайтын, ішін ыдыс ретінде пайдаланатын өсімдік |

Қорыта айтқанда, М.Қашқаридың «Диуани лұғат ат-түрік» сөздігі көптеген зерттеу еңбектердің жазылуына негіз болды әлі де болады. Сөздіктің лексикалық қорын, фонетикалық, морфологиялық құрылымын қазақ тіл білімі тұрғысынан зерделеу, түркі тілдерінің байырғы құндылықтарын жаңғырту, ерекшеліктерін айқындау бүгінгі қазақ тілінің тарихын, заңдылықтарын, туыстас тілдермен байланысын белгілеп береді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қашқари М. Түрік сөздігі/Аударған Егеубай А.Қ./. – Алматы: Хант. 1997.

2. Сабыр.М.Б. Орта түркі тілі лексикасы мен қазақ тілі лексикасының сабақтастығы (XIV ғасыр жазба ескерткіштері негізінде). – Алматы, 2004.

3. Манкеева.Ж.А. Мәдени лексиканың ұлттық сипаты. – Алматы, 1997.Елеукенов.Ш. Сұлулыққа іңкәрлік. - Алматы, 1999.

4. Елеукенов.Ш. Сұлулыққа іңкәрлік. - Алматы, 1999.

5. Бейсенова.М.С. М.Қашқаридың «Диуани лұғат ат-түрік» атты сөздігіндегі төрт түлік мал атаулары...филол. ғыл. канд...дисс. – Алматы, 1997.

6. Назарбаев.Н.Ә. Тарих толқынында. Алматы, 1999.

7. Ашимова.М. М.Қашқари сөздігіндегі мағыналық және сәйкес келетін және айырмашылықтары бар ортақ этнолингвистликалық атаулар // Қазақстан орта мектебі, 2011, №2.

# ТАРИХ

## ОРТА ҒАСЫРЛАРДАҒЫ ҚЫТАЙ ӨНЕРІНІҢ ДАМУЫ

БҚГИУ «Тарих» мамандығының
4 курс студенті Нигметова А.
Ғылыми жетекші: т.ғ.к., доцент Боранбаева Б.С

Қытай мемлекеті өзінің бес мыңжылдық даму тарихында өте қызықты тарихи оқиғаларды бастан кешіріп, мәдениет пен ғылымның тамаша жетістіктеріне қол жеткізді. Адамзат тарихында ең алғаш пайда болған деген атауға ие деп айтылатын өркениеттің ең көп үлгілері де Қытайға тән. Мысалы, ең алғаш жазу - сызуды, қағаз бен сияны, оқ - дәрі мен компасты ойлап тапқан да көне қытайлықтар. Оның тарихы, мәдениеті, адамдардың тұрмыс - салты мен айналысқан шаруашылық түрлері басқалардан өзіндік ерекшеліктерімен қызықтырады.

Соның ішінде орта ғасырлардағы Қытай мәдениеті мен өнерінің орны өте ерекше. Себебі, олардың өнері өзіне ғана тән қайталанбайтын қасиеттерімен дараланды. Үнді өнерімен салыстырғанда, ортағасырлық Қытай мәдениеті мен өнерінде анағұрлым қатаң әрі ұтымды стиль де және поэтикалық толғаныс та басымырақ.

Қытайдың ағаштан жасалған сәулеттік өнері өзінің пропорцияларының жеңілдігімен, айқындылығымен, өрнекті оюларының әсемдігімен және иілген қанаттарының ырғақтылығымен қызықтырады. Қытай кескіндемесіндегі анық байқалатын құбылыс - лиризм, аса қатты көзге түспейтін тұнық бояу түстеріндегі үйлесімділік.Ал будда мүсіндері күшейтілген динамикаға мүлдем жуықтамайтын сызықтардың жұмсақтығымен, дене қимылдары мен бет пішінінің құндылығымен, дене құрылысының қалыпты салмақтылығымен ерекшеленеді. Елдегі феодалдық құрылым өте ертеде, II жән IV ғасырлар ширегінде қалыптасты. Шығыс елдерінің бірқатары ортағасырлық өркениетке енді ғана ене бастаған кездің өзінде, ондағы көркем өнер гүлденудің биік шыңына қол жеткізіп

үлгерді. Орта ғасырлар Қытай тарихындағы барынша ұзақ мерзім ғана емес, бұл елдің рухани деңгейінің мүмкіндігінше көтерілген тұсы. Аса үлкен калалар мен зәулім сарайлардың, бақтар мен храмдар, яғни көптеген құрылыстардың гүлденген кезеңі болды. Бұл уақытта новелла, роман секілді әдеби шығармалардың жаңа түрі пайда болды. Поэзиямен проза, театр мен музыка, мүсін мен сәулетшілік, кескіндеме мен көптеген қолөнер түрлері дамудың биік сатысына жетті.

Орта ғасырлар - Шығыс елдерінің өзара үздіксіз тәжірибе алмасу кезеңі болып табылады. Орта ғасырдың басында-ақ дамыған көркемдік дәстүрлерге қол жеткізген Қытай өнері, жазу үлгілерін таныту жағынан көршілес Жапония, Корея, Вьетнам елдеріне негіз болды. Өз кезегінде Қытай елі де Үндістан, Иран, Ауғанстан секілді көне мемлекеттерден үйреніп отырды. Орта ғасырлар ширегінде қытайлықтар Үндістаннан буддизм ілімін алып кірген буддалық пластикалардың бейнесін қабылдады. Ал Ираннан ою-өрнектің алуан түрі келді. Оларды Таң дәуірі кезеңіндегі мата өрнектері мен керамика формаларынан оңай байқауға болады. Қытайдағы феодализм дәуірінің ауқымдылығын, сан алуандығын көптеген ірі оқиғалар мен құбылыстар арқылы түсіндіруге болады. Елдің феодалдық мәдениетінің дамуында өнердің қалыптасуының бірнеше маңызды кезеңдері бар. Бұлар — алғашқы кезеңі (IV—VI ғғ.), гүлдену кезеңі (VII—XIII ғғ.) және орт ағасырлық кезең, яғни Қытайдың ұзақ тарихын тамамдайтын соңғы кезең (XIV—XIX ғғ.). Басқа феодалдық мемлекеттер секілді Қытай өнері де ондағы өріс алған діни ұғымдармен тығыз байланысты болды. Негізгі ілім ретінде өте ертеде негізі қаланған конфуцизм мен даосизм, сондай-ақ оларды б.з. алғашқы ғасырында толықтырған буддизм діні өмір сүрді. Алайда Қытайдағы орта ғасырлық идеология Еуропа елдерімен салыстырғанда мешіт догмаларына анағұрлым тәуелсіз болды. Қытайдағы орта ғасырлық халықтық наным-сенімдерден тұратын, өте ертеден келе жатқан көптеген секталар мен діни мектептер арқылы айқындалды.

Ортағасырлық қытай кескіндемесі өзінің сан түрлілігімен, жаратылыс сырын нәзік те терең түсіне білуімен

ерекшеленеді. Дүниетаным мен ұстанымдарының терендігі қытайдың ортағасырлық мәдениеті мен өнерінің белгілерін бүгінгі күнге жеткізді, құр жеткізіп қана қоймай, оны бар сән-салтанатымен түсінікті, тым жақын етіп көрсетті. Әрине, ұзақ, мерзімді қамтыған орта ғасырдың барлық кезеңдері қытайдың өнері мен мөдениеті үшін жемісті болды десек, қателесеміз. Ең көне кезеңнен бізге жеткен суретші Гу Кайчжидің орамалары (шамамен 340-406 жылдары) қытай кескіндемесіне жаңа поэтикалық ноталардың енгенін көрсетеді. Оның "*Сарай бикештеріне арналған өсиеттер*" картинасы көп жайдан хабардар етеді. Ұзынша орама формасында орындалған бұл жұмыс әр түрлі тоғыз сахналық көріністен тұрады. Чжан Хуаның поэмаға арналған иллюстрациялары сарай аксүйектерінің тұрмыс-тіршілігімен таныстырады. Әрбір сахна бір-біріне ұқсамайтын өлең құрылыстарымен ерекшеленетін дербес жанрлық композиция. Гу Кайчжи іс-әрекет өтіп жатқан жерді, мекенді мүлдем көрсетпейді десе де болады. Оның тұлғалары алтындатылған жібек фонда еркін орналасқан. Мұндай әдіс-тәсіл көне қытай дәуірінде-ақ қалыптасып үлгерген еді.

Феодалдық қытай өнерінің бар ерекшелігі келесі кезеңде елдің ортағасырлық өркениетінің барынша дамыған тұсында ажарлана түсті. Бұл тарихта мәдени жетістіктерінің ізін қалдырып кеткен екі бірдей ірі мемлекет Таң (618—907) және Сұң (960—1279) империяларының бірігуімен байланысты еді. Қытайдың рухани өмірі үш ғасыр бойында айтарлықтай шырқау биікке көтерілді. Өнердің, шығармашылықтың түрлі салалары — сәулет өнері мен кескіндеме, мүсін мен қолданбалы өнер, поэзия мен проза кемелденіп, гүлдене түсті. Таң және Сұң кезеңінің кескіндемесі өмірдің көптеген жақтарын ашып көрсетті. Онда көрініс тапқан құбылыстардың ішінде қалалықтардың тұрмыс-тіршілігін жіті бақылау, жаратылысқа аса мұқияттылықпен назар аудару басты орын алды. Кескіндеме мен поэзия біртұтас бөлінбес бірлікке айналды. Таң және Сұң кезеңінің суретшілері өз таланттарын танытудың түрлі жолдарын тапты. Олар сарай қабырғалары мен храмдарды безендірді, желпуіштерге миниатюрлі кескіндемелік

композициялар салды. Көлемді орама қағаздарда қала және сарай өмірін, пейзаждарды, портреттерді, тұрмыс-тіршілікті, аңыздар мен саяхатшылықтың сюжеттерін бейнеледі. Орамалар өзінше кескіндемелік кітап қызметін атқарады. Онда суретші өзінің алған бар әсерін дербестеп, ұсақ бөлшегін көрсете алды. Көркем шығарманың композициялық құрылымы өте күрделі орама кағаздарға салынған сурет үздіксіз ойды білдіреді. Таң сарайы суретшілерінің жібекке салған суреттерінің сюжеті ретінде сарай тіршілігі, бикештер серуені, ғалымдардың әңгімелесу сәті алынды. Сонымен қатар әрбір шебердің өзі сүйіп жазатын белгілі бір тақырыбы болды. Сол кездегі атақ пен даңққа бөленген суретшілердің бізге жеткен еңбектері саусақпен санарлық. Олар — қырғын соғыс пен табиғат апаттарының құрбаны. Солай бола тұра, бізге жеткен шағын образдарының өзі Таң кескіндемесінің биік деңгейін тануға мүмкіндік береді. Янь Либэннің (600—673) "*Түрлі династиялардың әміршілері*" атты орамасы — көне жанрлық композициялардың бірі. Оны Хан дәуіріне дейін билік құрған отыз императорды көрсетуге арналған топтық портрет деуге де болады. Осы картинаның стилінде жібек бетіне көсілте жазылған топтамалардың ұзак, жылдарға созылған дәстүрлілігі байқалады. Императорлардың тұлғалары қимылсыз қалпында бар тәкаппарлығымен көрінген. Бет әлпеттері орта ғасырлар ханымдарының шарттарына сәйкес жасалған. Суретші кейде императорды табиғи калпында беру үшін оларды іс-әрекет үстінде көрсетуге тырысады. Әсіресе бұл портреттерді жазудағы суретшінің бет сызықтарын, шаш үлгісін, киіміндегі жеңіл қатпарларды анық әрі жеңіл сызықтар арқылы еркін көрсете білуі таң қалдырды. Сұң дәуірінің көптеген суретшілері Таң дәстүрін жалғастыра отырып, тұрмыстық тақырыптарға да картина жазды. Өздерінің ұзын орама повестерінде Кайфын қаласының халқы көп мереке-думан өмірін, балалардың ойының шеберлікпен бейнелей білді. Мұндай картиналар тек қызғылықты оқиғаларымен ғана ерекшеленбей, тұтастай композицияларымен де дараланды. Жануарларды бейнелеу, портрет салу жанрлары да

гүлдену дәрежесіне жетті. Мұнда тек пейзажды кескіндеме ғана сол дәуірдегі қытай мәдениетінің бет бейнесін айқындай алды.

Қытайдағы Мин және Син династиясының көптеген талантты суретшілері өнердегі жаңа бағытты Жасырын ұстап, мәпелеумен болды. Мин кезеңінің өзінде-ақ ресми биліктен тежеу көрмеген елдің оңтүстік бөлігінде, астанадан тым алыста, көптеген көркемсурет мектептері ашыла бастады. Олардың XVI ғасыр өкілдерінің бірі Сюй Вэй болатын. Оның суреттерінде қалыптасқан дәстүрлі кескіндеме ережелеріне қарсы бағыт болатын. Оның сызықтары кейде тым дөрекі, қалың болса, бей-берекет шашыраған бояулар желмен шатасып кеткен бамбук бұтақтарын еске түсіреді. Сөйтсе, жүйесіз ұқыпсыздықтың астарында суретшінің таза таланты бұғып жатқандай, осы бір сәттік көрініс арқылы күллі дүниеге шындығын ашып тұрғандай көрінеді.

XVI—XVIII ғасырлардағы маңызды рөлге ие болған роман мен драма секілді әдеби шығармалардың тууымен тығыз байланысты кітап гравюрасы пайда болды. Оларда, көбінесе, адамдардың жеке өміріне, ішкі көңіл күйіне көп мән берілді. XVI ғасырдағы тұрмысты бейнелеген суретшілердің басты өкілдері ретінде Taнинь мен Чоу Иньді айтуға болады. Олар поэтикалық ерекшелігімен де тамсандыратын орама повестердің жаңа түрлерін шығаруға ат салысты.

Орта ғасырлардың соңғы кезіндегі суретшілер адамның ішкі әлеміне жақындау үшін портреттік кескіндемені де өрістетті. XVI—XVIII ғасырларда түрлі портреттердің ішінде ата-бабаны дәріптеп отыру дәстүрімен байланысты салынатын аксүйектердің өлер алдындағы портреттері үлкен құрметке ие болды. Ортағасырлық қытай портреттеріне тән қасиет — адамның бет-әлпетін оның тағдырымен байланыстарды салу. Сондай-ақ оның туылған кезіндегі ғаламшарлардың аспандағы орналасу тәртібінің оның тағдырына каншалықты әсері болғанын көрсету. Бұл ілімнің негізінде қытай суретшілері беттің әрбір мүшесін басқалармен сәйкес етіп бейнелеу ережесінің толық жүйесі жасалады. Жерлеу алдындағы салтанатта ғасырлық конфуцийлік жүйенің бар тәлім-тәрбиесі

кеңінен көрініс тапты. Мәңгілікке бет түзеген адамдардың жүзі күнделікті күйбең тіршіліктен баз кешкендей, портреттен қатал тұлға маңғаздана қадалады да, қимылсыз, сұсты көздер тым алысты көздеді.

Қытай мәдениетінде сұлу да, айбынды таулар, тау тастар өнер адамдарының, оның ішінде, ақындар мен суретшілердің басты назарында болған. Қытайлықтардың тастарға үлкен эстетикалық талғаммен қарағандығы соншалық, көптеген, монастырлар жанынан даңққа бөленген Тастар бақтары жасалынған. Нефрит деген асыл тастардан сәнді әшекей бұйымдарын жасау халық шеберлерінің үйреншікті кәсібі болса, ал қарапайым тастар элиталық поэзия мен сурет өнерінен кең орын алған. Конфуцийлік - даосистік мәдениет шеңберіндегі білімнің сипаты білімді батыс еуропалық тұрғыдан түсінуден мүлде басқаша болып келеді.

Қорыта келгенде Қытай халқы - мәдениет пен өнердің қай саласында болса да қомақты табыстарға жетіп, дүние жүзілік өркениетке өзіндік үлестерін қосқан дарынды да, еңбекқор халық деп атауымызға болады.

## АЛАШТЫҢ ҚАЙРАТКЕРІ И- ӘЛИХАН БӨКЕЙХАНОВ

БҚГИУ «Тарих» мамандығының 4 курс студенті
Халиуллина Ә.Б.

Ғылыми жетекші: т.ғ.к., доцент
Алаштанушы Д.Д.Сүлейменова

Бүгінгі таңда күллі қазақ жұртының арманы мен мұңын біріктіріп, басын қосатын жалғыз ғана жол бар.Ол – «Біртұтас Алаш идеясы». 1917 жылы «Алаш» партиясы құрылысымен, соның негізінде нақты мемлекеттік идеяның негізін қалаған Біртұтас Алаш идеясы болды.Тарихшы Мәмбет Қойгелдиев ағамыз атап өткендей «Қазақ қоғамының Сун Ят Сені мен Махатма Гандиі – Әлихан Бөкейханов болатын». [1]. Міне осы Алаштың қара қуғын заманын түгелімен бастан

кешірген,абақтысында да, айдауында да болған халқымыздың өз еркіндігі үшін күрес жолында мәңгі өлмейтін терең із қалдырған қайраткерлердің бірі-Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейханов.

ӘлиханНұрмұхамедұлы Бөкейханов 1866 жылы наурыздың жиырма бесінші жұлдызында Семей облысы Қарқаралы ауданындағы Тоқырауын болысының жетінші ауылында өмірге келген. [2]. Ол XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ даласында кеңінен қанат жайған ұлт-азаттық «Алаш» қозғалысының негізін қалаушы және жетекшісі, Алашорда автономиялы үкіметінің төрағасы, публицист, ғалым аудармашы. Әлихан Бөкейханов Орта жүз ханы Бөкейдің ұрпағы.Оның Ата тегі: атақты Бөкей батыр көкжал Барақ сұлтанның ұлы.Анасы-Бегімханым.Оқу-білімге жақын,парасатты адамдар болған.Әлихан Бөкейханов алғашында Қарқаралыда молданын қолында білім алып, одан келісімен қаладағы үш сыныпты бастауыш мектепке ауысады.Оны бітіргеннен кейін 1879-1886 жылдары Қарқаралы қаласындағы қазақ балаларына арналған мектепте оқиды.1886 жылы Омбыдағы техникалық училищеде оқып, оны техник мамандығы бойынша бітіріп шығады.1890-1894 жылдары Санкт-Петербургтегі Орман институтының экономика факультетінде оқуға түседі. [3]. Ол мұнда жүріп күнделікті сабақтарына қоса студенттердің саяси, әдеби, экономикалық және тағы басқа үйірмелердің жұмысына қызу араласып, студенттік толқуларға қатысады. Оны екі ғасырға жуық Ресей империясының қол астында отырған халқының ауыр тағдыры қатты толғандыра бастайды. Қараңғылық пен надандықтың шырмауында отырған халқына білім мен мәдениет керек екенін ұғады, елдің тұрмысын, мәдениетін, білімін көтеруді өзінің алдына мақсат етіп қояды.Оқуын бітіріп,1895жылы Омбыға оралғанда Әлихан Бөкейханов Ресей империясының қазақ даласына жүргізген отаршылдық саясатына деген өзіндік көзқарасы қалыптасқан, марксизмнің экономикалық қағидаларымен қаруланған, саяси астыртын күрестің түрлері мен әдістерін үйреніп білген, күрес тартыстан біршама тәжірибесі бар саяси күрескер болатын. Ол Омбыға

келісімен қаланың саяси әлеуметтік, қоғамдық жұмысына белсене араласады.Халық бостандығы партиясының қатарына өтіп, өзі қазақ зиялылары мен саяси белсенділерінің арасында осы партияның шағын тобын ұйымдастырады. Әлиханның саяси көзқарасының пісіп, жетілуіне, кейін белгілі саяси, қоғам, мемлекет қайраткері әрі қазақ ұлт азаттық қозғалысының ұйымдастырушысы және көсемі ретінде танылуына, саяси күрескер ретінде шыңдалуына Омбыдағы күндері ерекше ықпал етеді.1905 жылдан бастап Ресей конституциялық-демократиялық партиясының (кадеттер) мүшесі, оның қазақ бөлімшесін құру мақсатында Оралда, Семейде жиындар өткізген.Соның бірі 1905 жылдың желтоқсанындаОрал қаласында және Қарқаралыда бес облыстық делегаттық сьезін өткізіп,»Қазақ конституциялық-демократиялық партиясын» құру шарасына қатынасады.Шарада Әлихан Бөкейханов 14 500 адам қол қойған Қарқаралы петициясын ұйымдастырушылардың бірі болған.1905 жылы Әлихан Бөкейханов Семей облысы қазақтарының атынан 1-ші Мемлекеттік думаға депутат болып сайланды. Бірақ ол думаның жұмысына қатыса алмады. Өйткені Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейханов өз жұмысын бастаған кезде Дала өлкесі генерал-губернаторының негізсіз жарлығымен, соттың тергеуінсіз, 3 ай Павлодар абақтысында отырды. Ал абақтыдан шығып Санкт-Пеетербургке жеткенде, Дума патшаның үкімімен таратылып, оның біраз мүшелері наразылық актісін қабылдау үшін сол кездегі Финляндияның Выборг қаласына жүріп кеткен еді. Әлихан Бөкейханов да солардың артынан аттанып Выборг үндеуіне қол қойды. Сол үшін жазаға тартылып, Санкт-Петербург сот палатасының төтенше мәжілісінің шешімімен 3 айға Семей түрмесіне жабылады. [4].

«Әлихан Бөкейханов және Алаш идеясы»деген тақырыпқа белгілі алаштанушы, жазушы, филология ғылымының докторы, профессор, «Отырар кітапханасы» ғылыми орталығының директоры Тұрсын Жұртбай былай деп атап өтті.

«Алаш партиясы тарих сахнасына 1917 жылы шілде-тамыз айларының өлара уақытында келіп қосылды. Алғаш рет жалпы қазақ құрылтайын өткізді. Діни басқарма мемлекеттік

құрылымнан тыс мекеме деп танылды. Өзінің идеясын бекітіп, жеке ел болуға қадам басты. Ғалымның айтуынша, Алаштың негізгі идеясын мынадай тұжырымдарға келтірген.
*Ең бірінші* – Алаш ұлттық демократиялық мемлекет болуы тиіс. Ол үшін ең алдымен «жер, жер және жер» болуы тиіс. Жерсіз Отан жоқ. Әлихан Бөкейхановтың ұйғарымы бойынша, қазақтың байырғы жерін қашан қазақтың өзі ғылым мен техникаға сүйеніп, толық игермейінше, жер жекеменшікке, қоныс аударушыларға берілмеуі тиіс. Жер – Отан. Жерді сатқан Отанды сатқанмен бірдей. Осы жерге біреу қадам басса, ең бірінші сол ұлттың өкілі басуы тиіс. Ал өзінен асып жатса – ғылым мен техниканы игерген соң қазақ өз еркімен береді.*Екіншіден* – Алаш жерінің астындағы, үстіндегі, көгіндегі барлық байлық қазақтың өзіне қызмет етуі тиіс. «Бөкейхановтың сөзімен айтсақ, «қазақтың әрбір тасы қазақтың өңіріне түйме болып тағылуы тиіс» делінген.*Үшіншіден* – қазақ мемлекетінде мемлекет құрушы ұлттың тілі, діні, менталитеті өзге ұлттарға қарағанда үстем болуы керек дегенге сайды. Яғни бұл оның идеологиялық ұстанымы болатын». [5].

Қорыта айтқанда Әлихан Бөкейханов жалғыз алаш жұртының ғана емес,күллі қазақ елінің ұлт мүддесін ту етіп аспанға көтере білген көш бастаушысы,зиялы қауым өкілі.Ол сол заманда орын алған көкейкесті мәселенің бірі – ұлттық теңдік, саяси бостандық күресі жолында ерекше еңбек сіңірген ұлы қайраткер.

Әлихан Бөкейхановтың қайраткер ретінде қалыптасуын екі рухани негізде бөліп карауға болады.*Біріншіден* – Әлихан еркіндік пен теңдікті жоғары бағалаған ортада өсуі ықпалын тигізсе, ал *Екіншіден*- XX ғасыр басындағы озық ойлы Еуропа мәдениеті мен дәстүрінің ықпалынсыз Әлихан Бөкейханов сияқты ірі қайраткердің қалыптасуы мүлде мүмкін еместігі.

Міне, осындай қанды ғасырдың қыран ұлына айналған Әлихан атамыздың мемлекет пен ұлт жолында атқарған қызметі жан-жақты зерттеліп, ел бойына сіңісіп, келер ұрпақтың санасында «Алаштың Әлиханы» деген атаумен мәңгі қаларына сенемін.Сөз соңында Қазақтың ұлы жазушысы Жүсіпбек

Аймауытұлының Әлихан Бөкейхановқа арнаған арнау сөзімен аяқтасам деймін. «Қараңғыда қан жылап,қаңғырған күнде басыңды қазақ жолына құрбан қылған ағамыз, асқар беліміз!»

Әдебиеттер тізімі:


1. Қойгелдиев М. «Алаш қозғалысы» Алматы 1995 ж
2. Әлихан Бөкейханов «Шығармалар жинағы» Алматы 1994 ж
3. [2.07б]
4. [2.15 б]
5. Alashainasy.kz


## ДЕМОГРАФИЧЕСКАЯ СИТУАЦИЯ В СТРАНАХ ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ


Коловертнова В. студентка
3 курса специальности «История» ЗКИГУ
Научный руководитель: старший
преподаватель Кобдабаева А.Б.


Центральная Азия географически представляет собой единый и исторически взаимосвязанный регион, но процесс суверенизации независимых государств Центральной Азии усугубил разрыв единого культурно-исторического пространства.

Разрыв в развитии республик Центральной Азии на современном этапе увеличивается из года в год. Казахстан обладает наибольшей площадью и наименьшей плотностью населения, на него приходится примерно 51 % суммарного регионального ВВП, большая часть которого страна получает за счет нефти. В Узбекистане самая большая численность населения, которая составляет 45 % всего населения региона. Кыргызстан и Туркменистан имеют почти одинаковое население. Но Туркменистан — пустынная страна с крупными энергетическими запасами, особенно запасами природного газа,

который дает 16 % регионального ВВП. А Кыргызстан — небольшая горная страна с незначительными природными ресурсами, за исключением водных ресурсов, гидроэнергетики и некоторого количества золота, что дает 5 % регионального ВВП. Таджикистан похож на Кыргызстан с точки зрения ресурсов и размера, но он еще беднее и более изолирован.

Несмотря на различия по площади, численности населения и экономической мощи, страны региона обладают рядом общих характеристик, включая советское наследие, трудности в доступе к мировым рынкам, экологические проблемы, значительную подверженность стихийным бедствиям и антропогенным угрозам, ухудшающуюся систему социального обеспечения, а также сложную политическую ситуацию и проблемы управления. Безопасное и устойчивое развитие любой страны зависит не только от динамики политических, экономических, социальных и экологических процессов, но и от динамики демографического развития, поскольку население страны представляет как цель, так и фактор развития.

Страны Центральной Азии (Казахстан, Кыргызстан, Таджикистан, Туркменистан, Узбекистан) имеют общую численность населения на начало 2006 г. 58223,6 тыс. чел. Самая большая численность в Узбекистане — 26100,0 тыс. чел., при плотности населения 56 человек на квадратный километр; в Казахстане — 15219,3 тыс. чел., 6 человек на квадратный километр; Таджикистане — 6920,3 тыс. чел., 48 человек на квадратный километр; в Киргизии — 5138,7 тыс. чел., 26 человек на квадратный километр, Туркмении — 4845,3 тыс. чел., 10 человек на квадратный километр.

При советской власти в республиках Центральной Азии был достигнут значительный рост численности населения и продолжительности жизни, а также произошли улучшения в здравоохранении, образовании и уровне жизни. В начале 1920-х гг. население было в основном неграмотным, а продолжительность жизни была ниже 40 лет. За последующие 70 лет весь регион добился почти полной грамотности, а средняя продолжительность жизни выросла до 68-70 лет. И хотя

численность населения Центральной Азии после распада Советского Союза продолжала увеличиваться в период с 1990 по 2004 гг., темпы ее роста снизились по сравнению с предыдущими годами. Обусловлено это в основном тремя причинами. Первая — эмиграция, особенно в первые годы независимости. Больше всех пострадал Казахстан, и именно эмиграцией в основном обусловлено снижение численности в этой республике. Вторая причина — это снижение уровня рождаемости во всех странах региона с 1992 г., по крайней мере, на 25 %. И, как следствие, наблюдалось значительное уменьшение числа детей в возрасте до пяти лет. Например, в Таджикистане в 1990 г. эта группа составляла 18 % населения, а уже в 1998 г. — всего 13,5 %. Наконец, третья — резкое снижение ожидаемой продолжительности жизни при рождении из-за распада государственной системы здравоохранения и значительного снижения затрат на социальную сферу во всех государствах Центральной Азии с 1990 г.

За период с 1999 по 2005 гг. рост числа рождений наблюдается только в Республике Казахстан — с 217578 до 278977. Уменьшение числа рождений мы наблюдаем в Узбекистане — с 544788 до 513000 (2001), Таджикистане — с 180900 до 178000 (2001). Данные по Туркменистану только за 1999 г. — 88017 родившихся. Одним из показателей рождаемости являются повозрастные коэффициенты. В Республике Казахстан число родившихся на тыс. женщин в возрасте 15-49 лет показывает динамику роста, лишь в возрасте 15-19 лет — снижение показателя с 33,92 до 26,03. Одним из точных показателей воспроизводства населения является суммарный коэффициент рождаемости, который в Казахстане вырос с 1,80 в 1999 г. до 2,22 в 2005 г., что является простым воспроизводством, замещающим поколение. Рост числа рождений в Республике Казахстан в последние годы можно объяснить улучшением социально-экономической ситуации, реализацией отложенных рождений 90-х годов, высокой численностью женщин фертильного возраста. В Республике Кыргызстан за период с 1999 по 2005 гг. происходит снижение повозрастных

коэффициентов рождаемости, а также снижение СКР с 2,63 в 1999-м до 2,58 в 2005 г. Нетто-коэффициент также показывает снижение. По остальным республикам Центральной Азии мы не имеем полных данных. По Таджикистану и Узбекистану есть данные только по СКР за 1999-2000 гг. — 3,84; 3,68 и 2,72; 2,58 соответственно. Эти данные показывают, что идет процесс снижения рождаемости как в Таджикистане, так и в Узбекистане. В Таджикистане мы имеем расширенное воспроизводство населения, т.е на каждую женщину в возрасте от 15 до 49 лет приходится от 3 до 4-х рождений, в Узбекистане — чуть больше простого воспроизводства. В Туркменистане в 1999 было 2,2 рождения на каждую женщину в возрасте от 15 до 49 лет — это простое воспроизводство населения. Уровень рождаемости снизился в каждой из стран со времени обретения независимости как минимум, на 25 %.

С обретением республикой в 1991 г. государственной независимости, началом трансформационных процессов и расширением возможности возвращения отдельных этнических групп на историческую Родину, в Казахстане, как и ряде других стран СНГ, в численности и структуре населения произошли значительные изменения.

По числу жителей Казахстан занимает четвертое место среди стран постсоветского пространства после Российской Федерации, Украины и Узбекистана, по размеру территории - второе место (после Российской Федерации). Вместе с тем Казахстан остается одной из самых малонаселенных стран мира. Плотность населения на 1 января 2009 г. в республике составила всего 5,6 человека на один квадратный километр.

В последние 20 лет демографическая ситуация в Казахстане кардинально изменилась. В 2002 году закончилась тенденция снижения численности населения, начавшаяся в 1992 году, сообщает пресс-служба Агентства РК по статистике.

В первые десять лет независимости численность населения снизилась на 1,6 миллиона человек, что было связано в первую очередь с возвращением на историческую родину части населения, относительно высокой смертностью и низким

уровнем рождаемости в транзитный период. Начиная с 2002 года, численность населения имеет устойчивую тенденцию роста, в первую очередь за счет естественного прироста, а начиная с 2004 года еще и за счет миграционного прироста.

В итоге, за годы независимости численность населения страны увеличилась в целом на 427 тыс. человек или на 2,6%. За годы независимости в стране родилось более 6 миллионов человек, естественный прирост составил около 3-х миллионов человек.

В результате снижения рождаемости и определенного роста смертности, а также значительного отрицательного сальдо миграции, превышающего естественный прирост населения, с 1992 г. численность населения республики имела тенденцию снижения вплоть до конца 2001г. Начиная с 1 января 2002г., в результате заметного увеличения рождаемости населения, притока иммигрантов и значительного снижения эмиграции, наметился ее рост и на 1 января 2009г. она составила 15778,2 тыс. человек. Общая численность населения страны по сравнению с 1991г., когда в республике проживало 16358,2 тыс. человек, уменьшилась, ее убыль на 1 января 2009г. составила 580,1 тыс. человек, или 3,5%.




*Демографическая ситуация в странах Центральной Азии.*

# ПЕДАГОГИКА

УДК 159.9: 316.37

## МЕЖЛИЧНОСТНЫЕ ОТНАШЕНИЯ В УЧЕЖЛИЧНОСТНЫЕ ОТНОШЕШЕНИЯ В УЧЕНИЧЕСКОЙ ГРУППЕ – ОСНОВА СОЦИАЛЬНОЙ АДАПТАЦИИ СТАРШЕКЛАССНИКОВ

студентка 4 курса ПиП Долбня А.
ст. преподаватель Нарицина Л.Г

Социальная адаптация личности является актуальной и одновременно одной из
сложнейших проблем социальной психологии и педагогики, так как она представляет собой не только состояние человека, но и процесс, в течение которого личность приобретает равновесие и устойчивость к влиянию и воздействию социальной среды. В процессе адаптации человек выступает объектом воздействия социальной среды и активным субъектом, осознающим влияние этой среды.

Юность считается очень важным периодом в психосоциальном развитии человека. Уже не ребенок, но еще и не взрослый, подросток сталкивается с различными социальными требованиями и новыми ролями, что и составляет существо задачи, которая предъявляется человеку в этом возрастном периоде. Ученический коллектив как модель общества характеризуется присущими обществу отношениями, атмосферой человеческих ценностных ориентаций. Поэтому ученический коллектив и возникающие межличностные отношения учащихся являются отношений между ними.

Общие в этих отношениях - это различного рода чувства привязанности, любви и преданности, а также желание сохранить эти отношения. Многие психологические проблемы получают свое решение, как только мы отказываемся от представления о том, будто люди всегда осознают мотивы своих действий, поступков, мыслей, чувств. На самом деле их истинные мотивы межличностных отношений необязательно таковы, какими они кажутся.

Межличностное общение оказывается процессом адаптации, приспособления к условиям переориентации в которых находится ученик. Эта переориентация может происходить медленно и постепенно или скачкообразно и быстро, но такая переориентация происходит обязательно (исследования Г.С. Абрамовой, Н.А. Амрекулова, Л.Д. Столяренко, Е.И. Рогова, Дж. Морено и др.. Социально-экономические изменения, резкое увеличение объема научной информации на фоне общего кризиса системы образования привели к необходимости существенного обновления целей, задач и содержания образования, что, в свою очередь, потребовало разработки новой парадигмы образования, соответствующей запросам обновляющегося общества. Причём процесс формирования межличностных отношений как токовых существующих в педагогическом процессе, должен осуществляться на основе методологического положения о личности как субъекте деятельности и ее целостности.

В этой ситуации заметно активизировался поиск инновационных моделей межличностных отношений и их влияние на адаптацию Абрамовой Г.С., Амрекулова Н.А., Бодалева А.А., Коломинского, Столяренко Л.Д., Рогова Е.И., Дж. Морено, Захаровой А.В. Куницыной Н., Мудрик А.В и др.Значительный вклад в разработку данного вопроса внесли казахстанские ученые, педагоги практики и публицисты Сарсенбаев А.С., Шайкенова А.Т., Наурызбаева Р. Джилкишеева МС, Арынгазиева А.А и др.

Традиционная социальная психология обращала преимущественно свое внимание на межличностные отношения, поэтому относительно их изучения значительно раньше и полнее был разработан арсенал методических средств. Главным из таких средств является широко известный в социальной психологии метод социометрии, предложенный американским исследователем Дж. Морено

В жизни каждого человека наступают периоды, когда вместо привычного окружения он оказывается в новых для него условиях. Эти перемены, во-первых, могут быть связаны с

возрастными этапами, в зависимости от которых появляются новые сферы деятельности, расширяется круг общения, возникают новые задачи взаимодействия с социальной средой, так называемой адаптации.

Термин адаптация был заимствован из биологической науки с несколько видоизмененным содержанием. Под адаптацией (от лат. adaptatio - приспособление, прилаживание) принято понимать способность организма приспосабливаться к различным условиям внешней среды [2 ]. Социальная адаптация - приспособление человека к условиям новой социальной среды; один из социально-психологических механизмов социализации личности [2].

Адаптация неизбежна в тех ситуациях, когда возникает противоречие между нашими возможностями и требованиями среды. Выделяют три стиля, с помощью которых человек может адаптироваться к среде:

а) творческий стиль, когда человек старается активно изменять условия среды, приспосабливая ее к себе, и таким образом приспосабливается сам;

б) конформный стиль, когда человек просто привыкает, пассивно принимая все требования и обстоятельства среды;

в) избегающий стиль, когда человек пытается игнорировать требования среды, не хочет или не может приспосабливаться к ним.

Адаптация - это динамический процесс, благодаря которому подвижные системы живых организмов, несмотря на изменчивость условий, поддерживают устойчивость, необходимую для существования, развития и продолжения рода [2].

В течение всей жизнедеятельности человека развиваются его психические процессы посредством познавательной и мыслительной деятельности. Во- первых человек соотносит себя и социальную среду, вырабатывает новые навыки взаимодействия с ней для достижения оптимального соответствия между своими индивидуальными особенностями, потребностями и внешней средой. Во-вторых, человек может

быть поставлен в новые для него условия вследствие радикальных перемен в общественном строе, идеологии, к которым он может быть в разной степени подготовлен и которые может в разной степени принимать. В-третьих, по своей инициативе или вынужденно он может оказаться в новых социальных условиях в связи с переменой места жительства.

Когда говорят об общении, то обычно имеют в виду взаимодействие между людьми, осуществляемое с помощью средств речевого и неречевого воздействия и преследующее цель достижения изменений в познавательной, мотивационно-эмоциональной и поведенческой сферах участвующих в общении лиц. Под отношением же, как известно, понимается психологический феномен, сутью которого является возникновение у человека психического образования, аккумулирующего в себе результаты познания конкретного объекта действительности (в общении это другой человек или общность людей), интеграции всех состоявшихся эмоциональных откликов на этот объект, а также поведенческих ответов на него [3].

Самой важной психической составляющей отношения оказывается мотивационно-эмоциональный компонент, который сигнализирует о валентности отношения — положительной, отрицательной, противоречивой или безразличной.

Когда один человек вступает в общение с другим, то оба они фиксируют особенности внешнего облика друг друга, «прочитывают» переживаемые состояния, воспринимают и истолковывают тем или иным образом поведение, так или иначе расшифровывают цели и мотивы этого поведения. И внешний облик, и состояние, и поведение, и приписываемые человеку цели и мотивы всегда вызывают у общающейся с ним личности какое-то отношение, причем оно может дифференцироваться по своему характеру и силе в зависимости от того, какая сторона в другом человеке его вызвала [3].

Возможно также, что вследствие нового осознания действительности та же социальная среда и сама личность начинают восприниматься по-иному. Таким образом, в своей

жизнедеятельности личность постоянно сталкивается с необходимостью социально-психологической адаптации к новым условиям.

**Литература**

1.Рубинштейн С. Л. “Основы общей психологии, М., 1976

2.Иржасова Ж. Новый подход к проблеме нравственно - духовного воспитания и развития личности в системе профессинальной подготовки учителя. \ Образование\., №2, Алматы , 2006

3.Бодалев А.А . Теория межличностных отношений - М, 2000.

## ТОЛЫҚ ЕМЕС ОТБАСЫНДАҒЫ ЖАСӨСПІРІМДЕРДІҢ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Бактыгалиева А.М.
«Педагогика және психология»
мамандығының 4 курс студенті.
Ғылыми жетекші: Джонисова Г.К., п.ғ.к.
Батыс Қазақстан инженерлік-
гуманитарлық университетінің доценті,

Қоғамдық жаңғыру кезеңінде, Қазақстандағы әлеуметтік, саяси, экономикалық қатынастардың институттарының да жұмыс бағыты мен мазмұнына жаңа талаптар қойып отыр. Осының өзі қоғамдағы отбасының орны, оның басты міндеті – бала тәрбиесінде болған көзқарасты өзгертіп, жаңа тұрғыдан тану мәселесін туындатты. Қазіргі педагогика, қоғамтану, саясаттану, психология, философия, әлеуметтану, демография секілді ғылым салалары адамның дамып қалыптасуындағы отбасының өзіндік орнын баса көрсетуде.

Отбасында ата-ана өзінің баласын қандай адам етіп тәрбиелеуді өздері алдын-ала белгілейді. Отбасы тәрбиесінде қолданылатын әдістер де өзгеше екені белгілі. Онда баланың аз да болса өзіндік өмір тәжірибесі, әдет, дағдылары, құмарлығы мен қызығулары қалыптасады және ескертіні бар. Көптеген ғылыми-педагогикалық, психологиялық әдебиеттерде қоғамдық мекемелердегі тәрбие қаншалықты ғылыми негізді болса да баланың дамып қалыптасуына отбасы тәрбиесінің ықпалының аса пәрменді болатынын көрсеткен. Бұлай болуының басты себебі – отбасы мүшелерінің арасындағы қарым-қатынас сипатында екені тағы белгілі.

1994 жылды БҰҰ Халықаралық отбасы жылы деп белгілеп әлемдік қауымдастықтың бұл мәселеге мән беруін көздеген еді. Осы шараның нәтижесі ретінде қазіргі күні Қазақстанда «Отбасы және демография», «Отбасын әлеуметтік қамсыздандыру қоры», «Ана және бала денсаулығы» секілді ұйымдар қызмет етуде. Атаулары көрсетіп тұрғандай бұл ұйымдардың әрқайсысының өз функциясы бар болғанымен олар ата-аналардың педагогикалық сауатын ашу, отбасы тәрбиесінің шарттарымен қаруландыру мәселесін шешпейді.. Баланың отбасынан қашықтап, оның ықпалынан сырт қалуының психикасына әсерін Т.В.Лодкина, А.И.Захаров, В.С.Мухина, Е.О.Смирновалар атап көосеткен. А.Н.Леонтьев, С.А.Козлова, балаға отбасы жылулығының ықпалын атап өткен. Жақын адамдардың ықпалын баланың алдымен сезініп, түйсінуі және сөз түрінде бейнелеуінің маңызын А.В.Запорожец, А.Д.Кошелева және т.б. белгіленген. Отбасы тәрбиесінің терең эмоциялы сипатын, қаны бір адамдар арасындағы сүйіспеншілік қарым-қатынасын ата-ана мен баланы жақындатуының маңызын – Ю.П.Азарова, И.В.Гребенников, Т.А.Маркова, А.Г.Харчев т.б. белгіленген. Қазіргі заман отбасыларының дефектілерін «неблагополучные» дейді М.И.Буянов ажырасудың бала психикасына ықпалын З.Матеичик, Х.Фигдор т.б. белгіленген. Екінші некенің бала тәрбиесіне, дамуына теріс әсерін Е.П.Арнаутова, А.И.Захарова, Е.И.Кульчицкая т.б. Жалғыз бала тәрбиесі туралы А.П.Усова, егіздер тәрбиесін Р.Скиннер,

К.Витек т.б. зерттеген. Бала психикасының қалыптасуына ананың әсерін психотерапевт А.И.Захарова, психолог Д.Б.Эльконин, А.Я.Варга т.б. зерттеген.

Отандық ғалым Ұ.И.Ауталипова отбасы тәрбиесі мәселелеріне зерттеулер арнаса, Л.Ибрагимова қазақ этнопедагогикасындағы отбасы қазіргі таңда отбасы қызметінің ортақ топтамасы немесе жіктемесі жетік қарастырады З.И.Файнбург отбасындағы эмоциялық жағдайлар, олардың отбасы ішілік қатынастың тұрақтылығына көңіл бөлді. Ал, Шужебаева А.И. отбасы тәрбиесі жағдайында балалардың қарым-қатынасындағы қиындықтарын психологиялық-педагогикалық жағынан қарастырды. Отбасы бүкіл ғасырлар бойы адам баласы тәрбиесінің құралы болып келеді. Сондықтан ол адам үшін ең үлкен мәнге ие орта.

Отбасы белгілі дәстүрлердің, жағымды өнегелердің, мұралардың сақтаушысы. Онда бала алғашқы рет өмір жолымен танысады, моральдық нормаларды игереді. Сондықтан отбасылық өмір жеке адамның азамат болып өсуінің негізі.

Отбасы тәрбиесі-бұл қоғамдық тәрбиенің бір бөлігі, мемлекет алдындағы ата- аналардың борышы. Оған дәлел: балалар мекемелері жөнінде халықтың қажеттілігін толық қанағаттандыру, балалардың еңбек, спорт лагерлерінің, жас натуралистер станцияларының, ғылыми- техникалық және көркемдік шығармашылық үйірмелерінің жүйесін кеңейту; ананы, балалық шақты қорғауға ерекше көңіл бөлу; отбасы мүшелерінің демалуы үшін санаторийлердің, демалыс үйлерінің жүйесін кеңейту; аналар жағдайын еске алып, әйелдердің халық шаруашылығына қатысуын үйлестіру.

Отбасында басты мәселелердің бірі- баланың тіршілік әрекетін ұйымдастыру. Бұған баланың күн ырғағы, міндеттері, қойылатын талаптар, оның үй еңбег Қазіргі кезде отбасының “уақталу”процесі жүруде. Ол дегеніміз- жас ата-аналардан тұратын әжесіз, атасыз отбасылар. Бұл отбасының беріктігін нығайтып, дербес ұжымды қатынастырады. Қиындықтар достық пен ынтымақтастықты нығайтып, қуаныш пен қайғыны бөлісуге тәрбиелейді.

Қазіргі отбасы ажырасу санының едәуір артуымен сипатталады. Ажырасудың 90% тұрмыс қолайсыздығы мен дайындықсыздың салдары. Дегенмен барлық ажырасуларға жағымсыз баға беруге болмайды, өйткені кей жағдайда ажырасу баланың психикасына теріс әсер ететін ұрыс- жанжал, отбасылық кикілжіңді алдын алады.

Бүгінгі таңда толық емес отбасыларында өскен балалар өте қамкөңіл, ренжігіш, күйгелек мінезді болып өсіп келеді. Аналық мейірімді қатты аңсайды. Ондай бала көңіліне ұнамағанды істемейді, қоғамдық пайдалы еңбектен бас тартуға әрекет жасайды. Баланың мінез ерекшеліктеріндегі мұндай кемшіліктер отбасы тәрбиесінде көптеп кездесуде.

Отбасы тәрбиесінде Отанымыздың демократиялық құрылымға бет бұрған алғашқы, өтпелі кезеңінде, қазіргі кездегі ата-ана баланы патриотизмге тәрбиелеу ісінің бәсеңдігінің куәсі болдық. Сонымен бірге, еңбек тәрбиесіне көңіл бөлмеген жанұяларда бала бос уақытын көптеген жағдайда әртүрлі қызықтар қуумен өткізеді. Ол жастардың азғындауына апарып соғатын бірден-бір нақты жағдай болып отыр.Отбасының толық және толық емес түрлері болады.

**Толық** отбасында ата – анасы, балалары және әдетте, әкесі жағынан да шешесі жағынан да аға ұрпақ өкілдері – атасы мен әжесі болады.

**Толық емес отбасы** балалардың ата – анасының біреуінің ғана болуымен сипатталады. Соның өзінде балалардың ата – аналары ажырасқан болса, балалары соның қарамағында қалған ата – анаға екінші жағы балаларды және еңбекке жарамсыз ерлі – зайыптыны бағып – қағу үшін алимент төлейді. Егер ерлі – зайыптылардың біреуі қайтыс болып, екіншісінің қарамағында кәмелетке толмаған балалары қалса, онда оған мемлекет жәрдемақы ретінде материалдық көмек көрсетеді. Сөйтіп, толық және толық емес отбасы да тең жағдайда заң және мемлекетарқыы қорғалады.
Осындай толық емес отбасында бала тәрбиесіне келгенде көп қиыншылықтар болатыны сөзсіз. Жоғарыда айтылғандай бала тәрбиесі ата-ананың ең жауапты ісі болмақ. Егер ата-ананың бірі

болмай, бала тәрбиеленсе, баланың мінез-құлқынан көптеген ерекшеліктерді көруімізге болады. Солардың ішінде жас өспірім шақтағы оқушылардың мінез-құлқына тоқталсам:

Жасөспірім жасындағыларды тиісті әдебиеттерде «Қиын», «өзгерілу», «ауысу жастары» деп атайды. Соңғы жағдайда «ауысу жасында» жеткіншек балалық кезеңдерден ересек жасына ауысады. Жасөспірім өзге жастарға қарағанда педагогтар пен тиісті әдебиеттерге көп әңгіме болып, жиі көтеріледі. Себебі бұл кезеңде оның психикалық даму ерекшелігі жас баламен ересектерге қарағанда әлде қайда өзгеше болады. Бұл кезеңге тән тағы бір ерекшелік жасөспірім барлық нәрсені өз бетімен орындап, үлкен адамдардың қамқорлығымен ақыл кеңесінен құтылғысы келеді. Жасөспірімнің ересектен айырмашылығы тек үлкен адамдармен қатынасының өзгеше келетініндей емес, сонымен қатар биологиялық дамуы (жыныс т.б жетілуі) жағынан кеңінен өріс алатынында. Ал жалпы алғанда жасөспірім тың өзгеше сипатта келед

Сонымен қатар бүгінгі заман жасөспірімдері үлкен адамдардың талабына көне кетпейді. Себебі, біріншіден қазіргі кезде оқушылардың көпшілігінің соның ішінде жасөспірім жасындағылардың көбінесе оқудан айналысатын басқа тапсырмасы жоқ.Жасөспірім бала кезінен ересек кезеңіне ауысуы психологиялық тұрғыдан жаңа сапа, бірақ осыдан ауысудың себебі сол болып келген психикалық дамудың салдарыан: егер үлкендер жасөспірімді бала деп ееcптесе, керісінше олар өзін есейдік деп санайды. Бұл екі арадағы дәл келмеушілік қайткенде де жеткіншектің дамуына әсер ете алады. Жасөспірімнің өз беттілік қасиетке ұмтылып, үлкендердің қамқорлығына босануға тырысуы баланың бәрінде кездесетін болғаны мен бір қатары күні-түні фантастикалық әдебиеттерді оқып, солардың кейіпкерлеріне еліктейді. Әдетте жеткіншектерді тәрбиеге көнбейтін қиын жас деп сипаттайды. Солай деп бағалайтыны біріншіден бұрынғы кездегі психикасы мінез-құлқы өзгеріп, соның негізінде жаңа қасиеттер пайда болатыныннан. Кейде мұндай өзгеріс аз уақыттың ішінде болуы мүмкін. (бірақ өзгеріске ұшырау

жасөспірімде бір уақытта кездеспейді). Екіншіден осындай психиканың жаңа саласының пайда болуынан бала қиналысқа ұшырайды уайым шегеді, оның тәрбиеге көнуіне бөгет жасайды. Мұндай өзгерістерді психологтар түрліше дәлелдейді. Осы ғасырдың бас кезінде психолог З. Фрит жасөспірім үлкендердің қамқорлығына көнбейтінін «өзім бәрін орындаймын дейтінін жыныс қасиетінің салдарынан болатын санасысыз әуесқойлық» деп түсіндірді.

Жасөспірім жастағыларға ата-аналардың эмоциялық қолдауы, жылылығы өте қажетті нәрсе. Жасөспірімнің отбасындағы және одан тыс жерлердегі агрессивті мінез-құлқының қалыптасуына отбасылық тәрбиенің төмендегідей факторларын атап айтуға болады:
-баланың өздеріне ұнамайтын мінез-құлқына ата-ана жасөспірім арасындағы қарым-қатынастың сипаты;
-отбасындағы үйлесімдік немесе үйлесімнің жоқтығы;
-туған аға-әпке, іні-сіңілілерімен қарым-қатынасының сипаты;

Жоғарыда мен жасөспірім жасындағы балардың мінез-құлық ерешеліктеріне тоқталып өттім. Жалпы толық отбасымен толық емес отбасындағы балалардың мінез-құлқында көптеген ерекшеліктер болады. Себебі кішкентай күнінен бастап, бала әке немесе ана жылуын сезінбесе, оның тәрбиесін көрмесе әрине ол балада дұрыс даму процесс жүрмейді. Бала өте жасқаншақ, ұялшақ болуы мүмкін ол тіпті мектепте де дұрыс қарым-қатынасқа түспеуі мүмкін, бұл яғни үйдегі отбасылық жағдайдың бала тәрбиесіне тигізіп отырған әсері деп түсінеміз. Мұндай толық емес отбасынан шыққан балалар мен мұғалмдер жұмыстануы қажет, себебі баланың бойында жағымсыз мінез-құлықтар қалыптасуы мүмкін.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1. «Ұлағат» -2010 №6 / Ахмедалиева. Д -«Сәтсіз отбасылармен жұмыс»
2. «Жанұя мен мектептегі тәрбие» -2010 №3 «Жас ұрпақты тәрбиелеудегі отбасының маңызы.»

3. «Жанұя мен мектептегі тәрбие»-2007ж №2- «Отбасылық тәрбиедегі проблемелер»
4. Н.Елікбаев. Ұлттың психология. - А., 1992.
5. Азаров Ю.П. Отбасы педагогикасы. М. 1985.

## АУТИСТ БАЛАЛАРҒА ЖҮРГІЗІЛЕТІН ТҮЗЕТУ ДАМЫТУ ЖҰМЫСТАРЫ

Аяпбергенова Ж
БҚИГУ «Психология»
мамандығының 2 курс студенті
Ғылыми жетекшісі: оқытушы Талпакова С. А.

**Зерттеудің көкейкестілігі:** Аутизм–соқырлық пен саңырау ақаулықтарына қарағанда жиі кездеседі. Аутизмнің пайда болу себептері әлі де айқын нақты зерттелмеген. Ғалымдар синдромның негізгі себептерінің бірі тұқымқуалаушылық жолмен пайда болатынын зерттеген. Тұқымқуалау механизмі дұрыс анықталмағанмен ол моногендік жолмен пайда болатыны анықталынды, яғни синдромның дамуы тек қана 1 геннен емес бірнеше геннін топтарымен байланысты. Осы ретте ғылыми жұмыста аутист балалардың пайда болу себептері, оларды алдын алу және олармен жүргізілетін түзету дамыту жұмыстары көрсетіледі.

**Зерттеудің мақсаты:** Аутист балалардың психикалық жай-күйлерін оңалту бағытымен, түрлі психологиялық-педагогикалық түзету-дамыту жұмыстарын жүргізу.

**Зерттеудің болжамы:** Егер аутист баланы ерте жаста анықтап, оларға тиімді түзету шараларын жүргізсек, онда баланы қалыпты өмірге тәрбиелей алар едік.

Аутизм - (гр. *autos* - өзім) - адамның сырткы дүниеден оқшауланып, өзімен-өзі болып, іштей сары уайымға салынған кездегі көңіл күйі. Бұл терминді 1912 жылы Э. Блейлер адамның ішкі эмоциялық кажеттіліктерімен реттелетін және шынайы әрекеттерге тәуелділігі шамалы

аффективтік саланың айрықша түрін белгілеу үшін енгізген. Аутист балалардың есте сақтау қабілеті жоғары болады. Математика және музыкадан дарынды, бірнеше тілдерді меңгеруі де мүмкін. Бірақ бұл қасиеттер әдеттегі жастан кейінірек байқалады. Сондықтан да бұндай балалар арнайы интернаттарда емес, кәдімгі жанр ортасында тәрбиеленуі қажет.

Аутизм – бала дамуындағы ауытқушылықтың ауыр түрі, ол әлеуметтік ортамен қарым-қатынастың жоқтығын білдіреді. Симптом ретінде аутизм көптеген психикалық ауруларда кездеседі, бірақ кейбір жағдайларда ерте жастан байқалып, бала дамуына кері әсерін тигізеді. Бұл жағдайды ерте балалық аутизм (ЕБА) синдромы дейді. Сонымен қатар бала бойында аутизмнің кейбір клиникалық көріністері байқалса оны аутистикалық тұлғалық қасиеттер деп атайды. Нақты симптом ретінде 2-3 жасқа қарай қалыптасуы мүмкін.

Аутизм ауруын бірінші ашып зерттеген американ психиатры – Лео Каннер. Балалық аутизмі әр түрлі болады және зиятпен сөйлеу дамуының деңгейлері әр түрлі болады. Л.Каннер бойынша ерте балалық шақтағы аутизм синдромы келесі үш көрсеткішті біріктіреді деп көрсетті: аутистикалық уайымдар, стеротипі, үйреншікті, бір қалыпты мінез-құлық, сөйлеу тілінде ерекше сипаттағы кемістіктер[1; 3].

Қазіргі уақытта аутизмнің нақты себептері анық зерттелмеген. Көп ғалымдардың деректері бойынша аутизммен ауырған балалардың себебі орталық жүйке жүйесінің бұзылуы салдарынан болады. Тұқым қуалаушылық фактордың әсері мол екенін көптеген зерттеушілер мойындайды. Сонымен бірге мидың органикалық зақымдалуы да аутист балаларда жиі кездеседі.

Тұқым қуалаушылық хромосомалық өзгерістер, зат алмасу өзгерістері, анасы жүкті және туу кезінде алған жарақаттар, нейроинфекциялар,т.б.да жағымсыз әсер ету мүмкіндігі бар.

Аутист бала – ерке, тәртіпсіз сияқты әсер береді, бірақ диагнозды ерте қойып, ерте емдесе баланы жазып алуға болады. Аутист бала ешкіммен араласпайды,тұйық болады.

Жалпы тұйық мінез әр түрлі себептерге байланысты:

- Баланың жеке мінезіне
- Көру мен есту кемістігіне
- Зияттың жетілмеуіне
- Сөйлеу аппаратының бұзылғандығына
- Невротикалық өзгерістерге
- Ұзақ уақыт қарым-қатынассыз қалғандықтан

Л.Каннер аутизмді нақты психикалық дамудың бұзылуы деп тапқан және келесі көрсеткіштерін ажыратқан:

- жалғыздықты жақсы көру.
- ешқашан адаммен көзбе-көз кездеспеу.
- ым-ишарасының, дауысының, дыбыс ырғағының болмауы.
- бағытының шарттары тұрақты болуына тырысуы бәрі біркелкі болып өзгермеуі керек.
- эмоциялық тұрғыдан ешкіммен араласпау.
- біркелкі қимылдарды қайталай береді.

Аутист баланың сөйлеу процесі бұзылғандықтан,олардың 50% мутизм болады және эхолалия жиі болады[3; 8].

**Аутизмның түрлері**. Қазіргі таңда аутизмның келесі типтері белгілі:

**Каннер аутизмі**. (Каннер аутизмі) Бұл балаларда жиі кездесетін әрі жетік көңіл бөлуді талап ететін аутизмнің ауыр түрі. Ең басты сипаттамасы: баланың тым кеш сөйлеуі. Басқа да белгілері: жалғыздықты ұнатады, күнделікті өмірдегі тәртіптің өзгеруіне қарсы өте сезімтал, ешкімге еліктемейді, үнемі бір қимылды қайталайды. Қасындағы адамдардың сезімін түсінбеуі, сөйлегенде бірде айғайлап, бірде сыбырлап сөйлеуі мүмкін. Аутизмнің белгілері үш жасынан бастап (кейде одан да ерте) байқалады.

**Аспенгер синдромы**. (Аутистикалық психопатия) Бұл алдыңғысымен салыстырғанда, аутизмнің жеңілдеу түрі. Белгілері каннер синдромына ұқсас алайда, балалардың интеллекті айтарлықтай жоғары. Әдетте белгілі бір салаға жоғары қызығушылық танытып, сол саланы жетік меңгере алады. Логикалық ойлау қабілеті дамыған, сөйлей алады. Бірақ адамдармен байланысқа түсуі қиын. Болашақта бір саланың шебері болуы әбден мүмкін.

**Ретта синдромы**. Аутизмнің ең сирек әрі тек қыздарда кездесетін түрі. Әдетте қыздар екі жасқа дейін қалыпты дамып келеді де, бірден барлық қабілеттерінен айрыла бастайды. Мәселен, өздігінен киіне алмайды, бірте-бірте сөйлей алмай қалады, қолында заттарды ұстай алмайды, бұлшық еттер тонусы жоғалады. Психикалық күйреудің салдарынан жиі ұстамалар болады. Аутизмнің бұл түрі жетік зерттелмеген, сол себепті аурудың соңы өлімге алып келуі мүмкін.

**Процессуалды аутизм**. Аутизмнің бұл түрі ер балаларда жиі кездеседі. Олар 3-5 жасына дейін жақсы дамып, белгісіз себептермен бірден түрлі қабілетін жоғалта бастайды. Әрі қарай Каннер синдромының белгілері байқалады[7; 45].

**Аутист балармен жүргізілетін түзету-дамыту жұмыстары.** Аутизм баланы ауру немесе ауыратын деп санаудың орнына оны оның дамуы мен оқуына белгілі бір жағдай мен тәсіл қажет болатын "басқаша бала" деп санаған дұрыс. Бала аутизмі бар баламен коррекциялық жұмыстар жүргізгенде негізгі бағыттар төмендегідей болады.

1. Сезім мен қабылдауды, көру арқылы қозғалыс қимылдарын дамыту.

2. Өзіне қызмет етуді дамыту

3. Қарым-қатынас жасауда сөйлеу тілін дамыту.

Аутизм баламен коррекциялық жұмыс жүргізу үшін ең бірінші тренинг арқылы психикалық процестерін дамыту ойындары жүргізіледі. Корекциялық жұмыс бір уақытта бірнеше бағытта жүргізіліп, кез келген бір бағыттағы ойын жүзеге асуы мүмкін.

Әрбір ойын түрлерінің өзіндік маңызы бар:

1. Стереотиптік ойын (баланың өз бетінше ойыны, ойынның қайта-қайта қайталануы, ойынның өзгеріссіздігі, ойынның ұзақтығы).

2. Сенсорлы ойын (көру, есту, ұстап көру, қозғалыс-қимыл жасау, иіскеу, дәм сезу).

3. Терапевтік ойын. Бұл ойын алдын ала даярланады (эмоция мен сезімді ояту).

4. Психодрама ойыны (қорқыныш пен үрейді бәсеңдету).

5. Бірігіп сурет салу ойыны (қоршаған ортамен таныстыру, шынайы әлемдегі өмірге бағыттау)

№1 тренинг

*Мақсаты:* 1. Сезіммен қабылдауды, көру арқылы қозғалыс қимылдарын дамыту.

2. Өзіне қызмет етуді дамыту.

3. Қарым-қатынас жасауда сөйлеу тілін дамыту.

*Қажетті құралдар:* "Сеген тақтасы", пирамида, қуыршақ, доп, машина, түрлі-түсті домалақ конфеттер.

*Әдіс-тәсілі:* Бақылау, тренинг ойын арқылы үйрету, түзету, дамыту.

Ойын түрлері: 1. Стереотипті ойын - баланың өз бетінше ойыны

2. *Сенсорлы ойын*

*Тренинг барысы:* 1. Ұйымдастыру кезеңі

2. Баланы сыртынан бақылау

3. Тренинг ойыны

4. Тренингтің нәтижесі

1. *Ойын "Танысу"*

*Мақсаты:* Доп лақтыру, машина жүргізу арқылы қарым-қатынасқа түсу.

*Шарты:* - Менің атым...

- Сенің атың кім?

*2. "Сеген тақтасы"*

*Мақсаты:* Конструктивті - ойын арқылы ойлауын дамыту.

*Шарты:* Бала фигураларды орнына қояды.

*3. Ойын "Конфеттер"*

*Мақсаты:* Ұсақ қол қимылдарының қозғалысын және ұмтылысты дамыту.

*Шарты:* 1. Түрлі-түсті конфетті айырып теру.

2. Бала алақанын жайып, қолын созады да сөзбен "берші" - деп сұрайды.

*4. Ойын "Самолет"*

*Мақсаты:* Мүмкіндігінше баламен қарым-қатынасқа түсіп, көңіл-күйін табу.

*Шарты:* Бала екі қолын жайып, самолет болып ұшады.

Қанат қып қолды жазайық,

Самолет боп ұшайық,
Орманнан асып өтейік,
Мамаға қайтып келейік.

*5. Ойын "Топ-топ-топ"*

*Мақсаты:* Ірі қозғалыс-қимылдарын дамыту.

*Шарты:* Бала үлкен қадам жасайды, секіреді, жүгіреді.

Топ-топ-топ-топ басайық,
Үлкен қадам жасайық,
Ал, қанекей жүгіріп,
Аяқты жиі басайық.
Топ-топ-топ, топ-топ-топ.

*Нәтижесі:* 1) Ересектермен біртіндеп қарым-қатынасқа түседі
2) Баланың қызығушылығы оянып, ойынға қосылады [2; 16].

**Қарым-қатынасқа түсу қабілетін дамыту кезеңі**

1. Көз арқылы қарым-қатынас орнату үшін жүргізілетін іс-шаралар.

1.1. Баланы шақырғанда - балаға қарама-қарсы отырып, есімін атап шақырып, сонымен қатар, өзіңізге назарын аудартуға тырысыңыз (көздерімен, қимылмен) стимуляторды көздерінің жанына әкеліп қойыңыз. Бала сізге қарағаннан кейін 1 секунд арасында сол затты балаға беріңіз.

1.2. 5 секунд бойы суреттелген әрекетті қайталаңыз, бірақ 5 секундтан артық стимуляторды ұстамаңыз.

1.3 Ойын кезінде - балаға ойыншықты беріңіз, үстелде ойнасын, қарама-қарсы отырып атын атаңыз. Өзіңізге қаратуға шақырыңыз. Бірте-бірте назарын аудару үшін қимылдарыңызды білдіртпеуге тырысуыңыз қажет.

1.4. Қашықтық - әрекетті 90см. 1.3 әрекетті 90см. қашықтықта отырып қайталау керек, қашықтықты үлкейте отырып шақыруды азайту керек.

1.5. "Маған қара" - деп шақырып 1.1 әрекеттерді қайталаңыз.

**2. Негізгі іс-қимылдарды имитациялау**.

Балаға қарама-қарсы отырып, назарын аударыңыз.

"Мынаны жаса" деген нұсқаны беріп, іс-қимылды көрсетіңіз. Балаға көмек көрсетіп, бірте-бірте көмекті азайту керек.

2.1. Үстелді тоқылдат
2.2. Алақаныңды соқ.
2.3. Қолыңды бұлға.
2.4. Қолыңды көтер.
2.5. Есікті тоқылдат.
2.6. Амандасып қолын ал.

**3. Заттармен іс-қимылдарды имитациялау.**

"Мынаны жаса" деген нұсқаумен бірге іс-қимылды орындай отырып, балаға қимылды қайталатып, келе-келе көмекті азайту керек.

3.1. Кубикті шелекке сал.
3.2. Аузыңды сүрт.
3.3. Сурет сал.
3.4. Ойыншықтарды сылдырлат.
3.5. Бас киіміңді ки
3.6. Ермексазды ал.
4.1. Баламен тактилді, актуалді түрде жақындасып, жылы эмоционалды қарым-қатынас орнату.
4.2. Дыбыстарды іс-қимылдарды қайталауға дағдыландыру.
4.3. Әртүрлі ойыншықтарды қолдану арқылы елістету.
4.4. Дыбыстарға еліктеу. (аф, мяу, кукареку)

## Танымды қабілеттерді дамыту кезеңі

1. Сөздерді нұсқауларды ұғынуға үйрету.

Балаға қарама-қарсы отырып, зейінін тоқтатып "Мынаны жаса" нұсқауымен бірге қимылды орындап балаға көмек көрсету керек.

1.1. Тұр. 1.4. Қолыңды көтер.
1.2. Отыр. 1.5. Есікті аш.
1.3. Мында кел. 1.6. Қолыңды бер.

**2. Дене мүшелерін үйрету.** Балаға қарама-қарсы отырып "көрсет" нұсқауын бере отырып, дене мүшелерін іздеп табуға көмек көрсету қажет.

2.1. Дене мүшелерін атау.

Өз дене мүшеңізді ұстап көрсетіп, бұл не деп сұраңыз.

2.2. Бұл не? Көрсет. 2.5. Іш.
2.3. Аяқ. 2.6. Көз.

2.4. Мұрын. 2.7. Қол.

**3.Түстерді сәйкестендіру.** Баланың алдына түрлі-түсті доптар қойып, "көрсет" деген нұсқаумен бірге бұл түстер қандай түс деп сұраймыз, түсті атаймыз.

3."Көрсет". "Бұл қандай түс?"

3.1. Көк. 3.3. Қызыл.

3.2. Сары. 3.4. Жасыл.

**Суреттер бағдарламасы кезеңі**

**1. Суреттер бағдарламасы**. Суреттерді баланың алдына тізіп, "Көрсет" деген нұсқау бойынша "Бұл не?" сұрағын қойып, бірдей суреттерді таңдауға дағдыландырыңыз.

1.1. Анаңды көрсет. 1.2. Атаңды көрсет.

1.3. Итті көрсет. 1.4. Алманы көрсет.

**2. Танымал адамдарды көрсету.** Танитын адамдардың суреттерін көрсетіп "Мына адамдарды көрсет" нұсқауымен, жауаптарын белгілеу арқылы орындалады.

Егер бөлмеде танитын адам болса, балаға "Мына адамға бар" деп көмек арқылы қимылға әрекеттеу.

2.1. Анаңа бар, не анаңды көрсет. 2.2. Әжеңді көрсет. 2.3. Баланы тап.

**4. Өзін-өзі және айналасындағы адамдарды қабылдау қабілетін дамыту кезең**

1. Өзінің атына көңіл бөлу қабілетін қалыптастыру.
2. Қоршаған ортадан жақындарын танып білуге үйрену.
3. Тұрып орындалатын қимылдарды имитациялау арқылы:

Балаға қарама-қарсы тұрып "Мынаны жаса" деген нұсқаумен бірге қимылды көрсету, қайталату керек.

3.1. Секіру. 3.2. Қолын алдыға қою.

3.3. Еденге отыру. 3.4. Аяғын көтеру.

3.4. Қимылмен бірге дыбыс имитациялары.

Үстелге бірыңғай заттарды қоямыз. "Осылай жаса" нұсқауымен бірге қимылды көрсете отырып, дыбыстау қажет.

4.1. Қуыршақты ал, қуанышты дыбыс (күлкі).

4.2. Балғамен соқ: "бум, бум, бум".

4.3. Телефон тұтқасын ал, құлағына әкеліп "Алло" де.

Жоғарыда аталған төрт сатылы жұмыс бір кезеңде жүзеге асырылады. Бір кезеңдік оқыту үш айға созылады. Осы аралықта аталған кезең бойынша жүргізілген жұмыстар нәтижесінде баламен маман арасында үйлесімді қарым-қатынас орнатылды.

**Ойындар мен жаттығулар**:

1. «Менің есімім-менің ерке есімім». Мысалы: Назерке –менің есімім, «Күнім,Айым» - ерке есімім
2. «Эмоция әлемінің тілі». Эмоция әлеміндегі тілдің ерекшелігі адам өзінің көңіл-күйін сөз арқылы ғана емес сонымен қатар әртүрлі дене мүшесі арқылы да жеткізуге болады, мысалы: көз, қол, бас, жалпы дененің қимылы т.б. . Жүргізуші мысал ретінде әртүрлі күйді көрсетеді (ашуды, қуанғанды т.б.). Жалғастыра отырып әр балаға кез-келген дене мүшесі арқылы белгілі бір күйді көрсетуді ұсынады.
3. «Мектептегі көңіл-күйім» (кез келген көңіл-күйді көрсет)

-Қорыққаныңды.....
-Ренжігеніңді..........
-Ашуланғаныңды.....
-Қуанғаныңды.....
-Қандай көңіл-күйді көрсету оңай болды?
-Неліктен?

4. «Әртүрлі көңіл-күйдегі жануарларды көрсет»

-Жануардың көңіл-күйі неліктен сондай?
-Оған не әсер етті?
-Оған қалай көмектесуге болады?

Сонымен қатар ертегіні оқу барысында кез-келген кейпкердің белгілі бір сәттердегі көңіл-күйін көрсету ұсынылады.

5. "Көзқараспен кездесу" жаттығуы

Мақсаты: балалардың көзбен көру байланыстарын орнату.

Ойын барысы: қатысушылардың саны жұп болуы тиіс. Балалар дөңгелене отырады. Көздері жұмулы, бастарын төмен түсіреді. Жүргізушінің белгісі бойынша әрқайсысы көзін ашып, басын көтеріп, топтағы ойыншының біреуімен көзқарасы түйісуі қажет. [6; 9]

Аутист баланы кезең бойынша оқыту қажет, ата-ана балаға әр іс-қимылды бөлшектерге бөле отырып, бәрін көрсетіп, жүз рет қайталап, осы жұмысты апталап, айлап жүргізе отырып қана жоғарыда айтылған нәтижеге жетеміз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:


1. "Специальная педагогика".\Под.ред Н.М. Назаровой.М.,-2000.3-17Б
2. "Настольная книга педагога – дефектолога".\Т.Б.Епифанцева,Феникс, 2006.
3. "Основы дефектологии" Лапшин В.А., Пузанов Б.П, М.-1990.8-17б.
4. "Дефектология: словарь – справичник".\Под.ред.Б.П.Пузанова,М.,1996.
5. "Денсаулық" журналы №8, 2004.
6. "Дефектология" журналы №4, 2012
7. Б.В.Зейгарник "Патопсихология" М., 2003.
8. "Патопсихология" Левченко


УДК 159.9 (075.8)

## СОЛАҚАЙЛЫҚТЫҢ ФИЗИОЛОГИРЯЛЫҚ-ПИСХОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ


Әбілқайырова А.
БҚИГУ «Педагогика және психология»
мамандығының II курс студенті
Ғылыми жетекші: Мергалиева М.Б. - аға оқытушы,
психология магистрі


Солақайлық – әдетте туғаннан болатын, әрекет жасауда сол қолдың оң қолдан басым болуы сипаты. Анық байқалатын солақайлықпен бірге, бала кезден оң қолды пайдалануға үйретілген адамның әдеттегі жағдайларда не аффекті жағдайында сол қолды пайдаланатын жағдайы, жасырын солақайлықта (амбидекстрия) болады. Солақайлық әдетте

түзетуді қажет ететін нормадан ауытқушылық ретінде қабылданады. Бірақ, солақайлар да нәзік моториканы игереді (жазу, сурет салу), психикалық және дене дамуының барлық сатыларынан қалыпты өтеді және толыққанды тұлға болып қалыптасады. 1997 жылғы зерттеулер көрсеткендей ересектердің 8 – 15%ы солақай болған. Зерттеу көрсеткендей әйелдерден гөрі еркектер солақайлыққа бейім болып келеді. Солақайлар көбінесе 1 жұмырқалы егіздерде ( монозиготалы) және кейбір неврологиялық бұзылыстары бар, яғни, эпилепсия, Даун синдромы, аутизм, ақыл-ой дамуының кемістігі идислексия сияқты бұзылыстары бар науқастарда жиі кездеседі.

Статистика бойынша 1 жұмыртқалы егіз солақай адамның солақай болуға 76% мүмкіндігі бар, ал оған генетикалық және экологиялық себептер әсер етеді [75,78].

Оңтүстік Азия, Шығыс Еуропа, Оңтүстік Шығыс Азия, Австралия аймақтарында солақайлар көп өмір сүреді. Ал Батыс және Солтүстік Еуропада, Африкада солақайлар саны санаулы ғана. Жер жарты шарының оңтүстік бөлігі солақайлыққа бейім келеді. Статистика бойынша қазіргі уақытта жер жүзінде 500 млн солақайлар өмір сүреді. Еуропада жыл сайын 100% дың 10%ы солақай бала боп туады. Солақайлар көбінесе әртіс, суретші, жазушы мамандықтарын таңдайды, әрі солақайлар бокс пен фехтованияда көп жетістіктерге жетеді [34,37].

Солақайлық себептері:

- Адам ауру әсерінен немесе туылу кезінде болатын травма әсерінен бас миының сол жақ бөлігінің зақымдануымен солақай болуға «мәжбүр» болады.
- Оң қолдың ұзаққа созылған жарақат әсерінен: зерттеу көрсеткендей оң қолынан қатты жарақат алған адам, жарақатты жазылғаннан кейін солақай боп қалу мүмкіндігі бар. Мұндай ауру жарақаттар ең кем дегенде алты айға дейін созылады.
- Тестостерон: теориялардың біріне сәйкес туылуға дейінгі кезеңдегі ұрықтың шамадан тыс тестостеронға қанығуы солақай баланың дүниеге келуіне әкеп соғады. Бұл теория осы теорияның негізін салушы, невропатолог Норман

Гешвиндтің құрметіне Гешвинд теориясы деп аталады. Н.Гешвиндтің айтуы бойынша, **тестостерон** ұрықтың бас миының пренатальды өсуін жылдамдатады әрі еркек пен әйел адамның ми құрылымының өзгерісіне жауапты боп келеді. «Пренаталды даму кезеңдегі көп мөлшердегі тестостерон әйелдермен салыстырғанда ер адамдар миының сол жақ жарты шарының жылдам өсуін тежейді, керісінше оң жақ жарты шарының жылдам өсуіне жағдай жасайды. Солақайлыққа көбінесе еркек жыныстылар қайым боп келеді, соның әсерінен еркектер әйелдермен салыстырғанда иммундық жүйе ауруларына көп шалдығады, - дейді өз сөзінде Гешвинд.

- Ультрадыбыс теориясы: яғни пренатальды даму кезінде баланы ультрадыбыс көмегімен тексеру баланың миына әсер ететіндігін, баланың солақай боп туылуына себеп болатынын көрсететін теория. Бұл теория көптеген зерттеулер негізінде қалыптасқан. Сондай зерттеулер жүргізген авторлардың айтуынша «....біз зерттеу кезінде қарапайым ультрасонография мен ана құрсағындағы ұрық арасындағы қатынасты байқадық әрі ол баланың өсе келе мектепке барғанда оң қолын пайдалана алмағанына көз жеткіздік» деген.
- В.Геодакиянның эволюциялық ассиметрия теориясы: оңқайлық пен солақайлық ол патология емес, тұрақты әрі өзгергіш орта үшін бейімділік фенотипі болып табылады. Эмбрионда сол қолды басқаратын оң жақ жарты шар доминантты болып келеді. Оптималды жағдайда сол жақ жарты шардың интенсивті дамуы, ерте ме, кеш пе оның оң жақ жарты шарды басып озып, жарты шар мен қолдың доминанттылығының толық процесі жүреді, яғни, солақайлық транс- солақайлыққа ( оң қолдың сол жақ жарты шарының доминаттылығы) ауысады. Ал эксперименталды жағдайлар (экологиялық және анасының стресстік жағдайда болуы) эмбрионның сол жақ жарты шарының сезімтал болуына әсер етеді, гипоксия қалыптасады. Сол жақ жарты шары дамуындағы

тежелу сол қолдың доминантты болуын тежейтін лабильді фазаны бос жібереді. Эмбрионды гипоксия теориясы солақайлардың егіздер мен дұрыс жетілмеген балалар арасында пайыздық көрсеткішінің көп екендігін көрсетеді.

- Археологиялық көрсеткіштер теориясы : алғашында адамдар 2 қолында бірдей пайдаланған (симметрия), ал кейін еңбек барысында адам оң қолды басым қолданған (ассиметрия) [25,35].

Көптеген зерттеулер көрсеткендей солақайлық пен шығармашылық потенциал (интеллект) арасында өзара байланыс бар.

Крис МакМунус «Сол қол және оң қол» атты өз кітабында:«солақайлар пропорциясы қазір көбейіп келеді әрі жақсы оқитын оқушылардың көшілігі солақай боп келеді. Олардың ақыл-ой қабілеттері өзгеше қалыптасқан әрі қабілеттері кең диапазонға ие. Сонымен бірге солақайлықты анықтайтын гендер мидың сөйлеу аумағын басқарады. Солақайлардың көбеюі интеллектуалдық прогреске, математика, спорт, өнер саласындағы генийлердің көбеюіне әкеледі», - деген.

Шын мәнісінде оңқайлар мен солақайлар тек сол қол мен оң қолды бөлек пайдалануымен ерекшеленбейді, солақайларда анағұрлым бейнелік сапалар жақсы қалыптасқан. Олар өте әсершіл, қозғыш, көңіл күйі тез өзгереді. Сондықтанда солақайлардың көпшілігі өнер адамдары боп келеді. Ал ғылым салалары солақайларға қиын [494].

Адамның бас миы дамуы барысында оң және сол жақ жарты шарларының қызмет ету функциялары анықталады. Оң жақ жарты шар – нақты бейнелік қызметтер атқарады ( заттардың иісі, түсі бойынша тану және көру, қабылдауы). Ал сол жақ жарты шар сөйлеу функцияларына, оқу, жазу, сонымен бірге, математикалық, логикалық, аналитикалық ойлау қызметтері жатады.

**Пайдаланылған әдебиеттер**

1. Колбанов В.В.Валеология. Основные понятия, термины и определения- СПб., ДЕАН, 1998.- С.75-78.
2. Вайнер Э.Н. Валеология. М., 2002.-С. 34-37.
3. Постоева В.А., Пахомов В.П. Современные нейропсихологические представления о феномене левшества. Б. 25-35 б.
4. Психология словарь //Под. общ. ред. А.В. Петровского и М.Г. Ярошевского .- М., 2003.- 494 с.

УДК 316.6 (075)

## СТЕРЕОТИПЫ В РАКУРСЕ ВОЗРАСТНОГО РАЗВИТИЯ ЧЕЛОВЕКА

Долганов А. студент 3 курса
специальность «Психология»
ст. преподаватель Султанниязова Н.Ж.

Что такое стереотипы и кому они нужны? СТЕРЕОТИП - стандартизированный, схематизированный, и упрощенный обычно ярко эмоционально окрашенный образ какого-либо социально-политического объекта (явления, процесса), обладающий значительной устойчивостью, но фиксирующий в себе лишь некоторые, иногда несущественные его черты. Иногда определяется как неточное, иррациональное, чрезмерно общее представление. В широком смысле - это традиционный канон мысли, восприятия и поведения, шаблонная манера поведения. Такие ученые как Д. Гамильтон, Н. Кэнтор, Дж. Форгас, А. Миллер, К. Макколи и др расценивают стереотип как продукт нормального познавательного процесса, а стереотипизация - как составная часть этого процесса. Этими людьми был оставлен неоценимый вклад в изучение социальных стереотипов [1].

Человек - существо социальное. Всю жизнь его окружают другие люди. Поэтому совершая тот или иной поступок, мы так

или иначе оглядываемся на общество, надеясь на их поддержку и опасаясь их осуждения. Тем самым мы устанавливаем для себя рамки, ограничиваем себя. Стереотипы, своеобразная дань обществу, неписанные законы и правила, которые якобы следует соблюдать. Довольно часто они необоснованны и надуманны. Все стереотипы основаны на пережитом прошлом. Действительно, ты один раз обжигаешься на чем-то и потом начинаешь утверждать, что это плохо, неправильно, что этого допускать нельзя, потому что такое положение дел изначально обречено на провал. Так ты создаешь для себя некий шаблон поведения, свой стереотип.

Человек так устроен, что ему необходимы стереотипы, как и не меньше нужны границы, границы морали, границы нравственности. Для этого нам нужны «положительные» стереотипы. Но как есть «хорошие» стереотипы, так есть и «отрицательные». Под «плохими» подразумеваю такие стереотипы, которые мешают вам раскрыться как личности, раскрыться, как профессионалу и наоборот, помогают развиваться внутренним комплексам. Одним словом все, что обрезает вам крылья. Например, успешных людей окружают такие же успешные, уверенные в себе люди. А дело все в том, что у таких людей намного меньше «плохих» стереотипов. А когда кто-то другой пытается им навязать, эти самые стереотипы, они не обращают внимания. Потому что они не идут за большинством. Потому что, они способны переосмыслить любую ситуацию и вместо того, чтобы горевать, что все уже не так как раньше (чем занимаются большинство), они приспосабливаются и тем самым расширяют свой кругозор [2].

Самое же интересное в существовании стереотипов - это то, что их содержание не написано в книжках, этому не учат в школах, но, тем не менее, установки предков прочно сидят в наших головах.

Стереотипы выполняют и ещё одну важную функцию: системы стереотипов могут служить ядром нашей личной традиции, способом защиты нашего положения в обществе. Они представляют собой упорядоченную, более или менее

непротиворечивую картину мира. В ней удобно разместились наши привычки, вкусы, способности, удовольствия и надежды. Стереотипная картина мира может быть неполной, но это картина возможного мира, к которому мы приспособились. В этом мире люди и предметы занимают предназначенные им места и действуют ожидаемым образом. Мы чувствуем себя в этом мире как дома, мы составная часть его.

Поэтому неудивительно, что любое изменение стереотипов воспринимается как атака на основы мироздания. Это атака на основания нашего мира, и когда речь идет о серьёзных вещах, то нам на самом деле не так просто допустить, что существует какое-то различие между нашим личным миром и миром вообще.

Стереотипы служат гарантией нашего самоуважения; проецируют во внешний мир осознание наших ценностей; защищают наше положение в обществе и наши права, а следовательно, стереотипы наполнены чувствами, предпочтениями, приязнью или неприязнью, ассоциируются со страхами, желаниями, влечениями, гордостью, надеждой. Объект, который активизирует стереотип, оценивается в связи с соответствующими эмоциями [3].

Стереотип начинает действовать ещё до того, как включается разум. Это накладывает специфический отпечаток на данные, которые воспринимаются нашими органами чувств ещё до того, как эти данные достигают рассудка. Ничто так не сопротивляется образованию или критике, как стереотип, так как он накладывает свой отпечаток на фактические данные в момент их восприятия.

В определённой степени внешние стимулы, особенно сказанные или напечатанные, активизируют некоторую часть системы стереотипов, так что непосредственное впечатление и ранее сложившееся мнение появляются в сознании одновременно [4].

Если говорить о стереотипах поведения в современной жизни, то можно сказать. Во все времена люди стремились к тому, чтобы упорядочить свою жизнь и сделать её легко прогнозируемой. Делалось это во благо себе и будущим

поколениям. Всегда отводились годы на получение образования. Затем наступал период создания семьи. После этого жёны, как правило, занимались воспитанием детей и ведением домашнего хозяйства, а мужчины заботились о достатке многочисленного семейства. Дети взрослели, и наступала пора устраивать их будущее.

Этот цикл повторялся из поколения в поколение на протяжении тысячелетий, и ничто не могло нарушить размеренный и проверенный веками жизненный уклад.

Однако всё течёт, всё меняется. В наше время многие привычные стереотипы поведения вступили в противоречие с существующими реалиями.

Причина нынешней ситуации лежит даже не в научно-техническом прогрессе, а в кардинальном изменении роли женщины в обществе. Прекрасное создание уже не сидит дома, окружённое многочисленными детьми, а делает карьеру, успешно конкурируя на этом поприще с мужчинами. И устоявшиеся стереотипы начинают разваливаться на глазах.

Ещё 50 лет назад девушке определялся срок от 18 до 22 лет, чтобы выйти замуж. Если к 25 годам суженного ещё не было, то молодая женщина впадала в панику. В наше время жизненные приоритеты сместились. Во главу угла ставится образование, а диплом, как известно, приобретается как раз к 22 годам. Затем нужно наработать определённый стаж, набраться опыта, а уж потом размышлять о рождении детей.

Это диктуют социальные условия, в которых мы все существуем. Что же касается глянцевых журналов, то тут однозначно к 25 годам нужно уже покупать квартиру и иметь свой бизнес. Только непонятно, когда человек всё успеет: и образование получить, и своё дело организовать. Этого, к сожалению, журналы нм не говорят.

Если же обратиться к мнению психологов, то они во главу угла ставят обретение экономической независимости и отдельное проживание от родителей. В возрасте от 18 до 25 лет человек должен начать самостоятельную жизнь. Будет она

связана брачными узами или нет – это второй вопрос. Главное, почувствовать опору под ногами.

Следующий возрастной период можно обозначить как переход к зрелости. Это от 25 до 35 лет. Следуя стереотипам, женщине в это время нужно родить ребенка, а мужчине иметь стабильное место работы, закладывая фундамент будущего благополучия. Современное же общество трактует несколько иной вариант развития событий. Это время карьеры и совместного проживания, не исключающего гражданский брак. При этом слабый пол может позволить себе одного ребёнка, в крайнем случае, двух.

Глянцевые же журналы настаивают на стремительном взлёте к вершинам успеха. Вполне доброжелательно рассматривается и уютное одиночество с необременительной любовной связью без каких-либо обязательств.

Психологи заявляют, что по статистике именно на возраст от 25 до 35 лет приходится львиное число браков. При этом они советуют молодожёнам вырабатывать свой семейный стиль, а не копировать его у родителей. Рекомендуется также как можно строже и серьёзнее относиться к себе после появления детей.

Ведь данный возрастной период является определяющим в жизни. Именно в эти годы закладывается фундамент будущего.

Самое золотое время от 35 до 45 лет. Что касается стереотипов, то здесь нет каких-то устоявшихся рекомендаций. Существует, правда, мнение, что если в 40 лет нет денег, то уже и не будет [1].

Есть также поговорка про посаженное дерево, построенный дом и сына. Не нужно также забывать про седину в бороде, которая провоцирует беса. Это опять же общая тенденция, в которую не вписываются частности.

Что касается современных реалий, то к людям, перешагнувшим 40-летний рубеж, относятся с недоверием. Им трудно устроиться на работу, зато средний возраст пользуется успехом у разных лечебных центров. Укореняется мнение, что после 40 человек обязательно должен чем-то болеть, а,

следовательно, и платить за лечение. Зато карьера в такие годы уже немыслима.

Глянцевые журналы стараются обходить зрелых людей молчанием.

Психологи, рассуждая о среднем возрасте, утверждают, что самое главное – смириться со статусом немолодого человека. Принять его как неизбежность и искать плюсы в этом новом качестве. Наступает время переосмысления ценностей и подведения итогов, а акцент теперь нужно делать на духовное совершенство.

Про почтенную старость мы уже говорить не будем. Её все обходят тактичным молчанием. Стереотип же один: старость нужно уважать. С этим никто не спорит, включая и глянцевые журналы.

Времена меняются, меняются и люди, на протяжении всех жизненных возрастов меняется представление людей о себе, о других и, о мире в целом. Но, не смотря на это, всегда существуют незыблемые ценности, которых мы с вами должны придерживаться. Это дети, человеческие идеи, а самое главное, мысль о том, что останется после нас. Именно для того, чтобы наши потомки жили под светлым голубым небом, мы и должны придерживаться определённых норм поведения и стереотипов которые вырабатывались многими поколениями на протяжении столетий.

Список литературы:


1. Крайг Г. Психология развития. СПб.: Питер, 2005
2. Майерс Д.Социальная психология СПб, 2005.
3. Парыгин БД. Социальная психология СПб,1998
4. Шихирев Н.Н Современная социальная психология.М..1999.

# ЖАСТАРДЫҢ ӨМІРІНДЕГІ КЕЛЕШЕКТІ БОЛЖАУДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ МӘНІ

Биназарова А. Ж.
БҚИГУ «Педагогика және психология»
мамандығының 3 курс студенті
**Ғылыми жетекшесі:** Халикова Б.Т.
Педагогика және психология магистрі,
аға оқытушы

Қазіргі таңдағы жастардың келешекті болжау арқылы бағыныштылыққа бой алдыруы, өз бойында белгісіз заңдылыққа бағынуы, өзгеге немесе болжау әдістеріне тәуелді болуы, болжамға сену арқылы өзінің келешегінің жарқын сәттерін көре алмаушылығы, өткен заманның қараңғы кездеріндегідей болжамдарға жіпсіз байланып, болжамсыз ешқандай қадамға бармаушылық қазіргі таңның өзекті мәселелерінің бірі болып отыр.

Американдық психолог Баркуманың айтуы бойынша: «Адамдар астрологиялық анализ және жорамалға сенеді. Өйткені, олар үшін бұл қалыпты жағдай. Астрологиялық жорамалдар жалпылама жасалады, ал адамдар айтылған жорамалдар орындалатындай сеніп, әрекет жасайды.»[1]

**Зерттеу мақсаты:**

- ✓ Келешекті болжау әдіс-тәсілдеріне анықтама беру.
- ✓ Жастардың келешекті болжауының психологиялық мәнін, деңгейін анықтау, зерттеу жұмысын жүргізу.
- ✓ Келешекті болжаудың әдіс тәсілдерін сипаттай отырып, маңыздылығымен пайдасыз жақтарын айқындап нұсқау беру.

Бұрынғы заманнан бастап адамдарды өз өмірін қалай болжауға болады деген сұрақ мазалаған және соның ішінде, жастар көбірек көңіл бөлген. «Менің болашағым жарқын ба?», «Менің жолым сәтті болады ма?», «Табысты жұмысқа орналаса аламын ба?», «Мен тұрмысқа шығамын ба?, «Ол мені ұнатады ма (қыз немесе жігіт)?», және т.б. сауалдарға жауап іздеген. Арада 100 жыл өтсе де сауалдарға жауап табылмады, қазіргі

дамыған заманда да осы сауал өз жауабын таппады. Бірақ, кең көлемде болжау тәсілдері көбейді. Мысалы: сыртқа шықпай ғаламтор желісі арқылы болжау немесе сезімдік сауалдарға жауап іздеуде ескі тәсілдер қолданылса да, қазіргі таңда жастардың көпшілігі ғаламтор желісінде болжам жасайтын желілер арқылы жауап алуды тиімді әдіс ретінде қолданылып отыр. Енді, осы әлеуметтік желілерде және күнделікті өмірде жиі қолданылатын болжау тәсілдеріне шолу жасап өтсек.[7]

**Көне дәуірде қолға қарап бал ашу** – қолды оқу өнері практикалық қажеттіліктен туды. Ертедегі балгерлер алақан сызықтарына, қатпарларына және төмпешіктеріне қарап, адамның мінез-құлқының ерекшеліктерін, неге бейім екендігін, денсаулығын, тағдырын болжап айтып беруге тырысты.

Венгер ғалымы Шандор Екериш алуан түрлі саусақ бедерлерінің кестесін жасап шығарды. Бұл кесте саусақ бедерлерінің атадан балаға, одан кейінгі ұрпақтарға беруін, тұқым қауалау жүйесін көрсетеді.[6]

**Қол оқу немесе хиромантия** Үндістанда пайда болған көрінеді, сөйтіп Кіші Азия, Жер Орта теңізі елдері мен Қытайға таралған, Үнді елдерінде адамдар өз бастарына түскен, қашып құтылуға болмайтын жағдай туралы: «Бұл менің алақаныма жазылған»,- дейді екен. Осы орайда қазақтардың «Бұл менің маңдайыма жазылған»,-деген сөзі еріксіз ойға оралады.[5]

Қолға қарап болашақты болжаудың қашан да мистикалық сипатта болғаны даусыз. Ол астрологиялық принципке негізделген. Міне, осы астрологиялық принциптерге сәйкес адамның микрокосмы (микроәлемі) ең алдымен аспан шырақтарының (Күннің, Айдың, жұлдыздардың, планеталардың) орналасуына қарай анықталады, әрі әр адамның болашағы планеталар мен жұлдыз шоғырларының ықпалдарына тәуелді. Мысалы, астрологияда адамдардың тағдырларына барынша ықпал ететін жеті планета бар (Күн, Ай, Меркурий, Венера, Марс, Юпитер және Сатурн) екені айтылады. Адам дүниеге келген сәтте солардың бір-біріне қарай шоғырларына (зодиактың 12 белгісіне) қалай орналасқанына байланысты тағдырларды айқындайтын жұлдызнама (гороскоптар) жасалған.

Қолға қарап бал ашуда Рим императоры Цезарь, медик Гален, ал орта ғасырда Абу Әли Ибн Сина ерекше көзге түскен.[3]

XI және XII ғасырларда хиромантия жөнінде Европада тұтастай трактаттар жазылған. Ал, Ресейде XIX ғасырдың аяғымен XX ғасырдың бас кезінде хиромантия жөнінде ондаған дүниелер мен аударма кітаптар жарық көрді.

Келе-келе алақан мен саусақ сызықтарын зерттейтін пән-пальмистрия қалыптасты.[5]

**Карта** – суреттермен бейнеленген және сандық белгілері бар болжам әдісі. Әр суретке нақтыланған сипат бойынша анықтама беріледі. Оны цыгандар қолданған. Карта құрылымын оқып білмей ешкім болжам жасай алмайды. Картаны бірінші Европаның котингенттерінде цыгандар қолданған. Европадан XY ғасырда шығысқа таралды және олар ойын картасына қоса Таро картасын ала келді. XYII –XIX ғасырларда ғана карта адамдар арасында сенімділігін оята бастады. Француздық әйел Мария Анна Ленриан деген әйел әкелген.

Карта арқылы болжаудың өкілі  Мария Анна Ленриан құрбысымен бірге 1780 жылы ол Парижде алғаш «Рю де Турим» деген жеке салондарын ашып, әйел және ер адамдарды алдағы өмірлерін карта және астрология арқылы тағдырларын болжап, көзқарастарын осы бағытқа бұрды.

1802 жылы болжауға байланысты «Өте тым либералды ой бейнесі деген қарсы пікірлер шықты», осы мәселе төңірегінде Бұғбановтың «Өте тым либералды ой» атты еңбегі жарық көрді. 1819 жылы Архенгелск Конгресте болжауға әдейі қарсы заң шығарды.

Қарсы пікірлерден кейін болжамдық әрекеттер бәсеңдеді. Алайда, Эрно Дурсбеке «Ленорманмен бірге болжайық» деген фестиваль да 36 карталық қарапайым француздық ойын сурет бейнесін жасап, сол бойынша болжауға болатындығын анықтап берді. Болжау қиын болмады мұндағы негізгі белгілер: Күн-қуанышты, жүзік-неке, крест-қиындықты және нөмірлік сандарды өзіндік сапаларына байланысты айтып жүрді. «Бертін келе бұл болжам бейнелер  арқылы анықталса суретшілер,

ақындар суреттеп, бейнелеп болжамай ма?» деген сұрақтар туып, сенім жоғала бастады.[9]

**«Экстрасенсорика»** - латынша - «ішкі қабылдау» - белгісіз табиғаттың тылсым күшін сезіну, түсініксіз қабылдаулармен ішкі мүшенің сезімдік үндестігінің күшеюі. Экстарсенсорика көрінеді: болжау, тексеру, түс көру, көрінгеннен шошу, елестер, бір заттарға деген еріксіз көзқарас, денелік немесе ағзалық көріністер. Экстрасенсорика теориялық тілдің түсіндіруі бойынша – ол ғылыми тұрғыдан қарастырғанда тек оймен ғана түсінікті адамның ойы. Экстрасенсорика да ескі білімді, интимді әдістермен ұғымдар арқылы қолданылады .

**Экстрасенстар** - экстрасенсориканың мамандары, экстрасенсорикалық энергияны қолдана алатын, білетін және өзгеге өз ойын жеткізе алатын тұлға.

Экстрасенстардың деңгейі өзінің ішкі биэнергиялық күшіне байланысты. Олар болашақтан ақпарат ала алатындай қабілетке ие болуы керек. Мұнда өзге тәсілдер секілді нақты бекіген анықтамалар жоқ.

Қазіргі таңда экстарсенстардың шынайылығын сынау барысында «Битва экстрасенсов» деген бәрімізге белгілі бағдарлама жүріп жатыр.

Экстрасенстың көмегіне жүгінетін мәселелер:

- ✓ Жұмыста табысқа жеткісі келетіндер;
- ✓ Қаражат деңгейін көтергісі келетіндер;
- ✓ Өткен өміріндегі белгісіз жағдайлар немесе түсініксіз жайттарды анықтау үшін;
- ✓ Хабарсыз кеткен жақындарын іздеу, сондай ақ мал – мүліктерін іздеу; және т.б.

Следует заметить, что при занятиях на уроках «Здоровья» скандинавским шагом, как правило, дает хороший психологический настрой учащихся. И это происходит потому, что, во-первых, простота исполнения. Во-вторых, приличная длительность ходьбы разгружает нервную систему. В – третьих, ученики видят конечный результат, это успешное выступление в соревнованиях и улучшение своего самочувствия. В – четвертых, если у ученика было по каким-то причинам стрессовое состояние, то, как правило, после прохождения 5 кругов все нормализовывалось, т.е. пульс приходил в норму, настроение улучшалось. Как показал опыт работы в течение 5 лет система ЗОЖ и природооздравливающие технологии оказывают положительное влияние на организм занимающихся, а так же наши взаимоотношения с природой и жизни в целом. Занимаясь природооздораиливающими технологиями, ученики узнают свои возможности, как моральные, так физические и духовные свои взаимоотношения с природой, свое место в ней.

**При занятиях скандинавским шагом на дорожке «Здоровья» нужно помнить технику безопасности:**

1.Быть в спортивной форме;

2.Лыжные палки должны соответствовать росту занимающихся ( на 2см выше пояса.)

3.Выполнять работу без ускорений и рывков.

4.Тропинку «Здоровья» тщательно подготавливать, на ней не должно быть камней, ям, стекла.

5.Желательно, чтобы занятия проходили среди деревьев, что в свою очередь насыщают организм кислородом.

6.Контроль над прохождением по дорожке «Здоровья» осуществляет учитель. 7.Соблюдать дистанцию.

## Выводы

1.Анализ литературных источников и изучение учебно-методической литературы показал, что внимание к нетрадиционным средствам физической культуры уделяется, особенно у нас недостаточно.

2.Уровень информированности учеников, учителей и родителей по проблемам ЗОЖ ре достаточен.

3.Дорожку «Здоровья» со скандинавским шагом можно организовать в любой школе города и области.

4.Необходим врачебный контроль над состоянием занимающихся школьников.

5.Учитывать психологическое состояние учащихся при работе «скандинавским шагом».

6.Необходимо учитывать технику безопасности при работе на дорожке «Здоровья».

7.На основании проделанной работы в СОШ-ГЭН можно сделать вывод, что хождение «скандинавским шагом» оказывает положительное воздействие на организм школьников и эту методику можно использовать для всех учащихся основной, подготовительной, СМГ и даже освобожденных учеников по их самочувствию.

8.Контроль над исполнением ходьбы осуществляет учитель.

**Литература**

1.Араров З.Г., Анисов Г. А. Будьте здоровы – Казань: 1938г., с.27.
2.Кривенко С. Н.Твое здоровье в твоих руках - М.: Физкультура и спорт 1984г., с.12.
3.Тель Л. З. Истина здоровья - Акмола 2002г., с.4.
4.Бажуков С.А. Здоровье детей - общая забота - М.: Физкультура и спорт 2001г., с.12.
5.Лиз Бурбо. Слушай свое тело - М. 2009г., с.3.
6.Динак Чапра. Твое здоровье в твоих руках – М. 2010г., с.5.
7.Черч Т. Двигается (Move Yourself) 2002г.,23.
8.Месник Н.Г. Гипертония. net - М 2004 г., с.9.
9.Майшева Е.Г. Nordic Walking - Санкт-Петербург 2008г., с.8.
10.Джон Ричардсон. Никогда не говори, что умрешь – М., 2009г., с.17.
11.Мейш Е.К. Скандинавская ходьба // Практическое пособие – М., 2008г., с.23.

## Анкета

Была составлена **анкета**, включающая в себя вопросы общего характера о физической культуре, сберегающих технологиях, а также о данной методике в целом:

1. Какие тренажеры стоят у тебя дома?
2. Какое влияние оказывают природные факторы на организм человека?
3. Что нужно для занятий природооздоравливающими технологиями?
4. Нужны ли Вам природооздоравливающие технологии?
5. Занимаетесь ли Вы физкультурой самостоятельно?
6. Нужен ли Вам для занятий физкультурой тренер (учитель)?
7. Какие природооздоравливающие технологии Вы знаете?

8. Занимаетесь ли Вы сами и ваши родители спортом?
9. Желаете ли Вы сами и Ваши родители заниматься природооздоравливающими технологиями?

## МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ТАНЫМДЫҚ ӘРЕКЕТТЕРІН ДИДАКТИКАЛЫҚ ОЙЫНДАР АРҚЫЛЫ ТӘРБИЕЛЕУ ЖОЛДАРЫ

Ізбасарова Ә.Б.
БҚИГУ «Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеу» мамандығының ІY-курс студенті
Сұлтанғалиева А.І.
БҚИГУ университетінің оқытушысы

Болашақ қоғам тағдыры осы бала тәрбиесіне тікелей байланысты болғандықтан, бүгінгі күнде тәрбиешілер алдында балаға білім, білік дағдыларын игеріп қана қоймай қабылдауын, ойлауын, қиялын, сезімдерін, ерік-жігерін жан-жақты етіп дамыту міндеттері тұр. Өйткені баланы нәресте шағынан бастап адалдыққа, батылдыққа, мейірімділікке еңбек етуге тәрбиелеудегі басты құрал-ойын. Сабақтарда жаңа технологияларды қолдана отырып, ойын түрінде баланың түсінуіне жеңіл тақырыптарды алу, ізденімпаздықты талап етеді. Жаңа технологияны меңгеру тәрбиешінің интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік рухани азаматтық келбетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді. Өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыра білу қажет.

Ойын - бала қиялын шығармашылық ойлауға жетелейтін тәрбие құралы. Ойын - бала әрекетінің негізгі түрі. Ойын арқылы балалар қоғамдық тәжірибені меңгереді, өзінің психологиялық ерекшеліктерін қалыптастырады. Мәселен, кез-келген бала еш уақытта жалғыз ойнамайды, қатар құрбыларымен бірлесіп ойнайды, сол арқылы бір-бірімен өзара қарым-қатынаста болады. Ойын балалар үшін айналадағыны танып, білу тәсілі. Сондықтан

келешек өсіріп отырған тұлғаларымызды тәрбиелеу алдымен ойыннан басталады. Ойынның негізгі ерекшеліктері – ол балалардың қоршаған ортаны адамдардың қимылымен, іс-әрекетін олардың бала қимылынан туған жағдайдағы қарым-қатынасын бейнелеуі болып табылады. Бала ешқашан үнсіз ойнамайды, ол жүреді, сөйлейді, ыңылдайды, секіреді, ойын барысында сөйлеу қарым-қатынасы үлкен роль атқарады. Сөйлесе жүріп, балалар пікірлесіп, әсер алады, ойынның түпкі ниеті мен мазмұнын анықтайды. Сонымен қатар мектеп жасына дейінгі баланың дамуы әр жақтылығымен және қаркындылығымен ерекшеленеді. Мектеп жасына дейінгі кезеңде бала дамуының түрлі бағыттарында маңызды өзгерістер орын алады - іс-әрекет түрлері жетіледі, тұлға дамуында өзгерістер байқалып, танымдық іс-әрекет мазмұны тереңдей түседі.

Танымдық қызығушылықтарды қалыптастыруда балалардың жалпы эмоционалдық көңіл-күйіне және олардың белсенділігіне сүйенеді, алайда түрлі әрекетте белсенділік, танымдық қзығушылыққа, бала тұлғасының таным үрдісіне және білім мазмұнына деген бағытылығына айналады. Баланың алғашқы танымдық қызығушылықтары ойын және практикалық іс-әрекетпен байланысты. Әдетте, ойын және практикалық іс-әрекет барысындағы танымдық қызығушылық танып білуге итермелеуші күш ретінде саналы сезілмейді. Бала нәрсені танып білу үшін емес, практикалық іс-әрекетті жасау үшін ойнайды, әрекет жасайды. Оқыту кезінде біртіндеп қызығушылықтар қалыптаса бастайды. Мектепке дейінгі жастың соңында қызығушылықтар саналы сипатқа ие болып, танымдық қызығушылық кейіннен оқу іс-әрекетінің ынталандырушы күшіне айналады.

«Жастай берген тәрбие-жас қайынды игендей» деген қазақтың нақыл сөзі бар. Негізі бала тәрбиесі үш топқа бөлінеді. Мамандар пікірінше, сәбиге деген ата-ана махаббаты ол жарық дүниеге келместен бұрын,  ана құрсағында жатқан күннен басталуы керек. Оны-жүрек тәрбиесі деп атайды. Туылғаннан 5 жасқа дейінгі берілген тәрбие – дүниетану тәрбиесі және

адамгершілік әліппесін үйретуге ықпалын тигізетін алғашқы қимыл әрекеті-ойын. Орыс педагогы В.А.Сухомлинский: «Ойын баланың алдынан өмір есігін ашып, оның шығармашылық қабілетін дамытады, ойынсыз ақыл-ойдың қалыптасуы мүмкін емес»-деген.

Ойындар өз әрекетерін жолдастарының әрекетімен үйлестіріп, жеке мүддесін ұжым мүддесімен бірітіруге, шыдамдылыққа өзін-өзі ұстай білуге, ұжымның жетістігіне деген жауапкершілік сезімін тәрбиелеуге көмектеседі. Оның ішінде балалардың жас ерекшеліктеріне сай қолданылатын дидактикалық ойындардың маңызы зор. Дидактикалық ойындар-балалар үшін өзіне тән жүру барысы, мақсаты, маңызы бар әрекет. Ойындарды бала тәрбиесіне енгізу үшін тәрбиешілер көптеген жұмыстарды атқарады. Дидактикалық ойындарды тиімді пайдалану сабақтың әсерлілігін, тартымдылығын, белсенділігін, баланың ынтасын күшейтеді. Ойын ережесі балалардың түсінуіне оңай, қарапайым әрі қысқа болу керек. Дидактикалық материалдармен көрнекіліктерге назар аудару қажет.

Дидактикалық ойындар үш топқа бөлінеді:

1.Заттық дидактикалық ойындар-ойыншықтармен және түрлі ойын материалдарымен ұйымдастырылады.

2.Үстел үстінде ойналатын дидактикалық ойындар:лото, домино т.б.

3. Сөздік дидактикалық ойындар.

Дидактикалық ойын балалардың қоршаған орта туралы түсінігін кеңейтеді, баланы ойнай білуге баулып, ақыл-ой қызметін қалыптастырады, әрі адамгершілікке тәрбиелеу құралы болып табылады. Дидактикалық ойынның ережесі балалардан ұстамдылықты, тәртіптілікті қажет етеді.

Ойын теориясына Н.К.Крупская елеулі үлес қосты. Балалар ойынның әлеуметтік сипатын, онда өмір құбылыстарының бейнеленетінін атап көрсете келіп, ол алдымен ойынды қоршаған болмыс жөніндегі әсер мен ұғымды кеңейтудің құралы деп білді. «Мектеп жасына дейінгі балалар үшін, -деп жазды ол, -ойынның

айрықша маңызы бар: ойын олар үшін – оқу , ойын олар үшін – еңбек , ойын олар үшін – тәрбиенің мықты формасы .

Бала ойындарының тәрбиелік маңызын жоғары бағалай келіп, А.С.Макаренко былай деп жазды: «Бала өмірінде ойынның маңызы зор, ересек адам үшін еңбектің, жұмыстың, қызметтің қандай маңызы болса, өскесін жұмыста да көп жағынан сондай болады. Сондықтан келешек қайраткерді тәрбиелеу алдымен ойында басталады».

В.А.Сухомлинскийдің сөзімен айтқанда: «Ойынсыз ақыл ойдың қалыпты дамуыда жоқ және болуыда мүмкін емес. Ойын дүниеге қарай ашылған үлкен жарық терезе іспеттес, ол арқылы баланың рухани сезімі, жасампаз өмірімен ұштасып, өзін қоршаған дүние туралы түсінік алады.

Ойындар (іскерлік, сюжеттік-рөлдік, қимыл-қозғалыс, дамытушылық) баланың ойлау, есте сақтау, қабылдау, қиял, сиқты психикалық үрдістерінің дамуына көмектеседі.

- Ойын арқылы бала адамгершілік құндылықтар жөнінде тәжірибе жинақтайды, оқылған жағдаятты жақсы меңгереді.
- Ойын арқылы балалар өздерінің құрбы-құрдастарымен қарым-қатынас жасауға үйренеді.
- Ойындар сабақ мазмұнына сәйкес алынып, жеке және топтық жұмыстар жүргізуде алға қойған мақсатқа жеткізіп, нақты қорытынды алуға көмектеседі.

«Ойын», «Жаттығу» - балалардың танымдық қызығушылықтарын арттырумен қатар жаңа игерілген түсініктері мен іскерліктерін бекітуге арналған оқыту әдісі.

Баланың танымдық қабілетін дамытуға арналған ойындар арқылы баланың зейінін, есте сақтауын, байқағыштығын, көзбен мөлшерлеуін, тапқырлығын дамытуға, математикалық білімдерін, икемділіктері мен дағдыларын, заттардың түсі, өлшемі, пішіні бойынша топтастыруға, салыстыруға, ажыратуға, кеңістік пен уақытты бағдарлауға үйретуге болады. Жоғарыда айтылған мақсаттарды шешуде нәтижесі ұтымды болу үшін балалардың танымдық қабілеттерін жетілдіру мақсатындағы ойындар, ойын-жаттығулардың жинағын ұсынамын.

2-3 жастағы баланың зейінін, ойлауын, ұсақ моторикасын дамытуға арналған жаттығулар.

Ойын: «Бірдей үйлер». Ойлауын дамытатын ойын.

Кубиктер жиынтығынан өзіңізге және балаға 2-3 бөлшегін таңдап алыңыз. Содан кейін кішкене үй түріндегі құрылыс тұрғызыңыз. Бәрі қойылып болған соң, балаға дәл сондай кубиктерден үй тұрғызуды ұсыныңыз. Егер бірден құрастыра алмаса, онда басынан бастап қайтадан құрастырыңыз, онда бала бірінші үй құрастыруды бастайды, ал сіз қайталаңыз. Баланың ойынды ойнай алғанын үй құрастырғанда көресіз, өзіңіз қателесуіңіз мүмкін және ол сізді түзетсін.

Ойын: «Текшені тап».

Бірнеше пішіндерді қатарға орналастырыңыз. Баладан пішінді табуды сұраңыз. Егер бала бірден орындамаса, сұрақты өзгертіңіз. Мысалы: Мен дөңгелекті таңдадым, қасында қандай пішін? Дөңгелектің сол жағында қандай пішін? Егер бала тапсырманы тез орындай алса, онда пішіндерді тігінен, көлденең орналастырып тапқызуға болады.

5-6 жастағы баланың математикалық дағдысын дамытуға арналған жаттығулар.

Дамытушы тест заттардың ретін және санау дағдыларын бекітуге жаттықтырады.

Жаттығуды орындау шарты: берілген заттарды санына қарай үйлестіру керек және санына сәйкес дөңгелекшелерді бояу керек. Тест арқылы баланың ұсақ моторикасы дамиды, дөңгелекшелерді мұқият бояуды үйренеді.

Ойынның да өзіне тән мотивтері болады. Мысалы, мазмұндық, рөлдік ойындар баланың зейінін, есін, ойлау қабілетін, қиялын қалыптастыруда зор маңыз алады.

Балалар бақшасында пайдаланатын ойын түрлері:

«Суретшілер байқауы» ойыны:

Мақсаты: Теледидардан көрген ертегі және фильмдердегі кейіпкерлерді нақ көрсете білу.

Нұсқау: Жүргізуші алдын-ала қиындыққа кірген кейіпкерді суреттейді. Балаларға бұл суретшінің ролін ойнау барысында

оны қара түстен ақ немесе түрлі-түсті түске айналдырып, кейіпкердің зұлым түрін мейірімді түрге айналдыра білуі қажет.

Нәтиже: Балалардың белсенділігін арттырып, жақсы мен жаманды бір –бірінен айыра білуге үйрету.

Танымдық іс-әрекет сипатына сәйкес ойын түрлері балалардың орындаушылық әрекеттін талап ететін шығармашылық ойындар, қайта жасау іс –әрекеттін жүзеге асыруға бағытталған ойын түрлерін ойын –сабақ, ойын – жаттығу, сергіту –ойындары, дидактикалық –ойындар, сөздік – ойындар, логикалық –ойындар деп бөлуге болады.

1.Қабылдау қабілетіне: «Ине мен жіп» ойынының шарты:

Тәрбиеші: Мен ине боламын, сендер жіпсіңдер, сендер менің артымнан бір –бірлесіп белдеріңнен ұстап тұрыңдар, қазір бәріміз алдымызда тұрған кедергілер арсынан үзілмей жүгіреміз. Кім жіпті үзсе сол ойыннан шығады.

2. «Бұл қашан болады?» шарты: жыл мезгілдеріне байланысты суреттер көрсетіледі, сол суреттер ішінен керек суретті көрсетіп әңгілеп береді.

Есте сақтауға арналған ойын:

«Төрт құбылыс » шарты: Балалар шеңбермен тұрады.

Тәрбиеші: Су десе қолдарын алдына созады, ауа –десе қолдарын жоғары көтереді, от десе –қолдарын айналдырады, жер десе –қолдарын төмен түсіреді, кім шатасса сол бала ойыннан шығады.

Зейін тұрақтылығына арналған ойын:

«Дайын бол!» шарты: Балалар шеңбермен жүреді, тәрбиеші бір сөз айтады, балалар сол сөзді іс-қимылмен көрсетеді.

Мысалы: Қоян – секіреді, ат – шабады, құс – ұшады, қораз – қоқылдайды т.с.с.

Ойлау қабілетіне арналған ойын: Тәрбиеші: ат – шабады, ал қарлығаш – ұшады, ит – үреді, ал жылан – жорғалайды, түйе – боздайды, осылайша ойын жалғаса береді.

Қиялды дамытуға арналған ойын:

«Менің көңіл күйім» шарты: мимикамен көңіл күйін көрсетеді, ашулы, көңілді, таңғалу, ренжу, қорқу т.б.

Мазмұны бойынша барлық дидактикалық ойындар балалардың ақыл-ой белсенділігін қалыптастырудың маңызды құралы бола отырып, олардың бағдарлама материалының негізгі тақырыптары бойынша алған білімдерін тереңдете түсуді, әрі пысықтауды көздейді.

Қорыта айтқанда: Ойын – адамның өмірге қадам басардағы алғашқы қадамы. Қазақ халқының «Ойын ойнап, ән салмай, өсер бала бола ма?» - деп айтқандай баланың өмірінде ерекше орын алады. Балада осы ойындар арқылы танымдық қасиеттері дами түседі. Яғни, бала ойнау арқылы зейінін тұрақтандырып, ойлауы мен қиялын дамытып, есте сақтауын жетілдіре түседі .Сондықтан, ойын – бала өмірінде ең бірінші орын алатын іс-әрекет түрі болып табылады.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**


1. Алипкалиева Г. Балалардың танымдық қабілетін дамытудағы ойын тәжірибесінің маңызы. //Бала мен балабақша № 9, 2013 жыл- 2 бет;
2. Қалжанова А. Ойын мектепке дейінгі балалар іс-әрекетінің негізгі түрі. //Бала мен балабақша № 6, 2013 жыл- 2-3бет;
3. Шуиншкалиева Қ. Ойын әдіс-тәсілдерін талдау және іс-әрекет барысында тиімді пайдалану. //Отбасы және балабақша №3, 2013 жыл- 3-4бет;
4. Бутабекова Э. Мектепке дейінгі балалардың танымдық қабілеттерін ойын жаттығулар арқылы дамыту. //Мектепке дейінгі тәрбие №1, 2013 жыл- 13-14бет;
5. Жұмабекова Ж.С. Ойын арқылы балалардың ойлау қабілетін дамыту. // «Мектепке дейінгі тәрбие» №13, 2013 жыл- 15-16бет;
6. Нұғманова Г. Мектепке дейінгі баланың танымдық қабілеті. // Бала мен балабақша №10, 2012 жыл- 2-3бет.

УДК 159.9(075.8)

# БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНДА БОЛАТЫН ФОБИЯНЫҢ ТҮРЛЕРІ ЖӘНЕ ОНЫ ЖОЮ ЖОЛДАРЫ

Шәки Г.М.
БҚИГУ «Педагогика және психология»
мамандығының 3курс студенті
Қадыржанова Ж.Е.
Педагогика және психология
кафедрасының
аға оқытушысы

Фобия – қорқынышпен баламалас ұғым. Қорқыныш дегеніміздің өзі фобия. Фобия (гр. fobos - қорқу) - небір жағдайларда қайта-қайта пайда болатын қорқыныш.

Фобияның пайда болуына вестибулярлы аппарат бұзылысы мен мазасыздық және балалық шақтағы және ересек өмірдің өзінде кездескен қандай да бір жағымсыз жағдай әсер етеді. Ерекше тоқталуды талап ететін мәселе балалық шақтағы фобияның туындау себептері: анасының жүктілік жағдайында қандайда бір эмоционалдық жай күйі; отбасының барлық мүшелерінен берілетін тұқымқуалаушылық аурулар; отбасылық ішкі жағдай;

Фобия тақырыбы зерттеуші ғалымдардың назарынан тыс қалмады. Көп уақытын фобия мәселесін зерттеуге арнаған Рэчмен болды. Оның ойынша адамдардың өмірінде болған қиын жағдайлар мен жағдаяттар, тән ауруына қарағанда қорқынышты көбірек сезіндіреді. Ал, А.У.Прихожин мазасыздықты жою үшін көптеген әдіспен тәсілдерді ойлап шығарса, фобиялық мәселені шешу жолында ауқымды жұмыс атқарған, балалардағы фобиялық ауытқушылықтың кешенді терапиясын ұсынған беларусь дәрігері және ғалым Хурщ Инесса Анатольевна болды. Сонымен қатар Зигмунд Фрейдтің балалардағы қорқынышты зерттеу жұмыстары кеңінен танылды. Осы ғалымдармен бірге

Нордонэ фобия, фобиялық бұзылыстар сұрақтарын шешуде қысқа уақыттық терапияныжасаған болатын.

Фобияның белгілері;

1. Жүрек соғысының жиелігі, діріл, ауыз қуысының құрғақтылығы;
2. Тыныс алудың қиындауы, тұншығу сезімі, кеудедегі ауырсыну және жайсыздық;
3. Асқазандағы жайсыздық сезімі, бас айналу;
4. Дереализация (заттар айқын емес сезім) және деперсонализация (өзіндік «менге» қатысты айқын емес сезім» ;
5. Қалыптылықты жоғалту қорқынышы, өлімнен қорқу;

Әлемде ғылыми тұрғыдан қарастырғанда фобияның 3 түрі:

1) **Қарапайым фобия** - адам нақты нәрседен қорқады.

— Қорқыныш орта - найзағайдан, судан, дауылдан қорқу т.б.

— Жануарларды суреттеу - жыландардан, өрмекшілерден қорқу т.б.

— Медициналық суреттеу - қаннан, егілуден, дәрігер қабылдауынан қорқу т.б.

2) **Әлеуметтік фобия** – бір нәрсені жариялы түрде жасау қорқынышы.

3) **Агорафобия** - белгісіз жерлерден қорқу.

Жас ерекшеліктеріне байланысты классификациясы:

1) Балалар фобиясы (мыс: кішкентай жануарлардан, өткір заттар, судан, өмір т.б.(
2) Жасөспірімдер фобиясы (мыс: қарсы жыныс өкілімен қарым қатынаста болудан қорқу, т.б.)
3) Ата-аналар фобиясы (мыс: балаларын жоғалтып алу, ұрлап кету т.б.)

Балалардың қорқынышына әсер ететін отбасындағы қарым-қатынас пен тәрбиенің түрлері:

1) Отбасының дәстүрлі қатынасы – («істеуің керек» немесе «міндеттісің»)
2) Эмоционалдық күш көрсету - («Қарашы, маған сондай қиын, егер де сен...» т.б.)

немесе  Мұндай қылығыңмен менің түбіме жетесің.

3) Нақты қорқытулар – («Дәл қазір бар қане.....» , «Егер сен мектепке бармасаң, мен сені...»)

4) Ата-аналар тарапынан дөрекелік («Бақылау, бақылау және бақылау» принципін ұстанушы ата-аналар)

5) Ата-ананың баладан алшақтауы, отбасы бытыраңқылығы  - (жалғыздық қорқынышы)

6) Травмалық және стресстік ситуациялар – (ажырасу, жер сілкіну  су тасқыны)

7) Ата-ананың эмоционалдық бақылауының жетіспеуі немесе шамадан тыс қатаңдық.

Көп жағдайда психолог мамандар әрбір «жас дағдарысына» көңіл бөлуі қажет. Қауіпті «дағдарыс» кезеңі - 7 жас кезеңі. Мектепке дейінгілерде - жалғыздық, өлім, күш көрсету болса, мектеп жасындағылар өзгеше, яғни әлеуметтік - мектепке кешігу, ата-анасының өлімі секілді қорқыныш түрлерін бастарынан кешіреді екен.

12 жаста қорқыныш көлемі қысқаруы керек. Қалыпты дамыған бала 16-18 жас кезеңінде мұндай қорқыныш түрлерін сезінбеуі тиіс. Болған жағдайда тұлғаның психологиялық сауатсыздығы немесе депрессияға бейімділігі көрінеді. Фобияның үлкен көлемді қамтуы неврездың алғышарты болуы әбден ықтимал.

**Бастауыш сынып оқушыларындағы қорқыныш сезімдерін диагностикалау мақсатында** «Бастауыш сынып оқушыларына арналған мектептік мазасыздық деңгейін анықтау тесті» өткізілді. Тестке №1 ЖОББМ-нің 4 сыныптан 23 оқушы қатысты. Оның 13 қыз , 10-ы ұл бала қатысты.

**Мақсаты:** жалпы мектептегі мазасыздығын; әлеуметтік қобалжуды басынан өткізуін, жетістіккежету жолындағы қажеттіліктерді өтеудегі кедергілерін, өзін өзі көрсетудегі қорқыныш сезімдерін; білім тексеру барысында пайда болатын сенімсіздіктерін; «қоршаған орта талабына сай болмай қаламын-ау» деген қорқыныш, үрейлерін; физиологиялық стресске қарсы күресінің төмендігін; мұғаліммен қарым-қатынас жасау кезіндегі пайда болған қорқыныш сезімі мен келесі мәселелерін анықтау.

**Барысы:** Балалардың бойындағы мазасыздық деңгейін анықтау мақсатында 35 сұрақ берілген. Берілген әрбір тұжырымдамаға «ия» жауабын немесе «+» белгісін, «жоқ» жауабын немесе «-»белгісін қояды.

**Қорытынды:**

| | 1<br>-5 | 6<br>-10 | 1<br>1-15 | 1<br>6-20 | 2<br>1-25 | 2<br>6-30 | 3<br>1-35 |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Ұ<br>Л | 5 | 1 | 2 | 1 | 1 | - | - |
| Қ<br>ЫЗ | 6 | 3 | 2 | 2 | 1 | 1 | - |

Әрбір сәйкес келген жауапқа 1 балл беріледі. Әрбір факторлардың мінездемесі:

**1-5 балл**. Жалпы мазасыздық - баланың мектеп өміріндегі жалпы көңіл-күйіне байланысты әртүрлі формаларының деңгейі.

**6-10 балл**. Әлеуметтік қобалжуды басынан кешіру - баланың көңіл-күйіне байланысты әлеуметтік қарым-қатынастардың даму деңгейі.

**11-15 балл**. Жетістікке жету жолындағы қажеттіліктерді өтеудегі кедергілер - жоғарғы көрсеткіштерді көрсетудегі, жетістікке жету жолындағы психикалық қолайсыз жағдайлар мен кедергілер.

**16-20 балл**. Өзін-өзі көрсетудегі қорқыныш - өзін-өзі, өзінің мүмкіндіктерін көрсету мақсатындағы әртүрлі жағдайлардағы негативті эмоциялық уайымдаулар.

**21-25 балл.** Білімін тексеру барысында пайда болатын қорқыныш -баланың білім деңгейін, мүмкіндіктерін жетістіктерін тексеру барысындапайдаболатын жағымсыз жағдайлары. Әсіресе, сынып алдында сынаққа түсудегі қорқыныш деңгейлері.

**26-30 балл**. «Қоршаған ортаның талабына сай болмай қаламын-ау» деген қорқыныш сезімі - қоршаған ортадағы адамдардың беретін бағасының маңыздылығын жойып алмау.

**30-35 балл.** Физиологиялық стресске қарсы күресінің төмендігі - психофизиологиялық ерекшеліктерді ұйымдастыра алмауы, түрлі қобалжудағы мүмкіндіктері мен қабілеттерін төмендетіп алуы, стрессогендік мінездемелерге, ортаның сыни көзқарасына төтеп бере алмауы.

Сонымен қатар проективті әдістерден «Әлемде жоқ жануар» әдістемесі таңдалып алынды. Әдістеме нәтижесі балалар бойында қорқыныш сезімі бар екенін көрсетеді. Мысалы:

Жұмабек Дінмұханбет суретінде - көз қарашығының айқын көрінуі, үрей күштілігін; ашылған ауыз - қорқыныштың тез пайда болатынын, қауіптенуді; қанаттар - сенімсіздікті білдіреді.

Каримова Ерзаданың суретінде - көз қарашығының айқындығы, суреттің жанға бағытталғаны, қою, басылып салынғаны қорқыныш сезімін анық көрсетеді.

Фобияға 2 негізгі әсер ету түрі көрсетілген:

1) Терапиялық (медициналық көмек әсері)

2) Психологиялық (психологиялық әсер ету) - медитация,жақсы нәрселер туралы ойлау, бетпе-бет кездесу, кітап немесе әуендету арқылы босаңсу, өзінің дем алысын реттеу, қиялдау, психотерапия.

Балалардың фобиялық күйін төмендетуге ба,ытталған психологиялық әсер ету түрлері:

1. Фобияны бейнелеу.
2. Өз фобиясы тақырыбында шығарма жазу.
3. Кішкене көлемді көрініс, ойынды пайдалану.
4. Қорқынышты фильмдерді қолдану.
5. Фобиямен «Ашық күрес».
6. Қиялдау.

Алайда, ата-анасынсыз жүргізілген терапиялық жұмыс жақсы нәтижеге жеткізбейді. Себебі, барлық балалар фобиясының 90%бастауы - отбасы.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Дж.Нордонэ «Психотерапия» - Москва,2008-342б.

2. Дж.Нордонэ «Страх, паника, фобия» - Москва, 2008-348[1].
3. И.А.Байкова «Клиника и современная терапия тревожных растройств» - Минск, 2009-34б.
4. И.А.Хрущ «Тревожное фобическое расстройство детского растройство возраста» - Минск,2004-18б.
5. В.Л.Вореьв «Комплекснаятерапия фобических расстройств у детей» - Минск,1999.
6. Ю.В.Щербатых, Е.И.Ивлева « Психофизиологические аспекты страха,т тревоги и фобий» - Москва,1998.
7. Бастауыш мектеп журналы,№1,2006ж
8. Мұқанов М.М. Жас және педагогикалық психологи.- Алматы: Изд-во КазПИ, 1982 – 247б.

37.026. (075)

## БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН ДАМЫТУДЫҢ ЖОЛДАРЫ

Махуова Г.
БҚИГУ «Психология»
мамандығының ІІІ- курс студенті
Баймуханова Б.Қ.
БҚИГУ аға оқытушысы

Ел президенті Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына арналған Жолдауында “Біздің болашақтағы жоғары технологиялық және ғылыми қамтымды өндірістері үшін кадрлар қорын жасақтауымыз қажет” деген сөздері бар. Демек, оқушылардың ғылыми зерттеу жұмыстарына қызығуын қалыптастыру, шығармашылық қабілетін дамыту, қазіргі техниканы тиімді пайдалану мәдениетіне тәрбиелеу – мектептің басты бағыттарының бірі.

“Баланың шығармашылық қабілетін ашу, оны алға қарай дамыту үшін ең бастысы жағдайлар жасау қажет”. Оқушының

дарындылығының дамуы, қабілетінің ашылуы көбінесе мұғалімнің кәсіби біліктілігне, және оның тұлғалық қасиетіне байланысты екені айдан анық.

Оқушымен жұмыстың негізгі мақсаты - олардың шығармашылық жұмыста өзінің қабілетін іске асыруға дайындығын қалыптастыру. Ал мақсатқа жету оқу бағдарламасын тереңдетіп оқыту және оқушының танымдық белсенділігін дамыту арқылы жүзеге асады.

Шығармашылық — бұл адамның өмір шындығында өзін-өзі тануына ұмтылуы, ізденуі. өмірде дұрыс жол табу үшін адам дұрыс ой түйіп, өздігінен сапалы, дәлелді шешімдер қабылдай білуге үйренуі қажет. Адам бойындағы қабілеттерін дамытып, олардың өшуіне жол бермеу, оның рухани күшін нығайтып, өмірден өз орнын табуға көмектеседі. өйткені адам туынды ғана емес жаратушы да.

Баланы бастауыш сыныптардан бастап шығармашылық ойлауға, қалыптан тыс шешімдер қабылдай алуға, практикалық әрекеттерге дайын болуға әкелудің жолдарын көрсету керек. Шығармашылық — бүкіл тіршіліктің көзі. Адам баласының сөйлей бастаған кезінен бастап, бүгінгі күнге дейін жеткен жетістіктері шығармашылықтың нәтижесі. Бұған бүкілхалықтық, жалпы және жеке адамның шығармашылығы арқылы келдік. әр жаңа ұрпақ өзіне дейінгі ұрпақтың қол жеткен жетістіктерін меңгеріп қана қоймай, өз іс-әрекетінде сол жетістіктерді жаңа жағдайға бейімдей, жетілдіре отырып, барлық салада таңғажайып табыстарға қол жеткізеді.

Ал бүгінгі күрделі әлеуметтік-экономикалық жаңарулар тұсында шығармашылық қабілеттер басты нысана болып, керісінше, оқушыда шығармашылық қабілеттің болмауы үлкен проблема саналып, ойландыруы тиісті деп ойлаймыз. Себебі өмірдегі сан алуан қиыншылықтарды шешу тек шығармашыл адамдар ғана қолынан келеді. Тек шығармашылық ғана қандай түрде, қандай деңгейде болмасын адамға өмірдің мәнін түсінуге, бағытын сезінуге мүмкіндік әпереді. Мұндай күрделі мәселені шешуде үздіксіз білім беру ісінің алғашқы сатылары болып саналатын бастауыш мектептің орны ерекше.

Баланың шығармашылық қабілеттерін дамытудың жолдарын, құралдарын анықтау психология мен педагогика ғылымдарында өте ертеден зерттеліп келеді. Шығармашылық әлемдік мәдениеттің барлық дәуіріндегі ойшылдардың назарында болғандығын «шығармашылық теориясын» жасауға деген көптеген ізденістердің болғандығынан байқауға болады. Бұл әрекеттер өзінің логикалық шегіне жеткен деп айтуға болмайды. Сондықтан шығармашылық педагогикасынық негізгі мақсаты — бүгінгі күн талаптарынан туындаған, озық қоғамға лайықты жаңа сана, рухани сапа қалыптастыру және дамытуда тың жолдар мен соны шешімдер іздестіру болып табылады.

Баланың шығармашылық қабілетін дамыту мәселесін талдау ең алдымен «қабілет» ұғымының мәнін терең түсініп алуды қажет етеді. Философияда «қабілеттерді» тұлғаның белгілі бір әрекеті орындауға жағдай жасайтын жеке еркешеліктері дей келе, олар қоғамдық —тарихи іс-әрекеттердің нәтижесінде қалыптасып, әрі қарай дамып отыратындығын атап көрсеткен.

Демек, бастауыш сынып оқушыларының тұлғалылығын тәрбиелеу үшін, ең алдымен олардың қабілеттерін дамытудың мәні зор.

Қабілеттердің бірдей емес екендігін сыныпта отырған оқушылардың әрқайсысының әр пәнге және әр деңгейде қабілетті болатындығымен дәлелдеуге болады. Бірі есепке жүйрік болса, екіншісі тілге бай, ал енді біреулері сурет салғанды тәуір көреді. Олардың қабілеттерінің құрлымы да, оны құрайтын компоненттер де әр түрлі болады. Мәселен: математикалық қабілеті басым балаларда ойлау операциялары тез, дәл болады да, бейнелеу өнеріне қабілетті балаларда нақты заттардың бөліктерінің арақатынасын жылдам анықтай білу сияқты белгілер басым болады. Музыкаға қабілетті бала есту, ритмді түсіну, сезімталдық сияқты сапаларымен ерекшеленеді.

Психологтар қабілеттердің екі түрлі деңгейінің болатындығын дәлелдейді.

Репродуктивті — іс-әрекетті, білімді берілген үлгі бойынша қабылдай алу деңгейі.

Шығармашылық — жаңалық ойлап табуға бағытталған қабілеттер деңгейі.

«Шығармашылық» сөзінің төркіні этимологиясы «шығару», «ойлап табу» дегенге келіп саяды. Демек жаңа нәрсе ойлап табу, сол арқылы жетістікке қол жеткізу деп түсіну керек. Философиялық сөздікте «шығармашылық қайталанбайтын тарихи-қоғамдық мәні бар, жоғары сападағы жаңалың ашатын іс-әрекет», — деп түсіндіріледі. Ал көрнекті психолог Л.С. Выготский «шығармашылық деп жаңалық ашатын әрекетті атаған».

Шығармашылық — өте күрделі психологиялық процесс. Ол іс-әрекеттің түрі болғандықтан тек адамға ғана тән. Ұзақ жылдар бойы шығармашылық барлық адамның қолынан келе бермейді деп қарастырылып келсе, қазіргі ғылым жетістіктері қабілеттің мұндай дәрежесіне белгілі бір шарттар орындалған жағдайда кез келген баланы көтеруге болатындығы жайлы көп айтуда.

Бастауыш сынып оқушыларының қабілеттері екі түрлі әрекетте дамиды. Біріншіден, кез келген бала оқу әрекетінде адамзат баласының осы кезге дейінгі жинақталған тәжірибесін меңгерсе екіншіден, кез келген оқушы шығармашылық әрекеттер орындау арқылы өзінің ішкі мүмкіндіктерін дамытады. Оқу әрекетінен шығармашылық әрекеттің айырмашылығы — ол баланың өзін-өзі қалыптастыруына өз идеясын жүзеге асыруына бағытталған жаңа әдіс-тәсілдерді іздейді. Проблеманы өзінше, жаңаша шешуге талпыныс жасайды. Біздің ойымызша, бүгінгі бастауыш сынып оқушыларының кез келгені шығармашылық тапсырмалар шешуді табыспен меңгере алады. Тек ол жұмысқа дұрыс басшылық, шебер ұйымдастырушылық қажет.

Осыған орай, жүргізілген тәжірибе барысында, барлық пәндердегі білім мазмұнында оқушының шығармашылық қабілеттерінің дамуы басты нысана болып алынуымен байланысты, оқулықтарда берілген тапсырмалардан басқа өздігінен бақылау жүргізу, қарапайым тәжірибе, эксперимент қою, мәтінмен, сызбамен, суретпен, диаграммамен жұмыс істеу, жекеден жалпыны шығару, жалпыны жекелей қолдану т.б.

сияқты оқушыны іскерлікке, дербестіккебаулитын, ойына түрткі болып, шығармашылыққа жетелейтін, өздігінен ізденіске салатын, айналадағы дүниемен қарым-қатынысқа түсіретін, «жаңалық шып», оның нәтижесінің «қызығына» бөлейтін әдіс-тәсілдер мен мазұндық ойындар, қызықты тапсырмалар тұрақты жүргізіліп отырылуы біз көтеріп отырған мәселені нәтижелі ететіні нақтыланды.

Қазіргі таңда шығармашылық тапсырмалар әр сабақта өтілетіндей ұйымдастыру қажет. Ал дәстүрлі сабақ пен шығармашылық сабақтың айырмашылы

**Дәстүрлі сабақ. Сабақ мақсаты:** мұғалім үшін: жаңа материалды беру; оқушы үшін: жаңа білімді меңгеру. **Сабақтағы іс-әрекет түрі:** мұғалім үшін: жаңа сабақты түсіндіру; оқушы үшін: жаңа материалды тыңдау, есте сақтау. **Сабақ құрылымы:** жоспар бойынша өтілуге міндетті, кітапта баяндалған идеяға негізделген бір көзқарас.

**Шығармашылық сабақ. Сабақ мақсаты:** мұғалім үшін: оқушылардың жаңа нәтижеге бағытталған іс-әрекетін ұйымдастыру; оқушы үшін: шығармашылық «өнім» ойлап табу. **Сабақтағы іс-әрекет түрі:** мұғалім үшін: оқушының шығармашылық іс-әрекетін ұйымдастыру; оқушы үшін: жаңа нысанды зерттеу, құбылысты талдау. **Сабақ құрылымы:** жағдайға байланысты жоспардан ауытқиды, өзгермелі, мәселеге мамандар-дың түрлі көзқарасы.

Қазіргі замандағы ұстаздар қауымының алдындағы үлкен мақсат: өмірдің барлық саласындағы белсенді, шығармашылық іс — әрекетіне қабілетті, еркін және жан — жақты жетілген тұлға тәрбиелеу. өмірдегі сан алуан қиындықты шеше білу тек шығармашыл адамның қолынан келеді. Шығармашыл адамның бойында батылдық, еркіндік, ұшқырлық, сезімталдық сияқты қасиеттер мен қатар ерекше ой қызметі, қайшылықтарды түсіну, заңдылықтарды анықтау, шығармашылыққа деген құштарлық болу керек.

Оқушының шығармашылық қабілетін дамыту үшін бірнеше шарт орындалу тиіс:

1.Шығармашылық қабілетін дамытуды ерте бастан қолға алу;

2.Жүйелі түрде шығармашылық әрекет жағдайында болуы;
3.Ойлау мүмкіндігінің ең жоғарғы деңгейіне жету;
4.Оқушының шығармашылық іс — әрекетіне жағдай туғызу; ал оқушының шығармашылық іс — әрекетіне жағдай туғызу дегеніміз — оқушыны ойлай білуге үйрету екені сөзсіз.

Қолданылған әдебиеттер


1.Бабаева Ю.Д. Динамическая теория одаренности. Основные современные концепции творчества и одаренности. М., 1997г.
2.Гузеев В.В.Педагогическая техника в контесте образовательной технологий. М., 1998 ж.
3. Репкина Н.В. Что такое развивающее обучение «Пеленг», 1993
4. Руденко Н.В.Интерактивные методы обучения в современной высшей школе. М., 2006 ж.
5. Тұрғынбаева Б.А. Шығармашылық қабілеттер және дамыта оқыту. Алматы, 1999 ж.
6. Чернилевский Д.В.Дидактические технологии в высшей школе. М., 2003ж.
7. Хмель Н.Д. Теоретические основы профессиональной подготовки учителя. Алматы., “Ғылым”. 1988г.

# МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ТІЛІН ДАМЫТУДЫҢ ДАМЫТА ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫМЕН БАЙЛАНЫСТЫРА ЖҮРГІЗУДІҢ АЛҒЫШАРТТАРЫ

Тукешова А.М.
БҚИГУ «Мектепке
дейінгі оқыту мен тәрбиелеу»
мамандығы 4 - курс студенті
Ғылыми жетекші: Кинжекова Р.С.- п.ғ.к. БҚИГУ
доценті

Балалардың тілін дамыту, байланыстырып сөйлеуге үйрету мектепке дейінгі білім беру жүйесі - балабақшалардан басталады. Балабақашағы оқыту – тәрбиелеу жұмысында балалардың тілін дамыту, сөздік қорларын молайту, ауызша сөйлеуге үйрете отырып, үйренген сөздерін күнделікті өмірде еркін қолдану, одан әрі күнделікті іс - әрекет кезіндегі тілдік қарым - қатынаста қолдана білуге жаттықтыру ісіне ерекше мән берілген. Сол себепті бала тілінің шығуы бірнеше сатылардан тұрады:

- Алғашқы саты – сөйлеуге дейінгі кезең. Бұл кезең баланың екі айлығынан он бір айға дейінгі сатысы деп аталады.
- Екінші саты – баланың алғашқы тілінің шығу кезеңі – он бір айдан 1 жыл 7 айға дейінгі аралық.
- Үшінші сатыда бала тілдің грамматикасын меңгере бастайды. Бұл кезең үш жасқа дейінгі уақытты қамтиды.

Бала тілінің шығуы оның дүниетаным шеңберін кеңейтіп, сөйлеу тілін дамытады. Бала тілін дамыту ойын технологиясы арқылы жүзеге асатындығы баршаға аян. Бірақ жаңа заман ағымына орай жаңа технологияларды ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттерінде пайдалану жақсы нәтиже беретіндігіне ешкім күмән келтірмейді. Сол жаңа технологиялардың бірі – дамыта оқыту технологиясы.

Дамыта оқыту технологиясының басты мақсаты - баланы оқыта отырып, жалпы дамыту, оның еркіндігін қалыптастыру, өз бетінше ізденуге шешім қабылдауға дағдыландыру, жекелік

қасиеттерін ескеру, басшылыққа алу, әрі қарай ұшқырлау, тұлғалыққа бағыттау.

Дамыта оқыту технологиясын мектепке дейінгі ұйымдарда, тіл дамыту әдістемесінде пайдалану, балалардың тілін дамыту, сөздік қорларын молайтуда тиімді нәтиже береді. Тіл дамыту әдістемесінде дамыта оқыту технологиясын қолдануда төмендегі міндеттер қойылады.

- балалардың оку дағыдысын жетілдіру және қалыптастыру;
- көркем шығармаларды окуға деген қызығушылығын ояту;
- ауызша сөйлеуін және байланыстырып сөйлеуін (оның ойын еркін жеткізу, сауатын ашу) дамыту;
- өзіндік ой-пікірін айта білуге баулу;
- ертегідегі көркем бейненің ерекшеліктерін аша білуге бағыттау;
- балалардың бойында ізгілік пен имандылық, адалдық пен мейірімділік сияқты адамгершілік қасиеттерді дарыту;

Дамыта оқыту идеясының ұзақ тарихы бар. Ерте кезден бастап-ақ, ойшылдар білім мен ақыл-ой тәрбиесінің ара қатынасын, олардың бала дамуына әсерін зерттей бастаған. Бізге белгілі алғашқы дидактиктердің бірі Квинтилиан мектепке жасына дейінгі баланың қабілеттеріне, ақылының қасиеттеріне, мінез-құлық ерекшеліктеріне сүйене отырып, оның ойының және тілінің дамуын қамтамасыз етуді алға мақсат етіп қойған. Оқыта отырып дамыту проблемасы Я.А.Коменский еңбектерінен бастау алады. Ол өзінің еңбектерінде баланың табиғи ерекшеліктерімен санасу керек екенін атап өтеді. Ол баланың жас ерекшелік кезеңдеріне сәйкес білім берудің әртүрлі басқыштарын белгілеп берді.

Дамыта оқыту ұлы неміс педагогы А.Дистервергтің әйгілі "Неміс мұғалімдерінің білім беру ісіне басшылық" (Руководство к образованию немецких учителей) атты еңбегінің де негізі болып табылады. "'Дамыта оқыту деп ол баланың білім алуға әрекет етуін ұйымдастыратын оқытуды атаған. "Жаман" мұғалім ақиқатты өзі айтып береді, жақсы мұғалім оқушының өзін ізденуге жетелейді " -деген.

"Дамыта оқыту" деген термині педагогика ғылымының қойнауында туып, баланың дамуының ерекшеліктерін қарастырады. Аталған теориялық негіздер нәтижесінде Л.В.Занковтың басшылығымен 1960-1990 жылдар арасында зерттеулер жүргізіліп, дамыта оқытудың тұжырымдамасы жасалды.

Оқыту мен дамыту арасында тығыз байланыс бар екенін психология ғылымы жеткілікті дәрежеде дәлелдеп берді деп айтуға болады. Бұл мәселені түбегейлі зерттеп, бала дамуындағы оқытудың рөлін, алар орнын анықтаған көрнекті психолог Л.С.Выготский. Ең алғаш рет бала дамуының төмендегідей екі аймағы болатындығы жайлы теория ұсынды.

I.Бала дамуының жақын аймағы - баланың үлкендердің көмегі арқылы атқара алатын істері.

2. Бала дамуының қол жеткен аймағы-баланың үлкендердің көмегінсіз істей алатын істері.

Бұл теория шеңберінде окудың бала дамуындағы жетекші рөлі жөніндегі ереже өмірге келді. "Педагогика бала дамуының кешегі емес, ертеңгі күніне бағытталуы керек. Білім беру тек дамудың алдында болғанда ғана пайдалы болмақ»- дейді Л.С.Выготский.

Ал американдық психолог-ғалым Блюм 7-8 жасқа дейін өсіп келе жатқан баланың жеке қасиеттерінің 70 пайызға дейіні қалыптасып бітеді дейді. Міне, осы кез - баланың білім алатын, білім алу арқылы дамитын кезеңі. С.Л.Рубинштейн, Е.Н.Кабанова- Меллер өз зерттеулерінде оқыту - дамудың негізгі алғы шарты бар екенін дәлелдейді. И.Я.Лернер "даму" деген ұғымды педагогикалық зандылықтарға негіздей отырып, адамның әртүрлі қиындықгардағы мәселелерді шеше білуге дайындығы деп түсіндіреді.

"Дамыта оқыту" деген терминіне психолог-зерттеушілер де түрліше көзқарастарын дамытты. Баланың дамуымен байланысты қарастырған (Ж.Пиаже), ойлаудың әр түрлі деңгейін, типтерін және басқа да психиканың функциясымен байланыстыра зерттеген (Б. Г.Ананьев, А.А.Люблинская, НА. Менчинская) және т.б., іс-әрекет теориясының психологиясын

жасаған (А.Н.Леонтьев, П.Я.Галперин) еңбектерінде де жан-жақты талданды. Осы мәселе төңірегінде еңбектер жазған әртүрлі авторлар баланың дамуының түрлі белгілерін атап көрсетеді. Дамыта оқыту проблемасына арналған екі іргелі эксперимент жасалып, оның бірін Д.Б.Эльконин, В.В.Давыдов, ал екіншісін Л.В.Занков басқарған. Л.В.Занков ақыл-ой қызметінің төмендегідей көрсеткіштері дамуды іске асырады деп есептейді. Олар байқампаздық, өз ойын еркін жеткізе білу, күнделікті өмірде қолдана білуі. В.В.Давыдов ақыл-ой дамуының көрсеткіші ретінде жинақтай қорытындылай алу дағдысын есептейді. Барлық авторлардың даму туралы ойлары оқыту барысында баланың психикасының жаңа сапалық деңгейге көтерілуі дегенге келіп саяды және оның басты шарты ретінде әрекет алынады.

Дамыта оқытуда үйретушінің басты міндеті- оқу материалын балаға дайын күйінде көрсету емес, баламен бірлесіп, жалпы іс-әрекетті ұйымдастыра отырып, алға қойылған міндеттерді түсіндіру, оларды шешудің тәсілдерін, жолдарын іздестіру керек. Аталған технологияны «Қатынас» саласы бойынша ересек топтарда ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінде қолданудың жолдарын ұсынамыз.

І) ***Шығармашылықпен әңгімелеу.***

а) Тәрбиешінің ұсынған «Күз», «Менің досым» тақырыптары бойынша әңгіменің жалғасы мен аяғын ойлап табу іскерліктерін үйрету.

ә)Тәрбиешінің ұсынған тақырыптарын («Қыс қызығы», «Менің сүйікті күшігім», «Қыс келбеті», «Менің атам», «Жарқын жаз» және т.б.) бір-бірімен байланысқан сюжет бойынша суреттеу мен әңгімелер ойлап табуға, сөйлемдеріне бейнелеу сөздерін, салыстырулар қолдануға үйрету.

б) Мәтінді толықтырып айтып беру. Мысалы:

*Сағат шырылдайды (сартылдайды).*
*Ұл бала жүріп келеді...(адымдап келеді).*
*Поезд жүріп барады (кетіп барады).*
*Бұлттар ауып барады (көшіп барады).*
*Кеме жүріп келеді (жүзіп келеді)*

II) ***Ой шақыру стратегиясы***
Балалар 4 топқа бөліп отырғызамын.
1 -топ: "Құлыншақ".
2-топ: "Ботақан".
3-топ: "Торпағым".
4-топ: "Қошақан".

Осы төрт топпен "Ой шақыру" стратегиясын пайдалана отырып, мақал-мәтелдер сайысын ұйымдастыру.

"Қошақан"тобы. 1. Мал өсірсең, кой
өсір,
Өнімі оның көл көсір
2. Мал - бақканга бітеді.

"Ботақан"тобы. 1. Төрт түліктің төресін Түйе дейді
2. Нар жолында жүк қалмас

"Құлыншақ"тобы. 1.Ешкі жи, ешкі жи да есің жи.
2. Ер қанаты-ат, Сөз қанаты- хат.

"Торпағым "тобы. 1. Малды бақсаң, сиыр бақ,
Сүт кетпейді шарадан
2. Сиырды теппейді,
Сүтті төкпейді.

III. ***Венн диаграммасы***

Жылқы Түйе



 

“Венн”диаграммасы арқылы жылқы және түйе малының ортақ қасиетін, айырмашылықтарын тауып, оны плакатқа суреттерін салғызамыз.

Дамыта оқыту балаларды әр түрлі іс-әрекетке тартуды құптайды, оқу іс-әрекетінде дидактикалық ойындар, пікірталастар, ойлау-қиялдау, есте сақгау қабілеттерін, тіл байлығын, логикалық ойлауын, шығармашылық деңгейлерін дамытуға арналған оқыту әдістерін қолдануды ұсынады. Яғни күнделікті оқу іс-әрекетінде балалардың жоғарғы білімдік пен адамгершілік құндылықтарын арттырсақ, жеке тұлға білімдегі шындықты іздеу, салыстыру, дәлелдеу, зерделеу, өз іс-әрекеттерін сараптап, өзіне-өзі баға беруге дағдыланады.

Қорыта келгенде, дамыта оқыту арқылы балалардың, өзіндік танымын жетілдірсек, тек ақылды ғана емес, сонымен қатар өз іс-әрекетін сараптап, жан-жүрегімен сезіне алатын, ұрпақ тәрбиелей аламыз.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Б.Тұрғынбаева. "Дамыта оқыту технологиялары"\\Оқу-әдістемелік құрал.
- Алматы,2000
2. З.Смаилова. "Дамыта оқыту технологиясының жеке тұлғаның дамуына әсері" - Бастауыш мектеп, № 9, 2004ж.
2. Ж.Сардарова. "Бастауыш сыныптың тіл сабақтарында дамыта оқыту ерекшеліктері"- .Бастауыш мектеп, № 9, 2003ж.
3. В.В.Давыдов. "Проблемы развивающего обучения"- Москва, Просвещение , 1986г.
4. И.Я.Лернер. "Процесс обучения и его закономерность"- Москва, 1980г.
5. Қ.Даупаев "Дамыта оқытудың дидактикалық принциптері"- Бастауыш мектеп №7,2003ж.
6. Рахметова, П.Жаманқұлова, Б.Қабатаева. "Ана тілін оқыту әдістемесі"- Алматы, "Атамұра" 1998ж